

ISSN 1563-0223  
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Филология сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК КазНУ

Серия филологическая

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# KazNU BULLETIN

Philology series

---

№6 (164)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016



# ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ № 6 (164)

ISSN 1563-0223  
Индекс 75878; 25878



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

*Журнал жылына 6 рет жарыққа шығады*

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

**Зуева Н.Ю.** – ф. ғ. к. доценті (Қазақстан)

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Абдиманұлы Ө.** – ф. ғ. д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (ғылыми редактор) (Қазақстан)

**Есімова Ж.Д.** – ф. ғ. к. доценті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (ғылыми редактордың орынбасары) (Қазақстан)

**Алкебаева Д.А.** – ф. ғ. д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (редактор) (Қазақстан)

**Алтынбекова О.Б.** – ф. ғ. д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (редактор) (Қазақстан)

**Таева Р.М.** – ф. ғ. к. доценті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (редактор) (Қазақстан)

**Дадебаев Ж.Д.** – ф. ғ. д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

**Джолдасбекова Б.У.** – ф. ғ. д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҰҒА-ның корреспондент мүшесі (Қазақстан)

**Гусман-Тирадо Рафаэль** – ф. ғ. д. профессоры, Гранада университеті (Гранада қ., Испания)

**Жаң Жин Жин** – ф. ғ. д. профессоры, Пекин ұлттық орталық университеті (Пекин қ., Қытай)

**Кибальник С.А.** – ф. ғ. д. профессоры, Орыс әдебиеті институты (Санкт-Петербург қ., Ресей)

**Ковтун А.И.** – ф. ғ. д. профессоры, Университет Витаутаса Великого (Каунас қ., Литва)

**Курдюмов В.А.** – ф. ғ. д. профессоры, Шет тілдер институты (Мәскеу қ., Ресей)

**Мадиева Г.Б.** – ф. ғ. д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

**Сойлемез Орхан** – ф. ғ. д. профессоры, Ардахан университеті (Стамбул қ., Түркия)

**Сүлейменова Э.Д.** – ф. ғ. д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

**Хаяти Дивили** – ф. ғ. д. профессоры, Юнус Эмре институты (Анкара қ., Түркия)

**Янковский Х.** – ф. ғ. д. профессоры, Адам Мицкевич атындағы университеті (Познан қ., Польша)



**ҚАЗАҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**  
Б А С П А Ү Й І

## Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

*Гульмира Шаккозова*

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

## Компьютерде беттеген

*Айгүл Алдашева*

## Жазылу мен таратуды үйлестіруші

*Мөлдір Өміртайқызы*

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyz@kaznu.kz

## ИБ № 10386

Басуға 15.12.2016 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Көлемі 10,1 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 230. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

1-бөлім  
**ӘДЕБИЕТТАНУ**

---

Раздел 1  
**ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ**

---

Section 1  
**LITERARY CRITICISM**

Әбдиманұлы Ө.  
**Ата жұрт – «Мәңгілік Ел»  
идеясының берік тұғыры**

Мақалада қазақ әдебиетінің тарихының ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басындағы зар заман ақындары деп аталатын әдеби ағымның көрнекті өкілі Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығындағы ұлттық идея мен Мәңгілік Ел ұғымының көркемдік көрініс табуы қарастырылған. Мұнда дәстүр сабақтастығы, ұлттық идеяны жырлаудың «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштасу жолдары терең пайымдалады. Ұлттық идея мен «Мәңгілік Ел» идеясын ортақтастыратын басты желі де назардан тыс қалмаған. Мұрат ақынның өлең-толғаулары, «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қарасай Қазы» толғау поэмалары, айтыстары сынды шығармашылық болмысындағы ата мекенге деген сүйіспеншілік танымдардың болмысы ашылып, мәңгілік елдік арманға айналған елдің азаттыққа ұмтылған рух болмысының көркем бейнеленуінің мәні ашылады. Мұрат Мөңкеұлы поэзиясындағы ұлттық идеяны жырлау үрдісі оның өзіндік ерекшелігі сарапталып, зар заман ақындарымен салыстырмалы түрде талданады. Асанқайғы, Қазтуған, Доспанбет, Ақтанберді жыраулар шығармашылығындағы күрескерлік рухты жырлау дәстүрін жалғастырған Мұрат ақын жырларындағы ұлттық идеяның көрінісі оның мәңгілік ел идеясымен астасу үдерісі мақалада толыққанды сарапталған.

**Түйін сөздер:** әдеби ағым, зар заман ақындары, ұлттық идея, Мәңгілік Ел, әдеби дәстүр, әдеби жанр, ақындық өнер, ұлттық ұстаным, әдеби таным, тарихи талғам.

Abdimanuly O.  
**Homeland – firm pedestal of the  
idea of «Mangilik El»**

The article studies the artistic reflection of the national idea and the concept «Mangilik El» in works of the outstanding representative of the literary trend Zar Zaman – Murat Monkeuly (the end of XIX century – beginning of the XX century) in the history of the Kazakh literature. It deeply investigates the traditions, glorification of the national idea and ways of involvement in the idea of the «Mangilik El». The main attention is paid to generalizing characteristics of National idea and the idea «Mangilik El». In article there has been revealed notions of love for Homeland, meaning of artistic representation of the spirit of freedom, which were eternal dream of the nation in such poems-tolgaus of the poet Murat Monkeuly as «Ush Kiyan», «Saryarka», «Karasai Kazy» where there is an artistic description of life. The article compares the process of the chanting the national idea and its identity in the poetry of Zar Zaman poets and Murat Monkeuly. There it is given the full analysis of presence and fusion of national ideas with the idea of the «Mangilik El» in Murat's poems, which continues the tradition of glorification of the fighter's spirit in works of zhyraus (narrators) as Asankaigy, Kaztugan, Dospambet and Aktamberdy.

**Key words:** literary trends, poets of Zar Zaman (time of trouble), the national idea, «Mangilik El» (Eternal Nation), literary tradition, literary genre, poetic art, national position, literary knowledge, historical choice.

Әбдиманұлы О.  
**Отчизна – прочный пьедестал  
идеи «Мәңгілік Ел»**

В статье исследуется художественное отражение общей национальной идеи и идеи «Мәңгілік Ел» в творчестве выдающегося представителя литературного течения Зар Заман Мурата Монкеулы (конец ХІХ в. – начало ХХ в.) в истории казахской литературы. Глубоко исследованы преемственность традиций, воспевание национальной идеи и пути соприкосновения с идеей «Мәңгілік Ел». Уделено внимание обобщающим чертам Национальной идеи и идеи «Мәңгілік Ел». Раскрыты понятия познания любви к отчизне, значение художественного изображения духа свободы, ставшие вечной народной мечтой в таких стихах-толғау и поэмах, как «Үш қиян», «Сарыарқа», «Карасайский Казы» поэта Мурата Монкеулы, где имеет место художественное отображение бытия. Проведено сравнение процесса воспевания национальной идеи, его самобытности в поэзии акынов Зар Замана и Мурата Монкеулы. Дается полноценный анализ проявления и слияния общей национальной идеи с идеей «Мәңгілік Ел» в поэмах акына Мурата, продолжившего национальную традицию воспевания духа борца в жырау Асанқайғы, Казтуғана, Доспанбета, Ақтанберди.

**Ключевые слова:** литературное течение, поэты эпохи Зар Заман (времена бедствий), национальная идея, «Мәңгілік Ел», литературная традиция, литературный жанр, поэтическое искусство, национальная позиция, литературное познание, исторический выбор.

**АТА ЖҰРТ –  
«МӘҢГІЛІК ЕЛ»  
ИДЕЯСЫНЫҢ БЕРІК  
ТҰҒЫРЫ**

Қазақ әдебиеті тарихындағы зар заман ағымының айтулы өкілдері ретінде Дулат, Шортанбай, Мұрат сынды үш ақынды үнемі бірлікте ауызға аламыз. Алайда, бұлардың ағымы ортақ болғанмен, ағыны бөлек, әрқайсысының өзіне тән ой айту, сөз саптау мәнері мен машығы бар. Айтарына арқау етер тақырып реңкінде де өзгешелік байқалады. Сондықтанда оларды жеке-жеке қарастырып, өзіндік ерекшеліктерін айқындаудан ұтарымыз мол.

М. Әуезов зар заман ағымына кімдер кіреді деген сұрақ қойып, оған «Бізше бұл ағымға XIX ғасырда болған ақындардың бәрі кіреді. Бұл ғасырда қазақ ақындары екі алуан болған. Біреуі: есі кірген ойлы ақындар, нағыз зар заманның өз ақындары, екіншісі елдің қызық-сауығын саят қылған айтыс ақындары» [1, 207-208] – деп, жауап береді. Ал енді «ес кірген ойлы ақынның» ірісінің бірі бізше – Мұрат Мөңкеұлы.

Мұраттың алғашқы зерттеушілерінің бірі Халел Досмұхаметұлы. Алаш арысы, атақты ғалым ақын туралы мәлімет бері келе «Мұраттың заманы – бостандық үшін шегескен ердің бәрі жер тіреген заман» [2, 94] – деп өмір сүрген заман сипатын нақты айғақтайды. Дулат пен Шортанбай Арқада жүріп, орыстың өңмендеген отаршыл пиғылынан шошып, ел оятуға кам етсе, Мұрат екінші қиырдан – батыстан «алқалаған» топқа түсіп, сор замандағы орыс озбырлығын ортаға салады. Дулат орыс отаршылдығына тән сипатты түгел танып, түп тамырын қазса, Шортанбай дін жарығын шырақ етіп, қам көңілге сәуле еткісі келеді. Ал Мұрат ел-жұртының алтын бесігі туған жерден айырылған зар-күйіктің запыранын сыртқа шығарып, «Мәңгілік Елдікті» аңсаған отаншылдық рухты алға ұстайды. Мұрат ақында Дулаттағы ел мінін табу, Шортанбайдағы дінді алға ұстану жоққа тән. Ол өлеңінің өзегіне арқау еткен тақырып айшығы – туған жер. Ал, туған жер – «Мәңгілік Елдіктің» алтын қазығы. Мұраттың мұны мен зары туған жерді қасық қаны қалғанша қорғап өткен ата-баба айбынын жоқтау, жоқтау арқылы кек қайрау. Осы тұста Мұрат шығармашылығын толыққанды зерттеген Б. Омаровтың мына бір пікірі ойға қонымды, жүрекке дөп келеді. Ол: «Зар заман ақындарының әрқайсысының қоғамдағы өзгерістерді пайымдауы әр басқа. Сондай-ақ Мұраттың да қалыптасқан өзіндік көзқарасы, жеке

пікірі бар» [3, 103] – деген тұжырым жасайды. Біздіңше ақын пікірі көбіне туған жерге деген жанашырлық жайдан келіп қорытылады.

Мұрат ақын тұсында қазақ жері мәселесінің ушығып-ақ тұрған кезі-тін. Орыс отаршылары қазақ жеріне сұғына еніп, ішкі жақтың көбіне бекініс салып, қазақ жерін түгел жаулап алған тұс еді. Ресей қазақ жерін мемлекеттік меншік ретінде қарай бастады. Бұрынғы уставтар, ережелер түрлі заң актілерінде қазақ жерінің мемлекеттік меншіктігі туралы сөз қозғамаса, 1868 жылғы 21 октябрьде шыққан «Басқару туралы уақытша Ережеден» бастап қазақ жерлері мемлекеттік деп таныла бастады. Және ол 1968 жылы нақты ашық айтылған [4, 424].

Ресейдегі XIX ғасырдың 60-жылдарындағы шаруалар басыбайлылығы жойылғаннан кейін тыс аймақтардағы жерлерді олардың өз бетінше басып алулары белең ала бастады. Алғашқы өз бетінше көшіп келіп, жер алушылар Ақмола облысының Көкшетау уезіндегі Саумалкөл көлінің маңайынан жер алған Тобыл, Пермнің шаруалары болды [4, 446]. Сонымен бірге осы кезде қазақ жеріндегі Ресей әскери күштерінің іс-әрекеттері күшейе түсті. Тіпті Ресейдің өзге отар жеріне қарағанда, дала өлкесін басқару жүйесі тікелей соғыс министрлігінің иелігіне берілді [4, 438]. Қазақстанның батысын «бақылау» – қадағалау үшін құрылған Орынбор әскери округі 1865 жылдан өз жұмысын екпіндете бастап, Торғай, Ырғыз, Ойыл, Ақтөбе бекіністерін тырп еткізбей ұстаса, 1880 жыл ол жойылып, Торғай, Орал облыстары Қазан әскери округына беріліп, ол 1917 жылға дейін сол қалпын сақтады. Мұның бәрі Мұрат ақын тұсында қазақ даласының қандай қыспаққа түскендігін нақты айғақтайды.

Осы бір ұлт тағдырының кермеге ілінген қиын кезеңінде бір-бірінен айырылмастай бірлікке айналған екі мәселе тоғысып жатты. Ол ел тағдыры мен жер тағдыры еді. Ен жайлаған жерінің етегі тарыла бастаған қазақ енді елдігінен айрылудың аз-ақ алдында тұр еді. Мұрат ақынды да замандастарының санасын ел мен жердің қасиетін қастерлеуге үгіттеуге ұмтылдырған да сонау тығырыққа тірелген жайдың қасіреті еді. Өйткені қазақ мүдесі ең әуелі жермен тығыз байланысты. Сонау Асан қайғы абыздан бергі уақыттан айтар ойдың өзегіне айналған жер, Мұрат заманында жан күңіренісі мен жүрек шеріне айналды. «Мәңгілік Елдік» көлден бұл-бұл ұшқандай күй кештік.

Асан атадай Мәңгілік Елдің мекеніне айналар жерұйықты іздей жөнелер заман әдірә қалғалы қашан. Енді тек зар мен шердің уы-

тын жүрекке жайып, сілкінер сәттің толғағына қол жеткізу ғана қалған-ды. Күңіреніс қозғалысқа ұласса, мәңгілік елдікті аңсаған ақын арманының орындалғаны. Міне жердің Мұрат шығармашылығы мен ақындық ұстанымының «Мәңгілік Ел» идеясының тұғырнамасына айналуының сыры осында жатыр.

Бізге жеткен Мұрат ақын мұрасының дені айтыс өлеңдері. Осынау айтыс өлеңдерінің өзінен-ақ Мұраттың ел қамын жеп, жұрт жайын ойлаған ақын екендігін аңғару аса қиын емес. Мәселен ол Тыныштықпен айтысында:

Құрттың-ау білмей айтып амалымды-ай,  
Халқымнаң шүкір етем аманын-ай.  
Халық болып өз еркімен көшетұғын  
Қазақ-ау күнің бар ма баяғыдай? [5, 49],

деген сияқты еркіндікті аңсаған өзекті ойын айтыс шумақтарына кіріктіріп жіберіп отырады. Айтыс өлеңдері арқылы ол шынай ақындық өнер мектебінен дәріс алған. Сөйтіп кейінгі кең алқымды, кемел ағынды толғауларға барар баспалдақтар дайындығынан өткен. Ғалым Ы. Дүйсенбаев Мұрат ақынның кеңестік кезеңде жөнді ауызға ілінбей жүруінің екі түрлі себебі бар деп жобалайды. «Оның біреуі: патша үкіметінің қазақ даласындағы отарлау саясатын күшейе түсуіне байланысты Мұрат ақынның кейбір шығармаларында орыс атаулыға қарсы сарынның белгілі орын алуы. Екіншісі: ақынның кесек шығармаларының дені Едігенің ұрпақтарына арналуы» [6, 66].

Басты себеп, осының біріншісі екендігіне ешкімнің таласы болмаса керекті. Елін, жерін сүйген ақынның жерін тоздырған, елін аздырған орыс деген де қаны қарайып қалатыны белгілі жайт. Ол тегіннен – тегін емес, шындықты нәрсе.

Жоғарыда біз айтқан жер мәселесінің Мұрат шығармашылығының басты арқауы екендігін кезінде М. Әуезовте жіті аңғарып, алғашқы боп ой айтқан. «Мұрат зар заман ақындарының ішінде патша саясатының бір тарауына көп көңіл бөлген ақын. Ол тарауы қазақтың жері алынуы болатын. Сондықтан бұл ақын көп жырында қоныс пен өрістің жоқшысы болады» [1, 215], – дейді Мұхаң бұл жайында. Бізде Мұрат шығармашылығындағы «Мәңгілік Ел» идеясының осы төңіректен сараптамақпыз.

Ы. Дүйсенбаев Мұрат шығармашылығы үшке бөліп қарайды: «Біріншісі – ақынның бізге келіп жеткен азды-көпті өлең-толғаулары; екіншісі – «Үш қиян» «Сарыарқа», «Қарасай Қазы» толғау поэмалары; Үшіншісі – «айтыстары» [6, 68].



XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының алдына қойған ұлы мақсаттардың бір жер мәселесі болса, сол жердің зарын осы Мұраттан терең жырлаған ақын жоқ. Ы. Дүйсенбаев атаған «Үш қиян», «Сарыарқа» датандары – осынау жер қайғысын ел қайғысына айналдыра жырлаған толғамды да толғаулы дүниелер.

Мұрат өлеңдерінен азаттықты аңсаған ел мұң-мұқтажы сезіліп-ақ тұрады. Мысалы шағын ғана «Өттең бір қапы дүние-ай» термесінде бүгінде орыс жайлаған жерлердің баяғыда кімдердің болғандығын түгендей келіп:

Бұрынғы өткен заманда,  
Ел қорғаны барында  
Белгілі екен ерлерге  
Жаудың келер шамасы.  
Қоныстың бәрін жоғалтқан  
Ноғайлы, қазақ надан жұрт  
Бірлігінің кемісі.  
Ақыр түпке келгенде  
Бәрін де алды түп-түгел  
Көкала шекпен жез түйме  
Аузы түкті орысы [5, 110] –

деп, туған жердің жаттың қолжаулығына айналғандығына өкініш білдіреді. Мұнда ақын екі нәрсеге назар аударған. Біріншісі жердің тарихи мұрагері кімдікі екендігі алғашқы бөлікте нақтыланса, соңғысында сол жерден бірлік жоқтан айрылғандықты ызалы кекпен айту бар. Ақын ойының тоқ етер түйіні «бірлігінің кемісі» – жұрт надандығының белгісі. Бірлікті ел, тірлікті жұрт болса қонысты жоғалту болмас еді дегенді ұғымға сіңіру, бүгінгі бірлікке шақыру. «Бірлік басы – береке екенін» санаға құю. Сол арқылы туған жерді тұғыр еткен елдің «Мәңгілік Елдікке» шақыру.

Мұрат шығармашылығын алғаш рет елге танытушы Халел Досмұхамедов: «Мұраттың өлеңдерінде патша үкіметінің қазаққа жұмсаған саясаты анық байқалады. Үкіметтің жақсы жерлерді тартып алғаны, ел қамын жегендердің қуылғаны, өлтірілгені анық айтылады» [2, 94] – деген екен. Мұны Мұрат творчествосының табиғатын тап басып тану деп білеміз. Жалпы Мұрат шығармашылығы жәй ғана «мың ойбайдың» бірі емес, отаршылдық сұрқын әшкерелеуі басым «ойбай»! Бұл бағыттағы оның зор шығармалары – «Үш қиян» мен «Сарыарқа» бұлар – ішкі бірлігін бұзбастай жымдасқан, жырланар тақырыбы, айтар ойы ортақ туындылар. Мұнда «Малым –жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деп малға қарап, жан баққан халықтың табиғаттан келген апатпен бірге отаршылдық тұралатқан аянышты халінің

ашы шындығы жырланады. «Үш қиянның» өзегі – отаршылдық кесепаты болса, «Сарыарқаның» басты арқауы – Жұт.

«Үш қиянның» шығу тарихын Халел Досмұхамедұлы былайша баяндайды: «Бұл өлең жаңа низам жүріп, ел «штатқа» келіп, енді оязнай, болыс, ауылнайлар билей бастаған заманның түріне айтылған. Айтылуы 184-73 жылдың шамасында болған» [7, 106].

«Үш қиян» ел тарихы, жер тарихы, сол жердің Мұрат заманындағы шын мәніндегі Мәңгілік мұрагері – қазақ деген халықтың талқыға түскен тағдыры туралы толғау-дастан. Мұрат шығармашылығын зар заманның өзге ақындарымен салыстыра отырып, оның Шортанбайлардан айырмашылығын С. Мұқанов: «Шортанбай өзінің барлық шығармаларына теманы өзі жасаған дәуірден тапқан, өз дәуірі мен бұрынғы дәуірге де, соңғы дәуірге де құлашын созбаған, ақындық дарынын заманның жағдайына ғана арнаған ақын, ал, Мұрат – өз заманының мұңын мұңдаумен қатар, елінің арғы тарихына үңіліп, өз заманының ғана емес, өткен тарихтың хал-жағдайында жырлаған ақын» [8, 154], – деп біледі.

Шындығы солай. Мұрат – бүгінгі белгісін кешегіден тауып, өткеннің сабағын бүгінмен салғастырып, ел тарихын, жер тарихын тереңінен тартып, болашағын болжай білген ақын. Ел аузындағы аңыз, ескі шежіре, жыр-дастандарда айтылған өз жұртына қатысты қандай да бір дерек көзі Мұрат назарынан тыс қалған емес. Ескіні аруақ шақырар, рух түлетер күш деп біледі ақын. Сондықтанда оны жаңғыртып отыру ләзім. Оның «Үш қиянынан» ежелгінің ел рухын көтерер өрелі жырының сарыны белгі береді.

«Үш қиян» ә, дегеннен-ақ, күдігі көп болжалды ойдан басталады. Ескі тарихты жырлау ақынға сол үшін қажет. «Еділ-жайық екі су, Бұл қазақтың жері еді», деп бастаған ақын, күдігін бірден алға тартады. Бұл жерді мекендеген елдің бір кездегі жіберген қателігінің бүгінде қайталануы мүмкін екендігін еске салады:

Еділ-Жайық екі су  
Бұл қазақтың жері еді-ау...  
Хан төркіні деген тау  
Тәмам батыр жиналып  
Кеңес құрған төбе еді.  
Солдатқа беріп баласын,  
Мойнына кірес салдырған  
Бұрынғы өткен заманда  
Шерқұтты деген ел еді.  
Бұл қонысқа отырсаң

Бұлай болып тұрғанда  
Жылдан-жылға жақындап,  
Сол бізге таман келеді [5, 129].

Өйткені замана ауыспалы. Ел тірлігі, бірлігі оңбаған кезде басқа талай күн туған. Міне, Мұрат меңзеуінде соның қайталанбауын тілеу бар. Еділ-Жайық жеті жұрт кеткен, яғни ел жеті рет ауысып бірінің орнына бірі келген жер. Жәңгірхан туралы зерттеу жазған Мереке Құлкеновпен ақын Рахымжан Отарбаев бұл жеті жұртты былайша көрсетеді: «Кәрі құлақ шежіре мен тарихи жылнамаларға арқа сүйей сөйлесек, біздің жыл санауымызға дейінгі VIII-III ғасырлар аралығында бұл жерді иран тілдес скиф-сарматтар мен аландар қоныстаныпты. Кейінгі кезек былай өрбісе керек. Угро-фин тайпасы мен Венгрлер, біздің дәуіріміздің IV-XV ғасырларында түркі тілдес гундар мен аварлар, хазар, пойнек пен қыпшақтар, XII-XV ғасырларда моңғол хандары орда тікті. Олардың өкшесін баса кеп, ноғай мырзалары мен Қазақ хандары қанат жайды. X-XVII ғасырда түркмен, қарақалпақ, башқұрт халқы жайлады. Осы аталған халықтың бір бөлігін Кубаньға, екінші жартысын Арал теңізі маңына ығыстырып XVII ғасырдан 30-жылдары қалмақтар кеп орнықты. Қытайдан қашып, бас сауғалаған бұл шұбырынды Бұхар мен Самар даласын қоныстанған жетінші жұрт болатын» [9, 170 б.]. Әрине, жазушы мен ақынның шалқымалы ойларының мәйегін алып сараптасақ, мұнда да бір шындық бар. Осы авторлардың айтуы бойынша 1801 жылы Бөкей сұлтан орыс патшасы Павел рұқсатымен, қалмақтан қалған осы жұртта Бөкей ортасының іргесін қалайды. Тарих сабағы санадан кетпеске керек. Мұрат ақынның айтпағы осы.

Адыра қалғыр, үш қиян.  
Қайырсыз екен  
Қайырсыз неге десеңіз.  
Үшеуінің ара бойынан  
Жеті жұрт кетіп жол салған.  
Біздер де солай болармыз,  
Артық па едік олардан?! [5, 130].

Ақын елге ескертпе жасап, мына жердің тарихында талай аумалы-төкпелі кезеңнің болғанын, оның әлі де қайталану мүмкіндігі бар екенін еске салады. Оның «үш қиян» тарихына шолу жасаудағы мақсаты осы. Содан шығарып бүгінгі қауіпті бағытын бағдарлайды.

Еділді тартып алғаны  
Етекке қолды салғаны.  
Жайықты тартып алғаны –

Жағаға қолды салғаны.  
Ойылды тартып алғаны –  
Ойдағысы болғаны.  
Маңғыстаудың үш түбек  
Оныдағы алғаны.  
Үргеніш пен Бұхарға  
Арбасын сүйреп барғаны,  
Қоныстың бар ма қалғаны? [5, 143-194].

Мұрат зарының шындығы осыдан келіп шығады. Ол– қазақ деген халыққа басар жер, барар тау қалмай бара жатқандығы. Жермен бірге замана тарылуда. Ақын енді осының мәнісін тануға ұмтылады. Жерді тарылтқан, елді аздырған отаршылдықтың басқа салған нәубеті. Осыған кім кінәлі?! Кейінгі М. Дулатов алға тартқан «бұл жайға қалай кірдік?» деген сұрақтың жауабы қалай болмақ. Бұған айыпты заман ба, адам ба?... Мұрат шешімінше адам.

Бәйіт еттім бұл сөзді  
Қайғы шегіп заманнан.  
Заман азып не қылсын  
Ай орнынан туады,  
Күн орнынан шығады,  
Бұның бәрі адамнан [63, 144].

Мұрат поэзиясында Шортанбай Дулаттардағы жалпылықтан жалқылыққа ауысу бар екенін, оның кінәратті заманнан емес, адамнан көруі нақтылыққа жақын екенін алғаш аңғарған тағыда М. Әуезов. Ғұлама бұл туралы мынадай қорытынды жасайды: «Бұ да (Мұрат Ө.Ә.) азған заманның белгісін айта келіп, заман неден бұзылғанына шешу айтады. Шешуі Шортанбайша табиғат бұзылғандықтан, дін жағынан емес. Табиғат бұрынғы қалпында заманды бұзған қазақтың өз қауымы» [1, 216].

Міне осы арадан Мұрат шығармашылығының шымырлаған шындығы ашылып, өзіндік жұмбағы шешіле бастайды. Мұратты толғандарған «неге?» деген сұрақтың жауабы алға шығады. Ақын енді замана адамының жанына үңіледі, оның сыртын ғана емес, ішін де ашады.

Адамның азған белгісі –  
Екі кісі дауласса,  
Тату бол деп айтпайды.  
... Қайыр кетіп қазаннан,  
Қуат кетіп азғаннан,  
Мұсылманның баласы  
Қашуды қойды арамнан.  
Шалағат, қайыр қалмады  
Жақын жуық жараннан [5, 144].

Мұрат түсінігіндегі азған адамның белгісі осындай. Мұндадағы бірліктің кенеуі кетуі,



имандылықтың жоқтығы ауызға алынады. Адамның бір-біріне жаулық көзқарасы оның ішкі әлеміндегі өзгеріске тығыз байланысты. Мұрат пайымында өз кезеңіндегі адамдардың жан дүниесін жеке басты өзіндік қажеттілігі жаулап алған. Жұрт қамын ойлау екінің бірінде жоқ, жекеліктің жемтігіне айналған қуыс кеуделік ғана бар, Ал ондай жан үшін өз жай-күйін ұғынып, еркіндіктің етегінен ұстау емес, қу тіршілік ыңыршағын айналдырған күн көріс қамы басты мәселеге айналған. Мұратты шошымтатын да, шошынары да осы. Ал мақсат елге ес алдыру, ой салу. Қажет болса кек пен ызадан тұтанған от жалынның шоғын үрлеу.

Мұраттың ең бір қиналар тұсы қарапайым халықты жөнге салар, алға бастар, көшбасшы тұлға жоқтығы. Адамы азған заманның бір белгісін ақын осыдан да таниды. Бүгінгі ел сөзін сөйлейді деген азаматтың Мұрат сипаттауындағы сиқы мынау:

Киім кисе жеңі жоқ,  
Етегі бар да белі жоқ,  
Бармақ сияр жері жоқ.  
Қатпа болған түйедей  
Киенкі болған биедей  
Ел биледі бір сымпыс  
Екі бұты тарылған [5, 144-145].

«Атқа мінген жігітте // Қалмады нәрсе қарардай» дегендей, орыстың өнегесіне елтіп қалған мына сиықты адамнан ел аманатын ақтауды күтудің өзі күнә емес пе?! Азуы алты қарыс отаршыл елдің тісінде кетіп қалмаудың қамын жасау бұлардың қолынан келе қоюы неғайбыл. Сондықтан да ақын:

Дұшпан – тазы, біз-түлкі,  
Қашсаң ерікке қоймайды,  
Үйге кірсек суырып,  
Бір бәлеге жолықтық  
Құлғанадай қадалған [5, 145] –

деп, айлалы да әккі жаудың замананы меңгерген залымдығына қарсы келер айла таппай қиналады. «Бір пәледен мың пәле // Туып кетті балалап» – деп қайран жоқтығына күйінеді.

Ақын қауіпінің ең зоры – ертеңгі ұрпақ қамы. «Мәңгілік Елдік» идеясының түйінді тұжырымы осы. Бүгінгінің белгісі ертеңге мирас болып қалама деп сескенеді ақын. «Заманы мұндай сұм болған заманының адамына» бүгінгі емес, ертеңгінің болжалын жеткізгісі келеді. Және ақын – ертеңнің елесіне айқын да анық жорамал жасап, айнадағыдай айнытпастай көрсетеді.

Мен қауіп еткеннен айтамын:  
Ақ борықтай иілген  
Кейінгі туған баланың  
Ұстай ма деп білегін,  
Шая ма деп жүрегін.  
Шашын, мұртын қойдырып,  
Ащы суға тойдырып  
Бұза ма деп реңін [5, 147].

Сөйтіп өзі көкірек көзімен болжай алған заманның сүреңінен қатты шошынады.

Ақынның «Үш қиян» атты іргелі толғауындағы айтпағы не, түйіні қандай десек, ол елдің мұң-зарын ащы да болса орайы келер шындықпен көрсете отырып, отаршылдық қамытын киген елінің рухын көтеру. Ескідегі елдігін, кешегі ерлігін жырлап, бүгінгі күй кетпес күйе, өшпес дақ емес екендігін еске салу. Сөз құдіретінің санаға сілкініс, ойға өзгеріс әкелер қуаты арқылы жүректегі сезімді, көңілдегі кекті қозғау. Келешекке үмітпен қарату.

Мұрат ақынның «Үш қияны» бізге аяқталмай қалған туынды ұқсап көрінеді. Сондықтан ақын жырының тұжырымды тиянағын нақтылау қиындау. Айтар ойдың аңғары отаршылдық сыр-сипатына ойысқан «Адыра қалғыр, заманның, // Мен жаратпаймын сүреңін...» деген тұста шорт үзіледі. «Үш қиян» ұзақты жыр-дастанның бізге жеткен үзік-сілемі секілді.

Мұраттың жер тағдырын ел тағдырымен ұштастыра жырлап, ел намысын жаныған жалын жыры – «Сарыарқа» толғауы. Бұл толғаудың шығу тарихын Х. Досмұхамедұлы қазақтың той-бастар салтымен байланыстырады. 1880 жылдары нағашы жұрты Адай ішінде жүрген Мұрат жалғыздығын бетіне басқан елге туған жерге деген сағынышын жеткізіп, осы «Сарыарқаны» шығарады [7, 119]. Батыс өңірінің тарихы мен өнерінің білгірлерінің бірі Берік Қорқытов Мұрат өлеңдері жинағындағы «Сарыарқа» толғауының түсініктемесінде бұны басқаша түсіндіреді. Оның дерегінше ол тойбастау үшін айтылмаған, Адай елінің үлкен жиынында қаңғырып келген деген қаңқуды естіп, «іштей тынып, ширығып жүрген Мұрат осы «Сары арқасын» жырлайды» [63, 158 б.]. Сөйтіп ел жақсылары алдында туған жерін жырлау арқылы халық басындағы зар-мұңды жеткізеді. Ал бұл «Сарыарқаның» жер атауы ретіндегі мағынасы бар ма деген де, ғалым А. Шәріптің осыған қатысты түрлі пікірлерді салғастыра келіп: «Ол – Жем, Сағыз, Елек, Қобда, Ойыл, т.б. ірілі-уақты өзендер айқұш-ұйқыш тамырлана ағып жатқан қазіргі Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының бір-қатар бөлігін қамтитын аймақ» [10, 56 б.]

– деген қорытындысына келісуге болады. Толғаудың шыққан жеріне орай айтылған ғалым Қ. Мәдібайдың: «Сарыарқа толғауының атауындағы Арқа сөзі – Атырау жағын білдіреді. Маңғыстаулықтар Атырау жақты Арқа дейді екен» [11, 145 б.] – деген дерегіне де құлақ қоймасқа болмайды. Қай «Сарыарқа» болмасын оның астарында туған жердің еркін жайлаған кезеңнің сағынышы жатыр. Ендеше «Сарыарқа» еркіндік аңсаған елдің түп мақсатының «Мәңгілік Елдіктің» символдық көрінісі десе болғандай.

«Сарыарқа» толғауында да «Үш қияндағы» жеті жұрт көшкен қайырсыз мекеннің сарыны бар. Бірақ арғы тарих көп сөз болмай, алыстағы өткеннен, бергі жақындағы бастан кешкен қасіретті жырлау басым келеді. Жеті жұрт көшкен қоныстың ақыры қазаққа қайыр болмай, орысқа бұйырғаны ақынның іштегі ызасын сыртқа шығарады. Ақын жырында жер мен ер тағдыры егіз өрімде өріледі.

Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,  
Сарытау, Аштарханның жерін де алды...  
Тәмамы су мен нуды орыс ұстап,  
Қазақтың содан жұтап шашылғаны.  
Қуалап Исатайды өлтірген соң  
Заманның сонан бері тарылғаны.  
Онды алды-үш Ой мауыт, тоғыз Торғай  
Кең қоныс мұсылманға қалынбады.  
Үш қиян-жеті жұртты тоздырған жер  
Жер үшін қайы жоқ тарылмалы.  
Шекшекей, Құтым қашып, Әбенді ұстап,  
Ерлерге ерегіскен не қылмады?!  
Ерлігі бір қазақтың, Махамбеттей  
Оны да аңсыз жерде жағымдады [5, 199].

Ақынның «Сарыарқаны» шығарған сәттегі ішкі қыжылы «Бұл сөзді бәйіттеттім мұңданғаннан, // Заманға тура билік тыңдалмаған» деген жолдардан айқын аңғарылады. Оның жер тағдырын кешегі өткен ер Исатай мен от ауызды, орақ тілді Махамбет тағдырымен байланыстыра беруі ел қамы деп еңіреп өткен ерлердің аруағын еске алу емес. Исатай, Махамбет өлімі – алынбаған кектің, жазылмас жараның белгісі. Намысты ел соны қуарға керек. Елді тұлғасынан айырып, енді тоз-тозын шығаруға айналған отаршыл елден енді күтер ештеңе жоқ. Ендігі жол – тек қарсылықты бас көтеру. Тұлпар мініп, ту алып айқасқа шығу.

«Сарыарқада» ақын «жеті кетуді» қайта-қайта еске алады.

Бұл жерден дін мұсылман жеті кетті,  
Біреуі екі келіп, екі кетті...  
Жылады кетерінде шайқыларым,

Қайғының сонда білдім айтыларын.  
Қонысты жұрттан қалған менікі деп  
Бұл күнде ие болған қайсыларың?! [5, 203]

Мұрат айтар ойдың аңғары қайда ауғанын осы жолдар білдіреді. «Сарыарқаға» мұсылман жеті кетіп, алты оралған екен. Ендеше үміт үзілмеуіне мүмкіндік бар емес пе? Дүние аумалы-төкпелі, ту ұстар ер табылса, жерге ие табыларында күмән жоқ. Ақын меңзеуі осыған саяды. Бұл енді «Мәңгілік елдіктің» үмітті бекемі.

Мұрат күйзелісін әкелген зор кесепат басы – ел егесінің жоқтығы деп біледі. Ер мен елдің бірлік тұтқасы – ел егесі хан. Хандықтың жойылуы, елдіктің жойылуының басы еді. Ақын осыны баса айтып, нақтылай түседі. Орыс отаршылдары өзінің әккі саясатын әуелі хандықты жоюдан бастады, хандық жойылса, елдік жойыларын, елдік жойылса, жерге иелік тарыларын жақсы білген олар зымиян саясатты осылай жүзеге асырды. Бұл туралы Мұрат ақын:

Әуелі Әлім менен Табынды алды,  
Тоздырып ақсүйектің тағын да алды.  
Әленді Күсеппенен Сібірге айдап,  
Бұл жұрттың қара түгіл ханын да алды.  
Қазақтың хан-шегесі, жер-мұрасы,  
Тағынан хан тайған соң бақыры қалды [5, 198].

Абылайдан кейін қазақта хандықтың бағы тайғандағы шындық. Ел бірлігінің тұтқасы хандықты жоймай, отарлау саясатының жүзеге асуы оңай болмайтындығын білген Ресей әкімшілігі хандықтан құтылудың жолын үнемі іздестірумен болғанды. 1781 жылы Абылай дүниеден өткеннен кейін оның үлкен баласы Уәлихан сайланса, Ресей империясы 1915 жылы оның бедел-билігін әлсірету мақсатында орта жүзде екінші хан етіп Бөкей сұлтанды тағайындайды. Алайда 1817 Бөкей, 1819 жылы Уәли қайтыс болған соң Орта жүзде хан бекітілмейді [4, 161 б.]. Бұдан соң қазақ даласын басқару түрлі әкімшілік өзгерістерге ұшырады.

Мұраттың тілге етіп отырғаны осы жайт. Ел иесі иеліктен кеткен соң, жер киесінің кетері анық. Еділ-Жайық арасын еркін жайлаған қазақ жұрты ендігі заманның не боларын білмей, дел-сал күйді кешкен тұс еді бұл.

Кейбір зерттеулерде Мұрат ақын ұсынған жол басқа жерге қоныс аудару, Асан қайғы іспетті «Жерұйық» іздеу деп біледі. Халел Досмұхамедұлынан бастау алатын бұл ойды Х. Сүйіншәлиев, Б. Омаров сынды ғалымдар құптап, қолдайды. Әрқайсысының кезек-кезегімен келетін тұжырымдары мынадай: «Мұрат-

тың ұлы сарыны-құтсыз қонысты тастау керек» [7, 104 б.], «Еділ мен Жайық өлкесінің қазақ үшін кеңшілік қоныс болмайтынын» айтып, көшуді уағыздады» (12, 623) «Мұраттың» «Үш қияны» да «Сарыарқасы да» құтсыз қонысты тастау идеясына негізделген» [33, 114 б.] Осы зар заман ақындары ішінде күрескерлік рухы биік, өкініші мен наласы мол болғанымен, елдік идеясы айқыны Мұрат ақын. «Үш қиян» мен «Сарыарқада» жеті жұрт көшкен жұрт тарихын қайта-қайта ауызға алғанда, Мұрат өткеннің қатесін қайталамауды еске салады.

Ақын дүниетанымындағы ерекшелік ол – ерлікті күрестің жоқшысы. Мұрат кетуді емес, күресті аңсайды. Жеңіліске ұшырағанмен, елі мен жер үшін талай батыр қан төккен, азаттық үшін арпалысып өткен ата-мекенді тастап кетейін дегендік қандай ақылға симақ. Әрине, бұл қоныстың қайырсыздығы мен құтсыздығына егілу бар, бірақ еңкейу жоқ. Адамзат баласына тән туып-өскен жерді қадір тұту дәстүрін Мұрат таным-түсінігі жоққа шығармайды. Ол жерден ығыстырылған ел қасіретін жырлай отырып, оған деген өзінің сүйіспеншілігін, қимастық сезімін қатар өріп отырады. Ендеше Мұрат жырларында «Мәңгілік Елдікті» аңсау ғана емес, оған деген сенім басым.

Онда жер тағдыры толғандырған перзенттік парыз сарыны, кіндік қаны тамған қасиетті жерді басқыншы жаудан қорғау идеясы басым. «Үш қиянда»:

Ердің соңы Исатай  
Ерліктің туын тіккен жер,  
Жауды басқа тепкен жер.  
Махамбетін ертіп ап  
Жәңгірге шеп құрған жер.  
...Атамыз қазақ баласы

Қонып мекен еткен жер.  
...Аузы түкті кәпірдің,  
Басы шоқты қалмақтың  
Қанын судай төккен жер.  
...Енді қайтып келер ме  
Бастан өткен сол күндер.  
Немесе «Сарыарқадағы»:  
Баласы мұсылманның нашарланды  
Кең қоныс қайдан іздеп таптырады  
Жылады кетерінде шайқыларым,  
Қайғының сонда білдім айтыларын.  
Қонысты жұртта қалған менікі деп  
Бұл күнде не болған қайсыларың?! [5, 195] –

деген жолдар бізді жоғарыдағы пікірімізді қуаттайды.

Жалпы Мұрат ақын поэзиясы – XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттегі «Мәңгілік Ел» идеясын өзек жарды ащы зармен жырлап, көкірекке тұнған шер мен ылықсыған ызаны қайратты кекке айналдырған аруақты жыр. Оның туындылары тарихи шындығымен, саяси мәнімен бірге көркемдік сапасымен де шоқтықтанып, ерекшеленіп тұрады. Ақын ел тағдыры, жер тағдырының қасіретті кезеңін жырлау арқылы оянар санаға ой салып, кекті жүректің қыжылына шоқ тастады. Мұрат жырлары – құрғақ ойбайдың белгісі емес, езілген елдің көз жасынан құрыш болып құйылған кектің жыры. Ел-жер деген Мұрат сарыны XX ғасыр басындағы саяси қозғалыстың тарих сахнасына шығуына, қазақ зиялыларының ынтымақты тірлікке, басқосқан бірлікке келуіне игі әсері болғанын, Мәңгілік Елдік рухты көтергенін жоққа шығара алмаймыз. Ең бастысы Мұрат поэзиясының еркіндікті аңсаған азатшыл дәстүрі XX ғасыр поэзиясында жаңаша жаңғырып, жаңашыл ойға азық болғаны шындық.

#### Әдебиеттер

- 1 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 2 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 3 Омарұлы Б. Мұрат Мөңкеұлы. – Алматы: Крамдс Пресс, 1993. – 105 б.
- 4 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Алматы: Ата мұра, 2000. – Т. 3. – 768 б.
- 5 Мұрат / Құрастр. Б. Қорқытов. – Алматы: Арыс, 2001. – 232 б.
- 6 Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы: Жазушы, 1970. – 192 б.
- 7 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Ана тілі, 1991. – 176 б.
- 8 Мұқанов С. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. – Алматы, 1942. – 1-бөлім. – 248 б.
- 9 Құлқенов М., Отарбаев Р. – Жәңгір хан / Қазақ хандарының ғұмырнамасы. – Алматы: Білім, 2001. – 316 б.
- 10 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.
- 11 Мәдібай Қ. Зар заман. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 160 б.
- 12 Сүйішәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 928.
- 13 Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білім, 2000. – 368.

#### References

- 1 Äwezov M. Ädebiet tarixı. – Almatı: Ana tili, 1991. – 240 b.
- 2 Dosmuxamedulı X. Tañdamalı (İzbrannoe). – Almatı: Ana tili, 1998. – 384 b.
- 3 Omarulı B. Murat Möñkeulı. – Almatı: Kramds Press, 1993. – 105 b.
- 4 Qazaqstan tarixı (köne zamannan büginge deyin). Bes tomdıq. – Almatı: Ata mura, 2000. – T. 3. – 768 b.
- 5 Murat / Qurastr. B. Qorqıtov. – Almatı: Arıs, 2001. – 232 b.
- 6 Düysenbaev I. Ğasırlar sırı. – Almatı: Jazwşı, 1970. – 192 b.
- 7 Dosmuxamedulı X. Alaman. – Ana tili, 1991. – 176 b.
- 8 Muqanov S. Qazaqtıñ XÛIII-XIX ғasırdaqı ädebietiniñ tarixınan oçerkter. – Almatı, 1942. – 1-bölim. – 248 b.
- 9 Qulkenov M., Otarmaev R. – Jäñgir xan / Qazaq xandarınıñ ğumırnaması. – Almatı: Bilim, 2001. – 316 b.
- 10 Şärip A. Qazq poëziyası jäne ulttıq ideya. – Almatı: Bilim, 2000. – 336 b.
- 11 Mädiabay Q. Zar zaman. – Almatı: Qazaq wñiversıtati, 1997. – 160 b.
- 12 Süyişäliev X. Qazaq ädebietini tarixı. – Almatı: Sanat, 1997. – 928 b.
- 13 Omarulı B. Zar zaman poëziyası. – Almatı: Bilim, 2000. – 368 b.



Ислам Д.А., Ержанова С.Б.  
**Қазақ лирикасындағы түрік  
бірлігінің бейнеленуі**

Мақалада қазақ өлеңіндегі түрікшілдік тақырыбының көркем бейнеленуі жайында сөз қозғалады. Қазақ өлеңіндегі түрікшілдік идеясын жырлау XX ғасыр басындағы қазақ ақыны М. Жұмабаев шығармашылығында алғаш сипатталды. Бұл сарын кеңестік дәуір тұсындағы ақындар өлеңдерінен де көрініс тапты. Әсіресе Ж. Нәжімеденов, Ж. Жақыпбаев өлеңдерінде өзгеше реңк алды. Бертін келе түрікшілдік тақырыбына барған Т. Медетбек, Т. Әбдікәкімов т.б. ақындар болды. Қазіргі қазақ өлеңіндегі түрікшілдікті жырлаудың жаңашылдығы да байқалады.

**Түйін сөздер:** түрікшілдік, бейнелі сөздер, дәстүр, жаңашылдық, жаңа мазмұнды сөз тіркестері, көркемдік тәсілдер, елшілдік бағыт, идеялық ерекшелік, ой тереңдігі, анти-кейіпкер.

---

Islam D.A., Erzhanova S.B.  
**Kazak Siirinde Turk Birlidi**

This article deals with the matter of artistic praising themes of patriotism and panturkism in the poems of the poet. Uniof of turks in kazakh poetry. This article deals with an issue of literary expression of turkic ideas in the works of kazakh poets. Praising the turkic ideag are firstly met in the worlg of famous kazakh poet M.Zhumabaeu in the beginning og XX century. This motive has its longevity in the worlg of ofher kazakh poets and writers of Soviet period as Zh.Nazhemidinov, Zh.Zhaki pbaev etc. In prezent period this theme of turkic idea have been developing in the works of T.Medetbek, T.Abdikakimov. In poetic works of present kazakh poets the theme of turkic ideas are sounded newly.

**Key words:** turkism, image, customs, newness, bell-letter methods, national colour, peculiarities of ideas, depth of Thoughts, antogonist.

---

Ислам Д.А., Ержанова С.Б.  
**О единстве тюрков  
в казахской лирике**

В данной статье рассматривается вопрос художественного изображения тюркской идеи в произведениях казахских поэтов. Воспевание тюркской идеи впервые встречается в произведениях известного казахского поэта М. Жумабаева в начале XX века. Этот мотив нашел свое достойное продолжение в творчествах других казахских поэтов и писателей советского периода, таких как Ж. Нажмеденов, Ж. Жакыпбаев и многие другие. В более современное время тему тюркской идеи развивали в своем творчестве Т. Медетбек, Т. Абдикакимов. В стихотворных произведениях современных казахских поэтов тема тюркской идеи звучит по-новому.

**Ключевые слова:** тюркизм, образность, обычай, новичество, художественные методы, национальный колорит, особенности идей, глубина мыслей, антиперсонаж.



<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің қауымдастырылған профессор (доцент), ф. ғ. к., Түркістан қ.,

<sup>2</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, ф. ғ. к., Алматы қ. Қазақстан, e-mail: dosbol-75@mail.ru; esb72@mail.ru

## ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ТҮРІК БІРЛІГІНІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Біз бүгінгі сөзді қазақ лирикасындағы түрікшілдіктің көркем әдебиетке ойысқан поэтикалық құрылымындағы орны мен мәні төңірегіне арнасақ. Ақын өлеңдеріндегі отаншылдық, ұлтшыл рухтың зерлі дінгегін құрайтын көркемдік аспектілердің негізі қайда жатыр дейтін мәселелер ойлы оқырманын қызықтырады сөзсіз. Қазақ лирикалық поэзиясында түрікшілдік тақырыбын алғашқы жырлаушылардың бірі М.Жұмабаев болатын. Бұған М.Әуезов айтқандай Мағжанның «елшілдік» бағыты себеп болатын. Бұл жөнінде ғалымдар «...Бір заманда өзбек әдебиетінде Әлішер Науаи түрікшілдік идеясын қандай жоғары көтеріп, қаншама ұмытылмас еңбек етсе қазақ топырағында тек Мағжан ғана сол даңқты дәстүрді дамытып, әдебиетімізге «бітімі бөлек, аңсары өзгеше жарқын беттер қосты» [1, 240] – деген сүбелі пікір қозғады. Ғалым ақынның түрікшілдік тақырыбын «Орал тауы», «Пайғамбар», «Алыстағы бауырыма», «Қазақ тілі», «Жер жүзіне», «Айға», «Сағындым», «Тұранның бір бауырында», «Түркістан», «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян» өлеңдері мен дастандарын жатқызады. Түрікшілдік тақырыбы айқын көрінетін Мағжанның «Қазақ тілі» өлеңіне тоқталайық.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен тілім,  
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.  
Таралған түрік балаларын бауырыңа  
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен тілім!  
(Қазақ тілі)

Өлең тақырыбы «Қазақ тілі» аталғанымен тек тілге арналған туынды деп олақ қабылдай алмайсыз. Тақырыптық атаудан өрбіген фабулалық желі өлеңнің ұлттық рухымен тұтасып идеялық мазмұнды байыта түскен. Мұнда ХХ ғасырдағы қоғамдық тарихи әлеуметтік жағдай толыққанды суреттелген. Ұлттық қасиеттердің табанда жаншылып қасіретке айналған кезеңін ақын «жауыз тағдырдан» көреді. Ақын үшін халқының кешегі тарихы, өткен бақыты сынды. Елдік жолында қиылған тағдырлар, елдік тағдырдан әлдеқайда мағыналы екен. Өткен дәуірдің өңі алтын күндей нұрлы болғандығы да, сол замандардағы өршіл рухтың өлмес ерлігімен таңбалануында.

Мағжан романтикасының биік пафосы тереңнен тамыр салғаны да осында. Ақын әулиелілігі болар, қазақтың атар таңмен күтер алтын күні өткенінің бауырында жатқандығын ерте ескертуі. «Алтын күннің» бағасыз белгісі бабамыздың рухы, бабамыздың тілі. Қазақ халқы тілін жоғалтпаса өткен алтын күнімен қайта қауышарына ақын сенеді. Осы өлеңде, ақын «ана тілі» деп қолданатын дәстүрлі сөз тіркесіне жаңаша өң беріп тұрғандығын байқауға болады. Мұндағы тіл бейнелі адамдық атауға айналып отыр. Тіл-кеудесінде жаны, жүрегі бар кісілік тұлғалы кейіпке енген адам образымен алмастырылған. Ақын «ақ қолыңмен» деп тілдің арғы жағындағы ишараларды да айқындай түскен. Мәселен, «бір қолыңмен не оң, қос қолыңмен» деп атаса да болмайды емес пе деп сұрақ қойыңыз. Жоқ, болмайды екен. Болмайтынын, ұлттық дүниетанымдағы «ақ» түсінің сонау фольклор мен ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі символдық ерекшелігімен түсіндіреміз. Ақын үшін бабалар жолы да ақ. Балаларын бауырына басатын ана не атаның жолы да ақ. Таралған түрік балаларын жүрегімен аялар ата мен ананы аңсаған Мағжанның түрікшілдік идеясын көксеген тілегі де ақ. Түрік балаларының басын қосатын түрікшілдіктің зерлі діңгегі бабамыз тілі мен мұрасында жатқандығын түрік халықтары болып ойлансақ керек. Мағжанның бұл тақырыптағы өлеңдері, басқа да өлеңдері секілді драмалық тартыс белгілерімен оқшауланады. Ақынның тарихи шындыққа өрілген көркемдік концепсиясы көбіне адамзаттық, гуманистік ойларымен шешіліп, түйінделіп отырады. Бұл сарын Мағжаннан кейінгі кеңес дәуірі тұсындағы ақындар өлеңдерінде шеберлікпен өрнектелді. Әсіресе, 70-ші жылдарда Ж. Жақыпбаев поэзиясында біршама көрінді. Ақынның тарихи тақырыптағы өлеңдерінен түрікшілдік сарынның өрнектелгенін көруге болады. Осындай жайттарға байланысты, өмір шындығына ақынның асқақ арманы қарсы қойылған романтикалық сарын келіп шығады. Өткенді дәріптеу жағынан Жұматай романтикасы Мағжанға ұқсайды. Қазіргі лирикадағы түрікшілдік сарын Ж. Нәжімеденов, Т. Медетбек, Т. Әбдікәкім т.б. өлеңдерінде айқынырақ поэтикалық мазмұн құрауда. Жұмекеннің концептуальды туындыларының бірі «Менің топырағым» өлеңі. Өлеңнің өн бойында фольклорлық сарын іздері бар. Фольклорлық нақыштар мәтін құрылымының негізгі поэтикалық әлеміне қызмет етіп тұр. Батырлар жырында кездесетін «аттың тіл қатуы» бұл жерде автордың «тал

шыбық» бейнесіне айналып сөйлеуімен ауыстырылған. Өзгешелігі өлеңнен ақын тұлғасының сұлбалануы айқын көрінеді. «Тал шыбықпен автор бейнесі» қосарлана көрініс береді. «Тал шыбық» боп тіл қатқанын оқырман аңғарып отыр. Оны мына жолдарда ескертіп те өткен. «Мен бала боп туғанмен, // Шыбық болып көгердім». Түркілік дүниетанымның өзінде «бәйтеректің» символдық мәні зор екендігі және ол әдеби мұраларда дәстүрлі поэтиканың көркем арналарына айналғаны қашан. Әдеби дәстүрдің көркем материалы «бәйтеректі» автор бұл өлеңде «тал шыбық, қара ағаш, емен» түрлерімен бөлектеп көрсетіп, идеялық-мазмұндық желіге орай жеке дара қолданып, сипаттап отырады. Әр түрді өрнектеп өлең тілінде берген, суретті бейнелі әлемінен ақынның концептуальды мұраты да айқын көрінеді. Өлең материалына айналған ағаш түрлері ақын идеяларының көркем бейнелеуіне сай жеке алынып салыстырмалы қалып танытқан. Ағаш түрлерін концептуальды салыстырмалы күйде қолдану, өлеңдегі көпидеялық қырлардың бейнелі берілуіне баспалдақ іспетті. Оқырманды түрлі танымдық ойларға жетелей алған өлеңнің өн бойындағы идеялық көпқырлылық бір мәтінге жүктелуі әсерлілігін арттырған. Лирикалық «меннің» субъективті толғанысы жинақталған халық бейнесінің объективті сипаттарын ашқан. Ақындық «меннің» лирикалық бейнесі қазақ дейтін халық тұғасымен тұтастықта көрінген. Лирикалық бейне бойынан танылған әдеби мінез бен өлеңдегі әлеуметтік астарлы, оқиғалы тартыс желілерінен өрбитін поэтикалық контрастар ақындық тұлғаның келбетін даралай түскен. Ақындық «меннен» таралған лирикалық көңіл-күй сатылап, рухани мұрат белгілері аясында типтендірілген. Ендеше ақындық тұлғаның қазақ атынан сөйлеуі табиғи. Бұл жәйт өлеңде поэтикалық ойлау негіздерімен жүзеге асқан. Ақын «мені» – шыбық тал арқылы халық бейнесін сомдаумен астасқан. Авторлық концепция шыбық тал өсімімен халықтың тарихи әлеуметтік кезеңдерін салыстырмалы психологиялық параллелизмде берумен айқындала түскен. Мұндай көркемдік тәсіл идеялық мақсаттан туындағанын ақын өмір сүрген кезеңдегі идеологиялық күйден де танысақ керек. Дәуірінің дүлей күшіне рухты халық бейнесін қарсы көрсетуде бүгінге деген сенімділік те бар. «Мен жастарға сенемін» – деп жырлаған Мағжан идеясының ізі де жатыр мұнда. Енді бір қырынан қарасақ қазақ дейтін халық болмысын, өнер қиырында адамзаттық санаға сіңірудің де жолы жатқандығын көреміз.

Оны өлеңдегі ұлттық сипатты айқындай түсетін дәстүрлі көркемдік оралымдардан анық байқасақ керек. «Бұтақтарым – биікте// тамырларым – тереңде» осының ерек үлгісі. Поэтикалық бейнелі ұғымдар төркінінің ұлттық дүниетанымынан ары Шығыс поэзиясына тән көркемдік ойлау дәстүрімен туыстасатынын көруге болады. «Содан шығар, өзімдей көретінім өзімді»-деуінде аңғал да ақпейіл қазақтың болмыс табиғаты көрінген. «Шық көзімен қарау» халықтан дінді аластаған кезең психологиясын дәл таңбалауымен ерекшеленсе, төңіректің дөп-дөңгелек көрінуі әрісі Әл-Фараби пәлсапасымен, берісі Абайдың дүниені «қауызға» сыйдырған көзқарасымен үндеседі. Қазіргі лирикадағы түрікшілдік идеяларды жырлаушы ақындардың бірі Т. Медетбек. Мұны ақынның Махамбет бейнесін сомдаудағы ерекше тәсіл танытқан өлеңінен көруге болады. «Махамбет рухы – мәңгілік ояу рух. Ол рух ұлтымыздың басына түскен ең қысталаң қиын шақтарда бой көтереді.. Бірақ оның сол күрескерлік қайсар рухын, шамырқанған сағын күні бүгінгі бейшара жалтақтық, көлгір аярлық қабырғасын қаусатып, омыртқасын опырып, жұлынын үзіп, сындырумен келеді...» [2, 3]. Бұдан, Махамбеттің тарихи тұлғасы, трагедиялы өлімі, ақындық пафосы жайлы ой түюге болады. Осы анықтамалықтың соңғы абзацына назар аударыңыз. Махамбет ұлттық рухтың символына айналған. Осыдан келіп, бүгінгі қазақ рухының жұтаңдық тартқан кейпіне кейіген көзқарас туындап отыр. Осы көзқарасты, көркемдік тұрғыда бейнелеген, ақын Темірхан Медетбек шеберлігінің қырсырына үңіле түсейік.

Мәңгілік қаралы  
 Қаройдың үстін  
 Қап-қара қалың  
 Қара бұлттар басқан кезде;  
 Қараң құраң  
 Қалбаңдаған көлеңкелерден шошып  
 Байғыз біткен  
 Беттері ауған жаққа  
 Бажылдап қашқан кезде  
 Қара топырақты копарып  
 Үстінде жатқан  
 Шабылған басын  
 Қолына ұстап  
 Қапалы Махамбет  
 Қабірден шықты.  
 Сол кезде  
 Айналаны бөрліктіріп жіберген  
 Сан дыбыстар мен  
 Сан үндер шықты.

Бұл бас бунағы бірыңғай өлең емес. Баяндау лириканың оқиғалы өлең үлгісінде. Алғашқы шумағында 4 және 5 буынды егіз ұйқас көрініс тапқан. Шумақтар құралымының өзгешелігі жаңашылдығында жатыр. Егіз ұйқастар арасын бірнеше тармақтар қосады. Бұл жерде «Тармақ бір шумақта бір түрлі болуға да, түрлі болуға да ықтимал. Бірақ әртүрлі болғанда кесте ретін жоғалтпайтын тәртібі болуға тиіс» [3, 5] – дегенді ескеруіміз керек. Жаңашылдығының тағы бір қыры ескі түрік поэзиясының иірімдерін еске салады. Бұл ретте Күлтегіннің үлкен, кіші жазуларына талдау жасаған ғалым Н. Келімбетовтың «Өлеңде бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталанып қиысуы, яғни аллитерация жырдағы үндестікті, мәнерлілікті күшейте түсетінін ежелгі түркі сөз зергерлері жақсы түсініп, бұл әдісті шебер меңгергені анық. Мәселен, Күлтегін жырының авторы әдеби тілге дауыс ырғағы түгіл, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы әжептеуір ажар беруге болатынын сезген секілді» [4, 76] – пікірін алдыға тартудың орайы келіп тұр. Бұл айтылғандар ақын Темірхан өлеңіне поэтикалық реңк берген. Өлеңді қазіргі қазақ лирикасындағы түрікшілдік рухтың сарынын берудегі жаңа формалық ізденістің бір көрінісі деп қабылдауға да болар. Алғашқы шумақтың өзін оқығанда көз алдыңызға кезекпен өтіп жатқан оқиғалар процесінің жанды суреті келеді. Тіпті қысқа метражды фильмдерге бергісіз сюжеттік желінің, бір шумақ бойына сыйдырып берілуі, автор тілінің ойды нақты шақтап жеткізудегі бірден-бір шеберлігі. Мұндағы, өлең идеясы мен оқиғалық желінің трагедиялық сипатының көркемдік бояуы түстес. Оқғаның динамикалық өрлеуі қара бояудың полотносынан құрылған. Ақынның ұлттық санаға қозғау салатын көркем-танымдық идеяның бастауы, қара бояуды Махамбет өлімі трагедиясымен егіз етіп алып, құлпыртып беруінде. Оқиғалық өлеңнің мекені «Қарой». Оны қап-қара бұлттар басқан. Қараң-құраң көлеңкелер. Қара топырақты копарып, қабірден Махамбеттің шығуы. Демек, түн-тіршілікте өтіп жатқан оқиғаның уақыттың түсі мен оны суреттеу бояуы дәл қабысқан. Өлеңнің ішкі мазмұны мен сыртқы қалыбының үндестік гармониясы да қара бояудың әуезді күйіне жегілген. Ұлттық идеяны көркем түйіндеп берудегі өлең шешімі көркемдік деталь ретінде «қасқырдың ұлуы» арқылы ұтқыр берілуі орайлы шыққан. Т. Әбдікәкімұлының ақын Асқар Егеубаев шығармашылығы жөнінде айтқан мына пікірі «... Көкбөрі» метонимиясы – жалған дүниенің эпитофиясы ғана емес, ол, сонымен бірге ұлтымыздың шамырқанған

рухының тотемдік портреті де?» [5,4]. Екі ақын өлеңдерінің рухани өзегіне берілген дәл диагноз. Темірхан өлеңдеріндегі «қасқырдың ұлуы» негізгі идеямен қоса бірнеше мәндік белгілерге ие. Оқиғалық өлеңнің соңғы түйініне айналып, көркем уақыттың шексіздік мәнін танытқан. Бассыз дүниеге бастың керек бомауы мен қасқырдың ұлуы, Махамбет заманы ғана емес, сонау Күлтегін дәуірінен бүгінге дейінгі адамзат баласының өмір сүру мәнінің философиясы мен ондағы «рухтың» мәңгілікпен параллелизмдік ұғымын айқындай түскен.

В статье уделяется особое внимание описанию представления мечты народа в поэзии Махамбета. Свобода земли и народа – главная идея стихов Махамбета. Восторгаясь ширью родных степей, зелеными пастбищами, гладью темных озер и разливами рек, Махамбет ни на минуту не забывал, что все это принадлежит не народу, а его угнетателям, что хищники – ханы и баи – распоряжаются богатствами страны, пользуются трудом народа. В стихах он воодушевляет народ в создании нового, независимого государства.

Поэтические слова Махамбета не расходились с делом. Последовательность и решительность в мыслях и поступках – характерные черты поэта-борца. Идея поэта, писавшего о спасении народа от Колониального гнета и о восстании независимого государства напрямую взаимосвязаны и созвучны с сегодняшней идеей Мәңгілік ел.

**Ключевые слова:** поэт, поэзия, идея народа, Мәңгілік ел, независимость, стихи, патриотический дух, красочность.

# **МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЕЛ АРМАНЫНЫҢ КӨРІНІСІ**

XIX ғасыр әдебиеті алдыңғы әдебиетке қарағанда анағұрлым толысқан, кемелденген, жаңалығы мол, жанрлық ерекшелігі түрленген әдебиет. Көне дәуірден жалғасқан әдебиетте хандық кезең тұсында негізінен жыраулар поэзиясы алдыңғы орынға шығып, онда негізінен жыр үлгісінің түрлі жанрлары басым болды. Ал бұл кезеңге жаңа өлең түрлері тән. Сондай-ақ, дастан-поэмалар, лирикалық өлеңдер, айтыс өнері, ауыз әдебиеті үлгілері де айрықша мәнге ие болды. Қазақ өлеңі шын мәнінде жаңа сапаға көтеріліп, жазба әдебиеттің негізі қаланды. Махамбет, Дулат, Абай, Ыбырайлар шықты тарих сахнасына. Осылайша сөз өнері толысып, толығып, мазмұнын тереңдетіп, өз арнасын кеңейте түскені мәлім.

Жауынгер жырдың жүйрігі Махамбет Өтемісұлы өлеңімен ел өмірін жырлап, өлеңдерінде өз заманының бейнесін сомдап кеткен ақын. Бөкей Ордасындағы шындықты Махамбетше жырлап, асқақ үні мен дауылпаз жырын айналасына айқын танытып, жеткізіп кеткені кемде-кем. Ақынның қай өлеңінен болмасын өзі және өзіндік «мені» мен мұңдалап тұратыны шындық. Сенімді серігі Исатайды да өзінен артық санап, өлеңдеріне қосты. Жәй қосып қана қойған жоқ, сөзбен суретін салып, санамызға өшпестей етіп «сіндіріп» кетті. «Мұнар күн», «Соғыс», «Әй, Махамбет, жолдасым», «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай» т.б. толғауларындағы батыр тұлғасын ешкіммен шатастырмай, сан буын алмасып, сан ұрпақ оқып, өсіп келеді. Өмірде де, өлеңде де ажырамастай бірігіп, шын достықтың символына айналып кеткелі қай заман? Ақын өлеңдерінде ел билеушілерінің де, халық өкілдерінің де, батыр-бағландардың да тұлғасы шынайы сомдалып, оқырман жүрегінен өшпестей орын алғанын айрықша мақтанышпен айтамыз. «Исатай-Махамбет қозғалысы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған халық көтерілісі болған. Патшалық өкіметшіл саясат қазақ даласына біртіндепбасып кіріп, оны билеп-төстеудің үш сатылы реформасын жасап, әуелі ондағы дәстүрлі билік институттарын әлсіретуге ұмтылды. Онымен қоймай, қазақ жерін аумақтық тұтастықтан да, ұлттық тұтастықтан да ада қылуға күш салды. Осындай шұрайлы жерлерінен айрылып, алдындағы малы, жолындағы жайлауы қолды бола бастаған тұста Исатай мен Махамбет тәрізді «ел

қамын жеген Едігелердің» қол қусырып қарап жатқаны мүмкін де емес еді» [1, 10].

Ақынның «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер», «Біртіндеп садақ асынбай», «Арғымақ, сені сақтадым», «Арғымақтың баласы», «Азамат ердің баласы», «Қара нар керек біздің бұл іске», «Еменнің түбі – сары бал», «Жалған дүние», «Еріскедей ер болса», т.б. өлеңдерінде көтеріліс сипаты, ерлік рух, бостандықты аңсаған ел арманы, ел тағдырын өз тағдыры санаған ер-азаматтың болмысы жан-жақты бейнеленген. Исатай туралы «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Соғыс», т.б. өлеңдерінде батыр бейнесі сан қырынан дараланып, айшықтала түскен.

Ел мен жердің тәуелсіздігі – Махамбет жырларының негізгі өзегі. Көтерілістің де билік өкілдерінің, хандардың шұрайлы жерлерді иеленіп, елдің наразылығын тудыруынан бастау алғанын ұмытпаған жөн. Жерден айрылған елдің, ата қоныстан қуылған қаймана жұрттың қандай күй кешетінін, қаншалықты сергелдеңге түсетінін басқа білмесе де, қазақ түсінеді.

«Еділ үшін егестік,  
Жайық үшін жандастық,  
Қиғаш үшін қырылды,  
Тептер үшін тебістік,  
Тендікті, малды бермедік,  
Тендіксіз малға көнбедік», –

деген ақынның шырылдауынан егескен елдің, жандасқан жұрттың, қырылған қазақтың көз-жасы, бар қаракеті көрініс тапқан. Ел мен жер тағдыры үшін басын бәйгеге тіккен алаш ұлдарының асыл арманы, теңдік үшін күрескен іс-әрекеті, болашақ үшін ғасырлар бойына алысқан айқасының лебі сеезіліп тұр. «Бұған түрткі болған ең басты себеп – орыс отаршылдығы. Жайық бойындағы жандасулар, Ертіс бойындағы егесулер жат жұрттықтардың пайдасына шешіліп, қазақ өзінің қасиетті де құнарлы жер-суынан қаралай айрыла бастаған мезетте, әлбетте, түйсік-танымы терең ақындарға тіл бітпей тұрмады» [2, 57]. Дұшпанда кеткен кегін қайтару үшін, барымтаға түскен малы мен азаматтың арына, намысына түскен дағы үшін, болашақ ұрпақтың алаңсыз өмірі, көрер бағы үшін атқа қонудың, аз ұйықтап, көп жортудың кезеңі келгенін ескертіп, ел келешегіне алаңдар шақтың туғанын аңдатады. Ел үшін туған ердің азаматтығы мен намысы, ары мен бары сы-

налар сын сағаттың кезі жеткенін жырлайды. «Арғымақтан туған қазанат» өлеңінде халықтың жарқын өмірі үшін жанын аямайтындарды үлгі етіп, ертеңгі күнге сеніммен қарауға шақырады. Ерлік іске үндеп, өнеге алуға үгіттейді.

«Асыл ердің баласы  
Жауды көрсе, шыдамай  
Көзін салар қияға.  
Ермін деген жігітті  
Кеңшілікте сынама», –

дейді.

Махамбеттің Орынбор генерал-губернаторы Перовскийге: «Генерал-губернатор мырза, егер қолыма бостандық пен билік берсеңіз, жер-суымды, байтағымды, атамекенімді келім-сектерден тазартар едім...», – деген сөзінен ақынның азаматтық болмысы, атақоныс үшін адалдығы сезіліп қана қоймай, ата жауға деген өшпенділігі де атойлап тұрғандай. Махамбет сөзінен, тайсалмас көзінен сескенген билік өкілі, абақтыдан шығарып жібергендеген мәлімет бар.

Аттанып едім көп үшін,  
Көптің жинап мол күшін,  
Дұшпанда кеткен сол көптің  
Ежелден бергі кегі үшін.

Дұшпаннан кек алу, өш қайтару – Махамбет өлеңдерінің лейтмотиві. Ол «ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, еңку-еңку жер шалмай... тебінгі терге шірімей, терлігі майдай ерімей» ерлердің ісі бітпейтінін алға тартып, көп жиналып, қол болмай күрестің алға баспайтынын айтып, қасындағылардың намысын жаниды. Мұндай ауқымды іске мойымайтын «... қатепті қара нар керек, ... қабағын шытпас ер керек» деп еліне сауын айтады. ұрандады. Ақынның аңсағаны – Еркіндікке қол жеткізу, халқына теңдік әперу.

Мысалы, «Нарын» деген өлеңін алсақ:

Қойды мыңға жеткізген  
Нарынның анау құмдары,  
Түйені жүзге толтырған  
Көкпекті, шытыр жерлері, –

деп Нарынның қазақ үшін қандайлық құнарлы, қасиетті топырақ екенін еске салса, одан әрі:

Жатып қалған тайлағы  
Жардай атан болған жер,  
Жабағылы тоқтысы  
Қой болып қора толған жер, –

деп суреттейді. Осынау ғажайып өлке өңінен айрылып, өзен-су, көлінен айрылып, ел-жұрты қазыналы жерінен айрылып, қайғылы күн кешуіне айыптыларды атарға оғы болмай, қам-көңіл күй кешеді.

Махамбеттің ел аманатын арқалаған батырлығы, ел үмітін үкілеген ақындығы, жауапкершілікті сезінген азаматтығы қай ұрпаққа да үлгі, қай буынға да өнеге. Қайсарлығын, өжеттілігін қарсыласы да мойындап, кей тұстарда санасуға да мәжбүр болған. Ақынның Жәңгірге, Баймағамбетке қарата айтқандарынан есерсоқтың, кеудемсоқтықтың айтқаны деп емес, елін ойлаған, ертеңін ойлаған арлы азаматтың, жерден, атамекеннен айрылған халықтың болашағы не боларын алдын-ала сезіп, жаны күйінгеннен шерлі жырын ақтарған арқалы ақынның болмысын танып, парасат-білігін аңғарамыз. Бұлардың текетіресін біржақты бағалауға, таптық тұрғыдан саралауға келіңкірей бермейтінін кейінгі зерттеушілер айтып жүр. «Себебі ереуілдің көсемдері «тоқсан үйлі тобырдан» шыққан қара табан әлдекімдер емес, хан төңірегіне ықпал-ығытын жүргізуге сойы да, сұсы да лайық әлуетті тұқымнан еді. Ақсүйектік билік пен халық таңдаулыларының арасындағы шиеленістен және жер дауынан өрбіп-өрістеген оқиғалардың демократиялық сипатымен қатар, қазіргі саясат тілімен сөйлегенде, оппозициялық сарыны сезілгендігін де ақиқаттан алшақ дей алмаймыз» [2, 99]. Хан атаулының бейнесі кеңес кезеңіндегі жазылған шығармаларда біржақты сипатталып кеткенін мойындауымыз керек. Хан-сұлтандарды, би-болыстарды ағаш атқа мінгізуден ешкімді алдымызға шығарғанымыз жоқ. Таптық көзқарас, соцреализм дегенді желеу етіп, қаншама кінәсіз жандарға күнә артып, қаншасын идеологиямызға қайшы деп құрбандыққа шалдық... Оның есебін алып, біліп жатқан кім бар екен? Мұндай жайт кеңес кезеңіндегі қазақ қаламгерлерінің көбінен байқалды. Мәселен, Абылайдың, Құнанбайдың, Жәңгірдің, Кенесарының т.б. көркем бейнелерін еске түсірсек...

Әбілқайырдың ұрпағы Бөкейұлы Жәнібектің жастайынан алғыр, зерек, білімге құштар болып өскенін, еуропалық деңгейдебілім алғанын, 22 жасында хан сайланып, ел билігіне ерте араласқанын білеміз. Маңайына өнерлі, білімді адамдарды жинап, жастарды оқытуға күш салып, мектеп ашып, ислам шариятын ұстанып, діндар, тақуа жан болғанын қайда қоясыз? Ішкі, сыртқы саясатта өзіндік ұстанымымен, сарабал саясаткерлігімен танылған Жәңгір

хан өз заманының көзі ашық, білімді, беделді адамдарының бірі болған. Оқуды және оқытуды жолға қойған, ілгерішіл ұстанымдарымен танылған. Саясаттың салқыны Махамбет екеуінің арасына сызат түсіріп, өзара қырқыстырып қойған. Бір кезеңде өмір сүріп, дәмдес-тұздас болып, қатар жүргенмен, ел мүддесіне, ұлт қажетіне, халық өміріне қызмет етуге келгенде, жол екіге айрылады. Бірін – құлқынның қамы, биліктің буы жолдан тайдырса, екіншісін «қара қазан, сары бала қамы үшін», қалың елі, қазағы үшін, сол елінің болашағы, азаттығы үшін күресуге белін бекем будырды. Халық жағына шыққан Махамбеттің жүзі жарқын, ісі өнегелі, өлеңі ғұмырлы болды. Ақынның айнымас мұраты, жарқын елдің жаршысы болуға ұмтылған азаматтық келбеті, ақындық үні бүгінгі «Мәңгілік Ел» ұстанымының ұстынындай бағалы, арқауындай ардақты.

Әдебиет зерттеушілері Махамбетті кей өлеңдеріне қарап, зар заман өкілі деп санағанмен, оның Шортанбай, Мұрат, Дулат өлеңдерінен болмысы бөлек, сипаты өзгеше екенін аңғару қиын емес. Қандай қиындық көрсе де, тауы шағылмайды. Мұны басым өлеңдері болғанымен, түпкілікті торығудан, заманнан безінуден ада. Қайта бойын тіктеп, еңсесін көтеріп, еліне сүйеу болар сәті, өлеңдерімен дем берер кезі мол. Ел басына төнген қатерді, қауіп-қасіретті аз күнгі қиындыққа балап, жеңісті күндер алда екеніне сендіреді, елді еңсесін түсіндірмеуге, ерді мойымауға шақырады. Әлі-ақ Жайықтың бойын жайлайтын, күреңнің жалын күдірейтіп, жайлаудың көк шалғынын белден кешіп жүретініне жұртын иландырады. Оптимистік көзқарасқа, өмірге сын көзімен қарауға бейім ақынның ел ертеңінің кемел болатынына, болашағының баянды екеніне сеніммен қарауы ел шетін сетінетпеуге, ерік-жігерін құм құлмауға шақыратынын сеземіз. Жарқын болашақтың жаршысы атанған ақын арманының күмәнсіз орындалатынына сенеміз.

Жайықтың бойы көк шалғын,  
Күзерміз де жайлармыз.  
Күмісті сынды күренді,  
Күдірейтіп күнде бойлармыз.

Ақын өлеңдерінде жиі кездесетін жер-су атауларының, әсіресе Еділ мен Жайықтың тек географиялық ұғым ретінде ғана емес, ел қонысы, халық мекені, болашақ тіршілік кепілі ретінде алынғанын анық аңғарамыз.



Дәстүрлі қазақ поэзиясында туған жер, отан, атамекен идеясын білдіру үшін «қос өзен» ұғымының кеңінен қолданғанын білеміз. «Туған жердің, ел отанының символы ретінде Еділ, Жайық деген заттық нышандарды алу күні кешегі Махамбеттерге дейін келді. Оның: Еділдің бойы ен тоғай, Ел қондырсам деп едім, Жайықтың бойы көк шалғын, Күзерміз де жайлармыз деген өлең жолдарында айтпақ идеясы – Еділ мен Жайық өзендерінің бойына ел қондыру, оны жаз жайлап, күз күзеу емес, нақты осы әрекетте емес, басқа, яғни «туған жерде емін-еркін өмір сүру» идеясы» [2, 33].

Ия, шынында өршіл ақынның отты, рухты өлеңдерінде кездесетін жер-су атауларының, туған өлке атырабының аталуынан біз оның туған жерге деген махаббатын, Отан сүйгіштігін, атамекен, құт қонысы «қос өзен» үшін жанын пида етуге даяр екендігін көреміз. Махамбеттің:

«Еділді көріп емсеген,  
Жайықты көріп жемсеген,  
Таудағы тарлан біз едік», –

деп елінің, жерінің тәуелсіздігін аңсайтыны, жыр толғайтыны сондықтан.

«Елдің қамын жеді ғой; ел қорғаған мен едім; ел құтқарар мен едім; мен де айрылдым елімнен; Халықтың кегін қусайшы; халықтың көрген қорлығын; Астана жұртын айналған және т.б. Міне, бұл жолдар Махамбет жырының тақырыбы мен идеясын танытатын жолдар. Біз Махамбетке дейінгі поэзиядан *халық, ел, жұрт* сөздерінің осы әлпетте мол қолданысын кездестірмейміз» [3, 39].

Еділ-Жайық бойына ел қондырып, жағасына мал толтырсам деген ақын сөзінен оның қай кезде де жеке бастың қамын емес, ел мұңын, жоғын түгендеуге жанын салатынын аңғарамыз, Ол қай кезде де жеке бастың мүддесін ойламайтыны. Анығы, қос өзен ұғымы жалпақ жұрт, қалың елдің атақонысы, дүйім алаш жұртының атамекені мағынасында айтылып тұрғанын жадымыздан шығармауымыз керек. Ақын ұғымындағы екі өзен – ен жеріміздің, кең байтақ даламыздың символы. Сол өлкеге теңдік әперсем, бостандық әперсем деген ақын арманының шырылын ұққандаймыз. Елге зәбірі өткен ел билеушілерінің түпкі арам ниетін сезген ақын олардың ой-ниеттерінің аярлығын, арамдығын бетіне басып, олар иемденген ақ орданы ел ынтымағын, тыныштығын ойлайтын ел ордасына айналдырсам деген ниетін аңғарамыз. Халқына пайдасы тимейтін ханның, елдің

ығырын шығарған сұлтанның шаңырағын ортасына түсіріп, елді азаптан, жан-жақты қыспақтан құтқарар күнді аңсайды. Бостандыққа жетер, өз алдына тәуелсіз ел атанар сәтті сағынады. Ежелгі дұшпанды жеңіп, өз алдына дербес, тәуелсіз, ба-янды өмір сүруді ойлап, халқын жігерлендіреді.

Ақын арманы – еліне егемендік алып беру, тәуелсіз болғанын көру. Осы мақсатқа жету жолында ол ештеңеден аянбақ емес. Халқының азапты күндерін азайтуға, қиындықтан құтқаруға қай кезде де даяр, қай сәтте де атқа қонуға дайын болғанмен, қолдан келер шама, көрсетер шара бар ма?! Ел тілеуін тілеген ақын арманы аласармайды. Керісінше, ширығып, буырқанып, алысқанын жеңбей қоймайтын, аяқанын орындамай тынбайтын ертегінің батырларындай кейіпке еніп, ел үмітін ақтауға барын салады.

Қорлықта жүрген халқыма,  
Бостандық алып берем деп,  
Қырық бір жасқа келгенде,  
Ауыр әскер қол ертіп,  
Жасқұсқа барып кіргенде.

Егескен жауын жеңбей тынбайтынына, ел-жұртына берген сертіне беріктігіне сенгенімізбен, айласы мықты, құрығы ұзын жау оңайлықпен алдыра қоймасы кәдік. Ақынның өршіл рухына, бостандық сүйгіш жүрегіне ештеңе де кедергі бола алмайтынына көз жеткіземіз. Қандай алапат күш иесі болсын ақынның сағын сындыра алмайды, өршіл, күрескер болмысына қарсы тұра алмайды.

Боз ағаштан биік едім,  
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.  
Ел құтқарар ер едім,  
Жандаспай ақылы бір тынбан.

Ақынның Нарыны – туған жері, атамекені – жер бетінің балқаймағындай құнарлы, қасиетті. Оның айтуынша, айналасы ат шаптырса жеткісіз Нарынның көркі көз тойғысыз, қойнауы табиғаттың таңғажайыбына толы, «шортаны қара бақандай, Бақасы сары атандай, Балдырғаны білектей, Баттауығы жүректей». Қасиет қонған, қыдыр дарыған мұндай өлкенің қолдан су-сып бара жатқаны ақынды шошындырады. «Бөрідейін жол тартып, Жауырынына мұз қатып» жолға шыққан батырдың ойы анық, көздегені – «Анау Нарында жатқан, Жас баланың қамы». Ел кегін жоқтаған Махамбетті отаршылдардың ойсыз тірлігі мен ел атқамінерлерінің аяр әрекеті ашындырып, амалсыз атқа қондырып, қолына қара алғызады.

Толарсақтан саз кешіп,  
Тоқтамай тартып шығарға,  
Қас үлектен туған қатепті  
Қара нар керек біздің бұл іске.

Қасарысқан жауға қарсы тұрар Исатайдай  
ер керек, оған серік боларлық, жау қашырарлық  
қайрат көрсетер қабылан жүректі бағландар  
қажет екенін аңғартады.

Елім, жерім деген азамат қана шыдар,  
бойын рух кернеген, намыс билеген баһадүр  
ғана жол бастар бұл сапардың оңай еместігін,  
халқын азаттыққа, бостандыққа жеткізудің  
жолы ауыр, машақаты мол, мехнаты көп екенін,  
оған «ат үстінде күн көрмей, арып-ашып жол  
көрмей» жете алмайтынын түсіндіріп, намысын  
қайрайды.

Қоңыр салқын төске алмай,  
Тебінгі терге шірімей,  
Терлігі майдай ерімей,  
Ерлердің ісі бітер ме?!

Ақын қолданысындағы қатын-бала,  
қараорман, байтақ, қарындас т.с.с. сөздердің  
ауқымы кең, мағынасы терең екенін бүгінгі  
көзіқарақты оқырманның сезетіні анық. «Қара  
қазан, сары бала қамы үшін» атқа қонған ерлердің  
ісі қай кезде де өнеге, ерін, жерін қорғаудағы  
ұстанымы қай ұрпаққа да үлгі болмақ. «Еділ үшін  
егестік, Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін  
қырылды, Тептер үшін тебістік...», – дегенінен

бір аймақтың жер-су атаулары айтылғандай  
көрінгенмен, бұл сөздердің, ұғымдардың  
мағынасы әлдеқайда кең. Махамбетті түйсінсек,  
Еділ-Жайық-қос өзен – елдіктің символы, Ата-  
мекен, туған жер ұғымы Отан сөзінен кем  
соқпайды. «Айналасы ат шаптырса жеткісіз»  
Нарыны – қазақтың қимасы, ұлттың бөлшегі  
деген мағынамен пара-пар екенін саналы ұрпақ  
ұғып өсуге тиіс, біліп, түйіп жүруі қажет. Кім  
үшін «егесіп, жандасып», не үшін «қырылып,  
тебісіп» жүргенін өсер ұлттың баласына сәби  
шақтан сездіріп өсірсек, елге, жерге деген  
құрметін құнттап жүрсек, еңбегіміз еш кетпек  
емес. Қалың елі үшін ханның қорған, ерлердің  
– қалқан болғанын біліп өскен ұлан ұлтына –  
қамқор болып ер жететінін, отансүйгіштік рухта  
тәрбиеленетінін ұмытпағанымыз жөн.

Басына төнген қауіп-қатерге қарамастан  
қараорман халқының амандығын, бостандығын  
ойлау – жаратылысы бөлек жанның, жүрек  
жұтқан батырлықтың белгісі. Шамырқанған,  
шамданған шайырдың шайырының, шатынаған,  
қайралған батырдың батырының ғана қолынан  
келер іс. Оза көшіп, кең жайлаған, еркін жүріп,  
ен жайлаған елдің ертеңге апарар көшін түзеу,  
болашақ ұрпаққа жеткізер аманатын түгелдеу  
үлкен жауапкершілікті мойнына алған ердің  
ғана қолынан келер қайрат. Заманы жүктеген  
ауыртпалықты мойымай көтеріп, ел үмітін  
ақтаған Махамбеттердің бүгінгі ұрпақ алдында  
ары таза, айтқаны ақиқат.

### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Махамбет ерлік пен бірлікке шақырады // Махамбет энциклопедиясы. – Алматы, 2004. – 610 б.
- 2 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2001. – 336 б.
- 3 Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 239 б.

### References

- 1 Nazarbaev N. Maxambet erlik pen birlikke shaqiradı // Maxambet énciklopediyası. – Almatı, 2004. – 610 b.
- 2 Şärip A. Qazaq poéziyası jäne ulttıq ideya. – Almatı: Bilim, 2001. – 336 b.
- 3 Ömiräliëv Q. XV-XIX ğasırlardağı qazaq poéziyasınıñ tili. – Almatı: Ğılım, 1976. – 239 b.



2-бөлім  
**ТІЛ БІЛІМІ**

---

Раздел 2  
**ЯЗЫКОЗНАНИЕ**

---

Section 2  
**LINGUISTICS**

Ақымбек С.Ш.,  
Ебелекбаева Ә.Қ., Ахмет А.Н.

**Іскер әйелдің тілдік портретін  
жасауда интонацияның  
прагматикалық функциясы**

Мақала әйелдердің іскерлік диалогіндегі интонация функциясының салыстырмалы зерттеуіне арналады. Қазір оқшауланған монологтік лебіздерге емес, өзара әрекеттесуге бағытталған зерттеу еңбектері баршылық. Осыдан келе диалог уәж айту мен жауап реакциясы ретінде басты зерттеу объектісіне айналып отыр. Мақалада диалогтік бірлік ретінде диалогтік мәтіндегі құрылымдық, коммуникативтік және мағыналық тұтастыққа ие бірліктер талданған. Іскерлік қарым-қатынас екі жақтың ерекшеліктеріне негізделе отырып құрылады. Яғни іскерлік диалог құруда коммуниканттардың қоғамдық мәртебесі, қызмет иерархиясында алатын орны, мамандығы, ұлты, жасы, мінезі мен жынысы – маңызды факторлардың бірі. Зерттеу барысында коммуниканттары әйел қызметкерлер болып келетін іскерлік диалогтік бірліктер қарастырылды. Яғни бағынышты әйел адам басшыларымен сөйлесу барысында өзінің эмоция, толқу, алаңдау секілді жай-күйлерін интонация көмегімен барынша жасыруға, сыртқа байқатпауға тырысады. Бірақ негізгі тонның жиілігі арқылы адамның мұндай толқу әрекеттері бірден байқалады.

Зерттеу нәтижелері іскерлік дискурста интонацияның просодикалық параметрлері әйел коммуниканттың қызметтік дәрежесіне тікелей байланысты болатынын көрсетті.

**Түйін сөздер:** іскерлік диалог, қызметтік дәреже, просодикалық параметрлер, интонацияның прагматикалық функциясы, гендерлік лингвистика.

Akymbek S.Sh.,  
Yebelekbayeva A.K., Akhmet A.N.

**Pragmatic function of intonation  
in creating the speech portrait of  
a business lady**

This article is devoted to the comparative study of the functions of intonation in the dialogical business communication of women in different rank positions. Nowadays the main object of study becomes a dialogue as the exchange of remarks, stimulus and responses. In the article dialogical unity is a unit of dialogical text which possess structural, communicative and semantic value. Business communication is built taking into account the characteristics of the partners who have a business relationship, their social status and place in the official hierarchy, profession, nationality, age, nature and gender. The object of the research is a dialogical unity female boss and subordinated women. During communication subordinated woman tries to hide her emotions and excitement, but these actions can be seen through the main frequency. The research allowed concluding that prosodic parameters directly depend on the rank position of a female communicant in business discourse.

**Key words:** dialogical business communication, rank position, prosodic parameters, pragmatic function of intonation, gender linguistics.

Ақымбек С.Ш.,  
Ебелекбаева А.Қ., Ахмет А.Н.

**Прагматическая функция  
интонации в создании  
речевого портрета деловой  
женщины**

Статья посвящена сравнительному изучению функции интонации в деловой диалогической речи женщин, занимающих различное ранговое положение. Сейчас основным объектом исследования становится диалог как обмен репликами-стимулами и реакциями. В статье под диалогическим единством понимается единица диалогического текста, обладающая структурной, коммуникативной и смысловой целостностью. Деловое общение строится с учетом особенностей партнеров, вступающих в деловые отношения, их социального статуса, места в служебной иерархии, профессии, национальности, возраста, характера и пола. Объектом исследования являются диалогические единицы женщины-начальника и женщины подчиненной. Во время коммуникации женщина-подчиненная старается скрыть свои эмоции и волнения, но такие действия можно заметить через частоту основного тона.

Исследования позволили прийти к выводу, что просодические параметры интонации напрямую зависят от рангового положения коммуниканта-женщины в деловом дискурсе.

**Ключевые слова:** деловая диалогическая речь, ранговое положение, просодические параметры, прагматическая функция интонации, гендерная лингвистика.



## ІСКЕР ӘЙЕЛДІҢ ТІЛДІК ПОРТРЕТІН ЖАСАУДА ИНТОНАЦИЯНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯСЫ

Тілдік қарым-қатынас адам әрекетінің ең маңыздысы ретінде көптеген ғылым салаларының зерттеу объектісіне айналып отыр. Мысалы: социология, қоғамдық психология, антропология, лингвистика және т.б. Бүгінде лингвистердің қызығушылығы окшауланған монологтік лебіздерге емес, қоғамдық-сөйлесімдік әрекеттесуге бағытталған. Осыдан келе диалог уәж айту мен жауап реакциясы ретінде басты зерттеу объектісіне айналып отыр. Себебі әрбір тілдік немесе тілдік емес мәжбүрлеу екінші қатысушының тарапынан болатын жауап реакциясын туындатады [1, 84]. Мақалада диалогтік бірлік ретінде «диалогтік мәтіндегі құрылымдық, коммуникативтік және мағыналық тұтастыққа ие бірліктерді» [2, 76] ұсындық. Аталған бірліктерде ілікпе сөз (реплика) арасындағы жүйелік байланыс көрініс тапқанын байқауға болады. Сондай-ақ әңгімелесушілердің өзара бір реттік сөйлеу әрекетімен алмасуын көрсетеді [3, 48].

Қазір көптеген кәсіби әрекеттерде маңызды орын алып қана қоймай, оның табыстылығын сипаттайтын іскерлік қарым-қатынасқа (тілдесу) назар аудармау мүмкін емес. Осы тұста Дж. Рокфеллердің мына пікірі өте құнды «Басқа да тауар түрлері секілді адамдармен коммуникацияға түсе білу қабілеті де – тауардың бір түрі. Мен мұндай шеберлік үшін әлемдегі басқа тауарларға қарағанда әлдеқайда көбірек ақша төлеуге дайынмын» [4, 37].

Іскерлік қарым-қатынас екі жақтың ерекшеліктеріне негізделіп отырып құрылады. Яғни іскерлік диалог құруда коммуниканттардың қоғамдық мәртебесі, қызмет иерархиясында алатын орны, мамандығы, ұлты, сенімі, жасы, мінезі мен жынысы – маңызды факторлардың бірі. Зерттеу барысында коммуниканттары әйел қызметкерлер болып келетін іскерлік диалогтік бірліктер қарастырылғандықтан, іскерлік қарым-қатынастың гендерлік ерекшеліктеріне тоқталғанды жөн санаймыз.

Гендерлік лингвистика – қазіргі тіл білімінде қарқынды дамып келе жатқан лингвистикалық бағыттардың бірі. Лингвистикалық әдебиеттерде «гендер» термині жүйелі қолданылмағандықтан, ғалымдардың еңбектерінде «жыныс» және «гендер» сөздері қатарласа қолданылады. Гендер – әйел

мен ердің әлеуметтік қоғам қалыптастырған, жасаған үлгісі. Ол әйел мен ер жынысының әлеуметтік ортадағы, қоғамдық-мәдениет ошақтарындағы өзіндік орны мен ролін айқындайды.

Жалпы ғалымдар «жыныс және сөз» мәселелерімен шетел тіл білімінде XX ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап айналыса бастады. Грамматикалық род категориясын білдіретін ағылшын термині «gender» лингвистикалық контекстен алынып, ең алдымен, басқа ғылым салаларының, яғни әлеуметтік пәлсафа, әлеуметтану, тарих және саясаттану ғылымдарының зерттеу нысанына айналды. Кейінірек бұл термин гендерлік зерттеулердің кең өркен жаюына орай ғылымда өзіндік мәртебе алып, қазіргі тіл біліміне жаңа мағынада, жаңаша сипатпен қайтадан енді.

Қазіргі таңда гендерлік лингвистика негізінен тілдік қатынастағы ерлер мен әйелдер тілінің өзіндік ерекшеліктері мен айырым белгілеріне айрықша назар аударуда. Сол себепті қазіргі кезде әлемдік тіл білімінде әр ел ғалымдары тілдегі гендерлік ерекшеліктер мәселесін көтеріп, жан-жақты зерттеулер жүргізуде.

Іскерлік қарым-қатынас гендерге тәуелсіз деп дәстүрлі есептелгенмен, іс жүзінде әлеуметтік нормаларға сәйкес стереотиптер іске қосылады. Қоғамдық нормалар – адамның қоғамдағы әрекетін анықтайтын негізгі ережелер жиынтығы [5, 31]. Гендерлік стереотиптер көбіне қоғамдық норма ретінде түсіндіріледі. Психолог және социолог Алисон А., Грей Дж., Лавриненко Н.В., Лукьянова Н.А. [6; 7; 8; 9], сияқты ғалымдар іскерлік ортадағы гендерлік қарым-қатынастың мәселелерін бірнеше мәрте қарастырған. Дегенмен аталған ғалымдар бұл проблеманы тек психологиялық және социологиялық тұрғыдан ғана талқылады.

*Өзектілігі:* Қазақ тіліндегі іскерлік диалог мәселелерін фонетикалық тұрғыдан қарастыру. Басшы әйелдер мен бағынышты әйелдер арасындағы іскерлік диалогтегі интонацияның прагматикалық функциясына сараптама жасалады. Сондай-ақ әйелдердің қызметтік дәрежесінің іскерлік тілдесім барысында қолданылатын просодикалық параметрлерге әсері қарастырылады.

*Зерттеу объектісі:* Қазақ тіліндегі іскерлік диалогтер, әр түрлі иерархиялық сатыда тұрған әйелдердің арасындағы коммуникациялар: Басшы әйел-Бағынышты әйел.

*Зерттеу пәні:* Басшы әйел мен бағынышты әйелдің диалогтік сөйлесімінің просодикалық ерекшеліктері қарастырылады.

Зерттеу материалы ретінде басшы әйел мен бағынышты әйел арасындағы іскерлік диалогтің құрамына енетін мәтін таңдап алынды.

*Зерттеудің мақсаты:* Қазақ тіліндегі басшы және бағынышты әйел адамдардың іскерлік дискурсындағы просодикалық амалдарды анықтау және салыстыру, сонымен қатар басшы және бағынышты әйел адамдардың жалпы интонациялық контуры ретінде сөйлеу портреттерін қалыптастыру.

Зерттеудің негізгі объектісі қазақ тіліндегі іскерлік диалогты зерттеу болғандықтан, іскерлік қарым-қатынас туралы базалық түсінік қалыптастыру қажет. Іскерлік қарым-қатынас – коммерциялық, ғылыми, өндірістік, басқарушылық т.б. салаларын ұйымдастыру немесе оңтайландыру мақсаттарындағы тұлғаралық байланыс [10, 59]. Іскерлік қарым-қатынасқа іскерлік тілдесім, ғылыми пікірталас, саяси тақырыптардағы әңгіме-келіссөздерді және қызмет бабы бойынша кеңес-сұхбаттарды жатқызуға болады [11, 7].

Біздің жұмысымыздың мақсаты – басшы және бағынышты әйелдердің жалпы интонациялық контурын анықтау. Сол себепті объективті және субъективті тәсілдері бар жинақталған әдістер арқылы басшы және бағынышты әйелдердің диалогтік бірлігінің просодикалық амалдарына инструменталды-фонетикалық зерттеу жүргіздік.

Аудиторлық анализ экспериментальді зерттеудің бір сатысы. Мұнда қызмет бабы бойынша әр сатыда тұрған әйелдер арасындағы іскерлік диалогтің просодикалық параметрлері анықталды. Аудиторлар келесі тапсырмаларды орындауға міндеттелді: диалогтік бірліктің синтагмаларын анықтау және кідіріс ұзақтығын көрсету; фразда екпінді дұрыс орналастыру, айтылымның эмфатикалық центрін айқындау, қарқын деңгейі, диалогтік бірлік құрамындағы фразалардың айтылу темпі мен дауыс қаттылығын көрсету. Аудиторлық анализ просодикалық ерекшеліктердің ішінен қазақ тіліндегі іскерлік диалогте айтылу темпі мен дауыс қаттылығының маңызы ерекше екенін көрсетті.

Енді зерттеудің келесі сатысы «PRAAT» компьютерлік бағдарламасы арқылы жүзеге асқан инструменталды-фонетикалық анализ болып табылады. Бағдарлама акустика-интонаграфиялық, спектральді-сегментті және суперсегментті деңгейде анализ жүргізеді. Іскер әйелдің сөйлесімдік портретін қалыптастырудың прагматикалық аспектісін жүзеге асыруда

интонацияның әуендік компонентін қарастыру негізгі тон жиілігінің диапазонын зерттеуге жол ашты. Көрнекті ғалым З.Базарбаева былай дейді: «Акустикалық жағынан қарағанда, әуен сипаты әр уақытта өзгеріп тұратын негізгі тонның жиілігімен сәйкес. Сөйлеу тілінің негізгі тон жиілігінің бір өзгешелігі – оның сөйлеу процесінде ұдайы өзгеріп тұруында. Тілдегі негізгі тонның абсолюттік мазмұны сөйлеушінің дауысының жоғары не төмен болуымен байланысты деп есептеледі» [12, 26].

Эксперименталды зерттеуді жүргізу әйелдер репликасының жалпы интонациялық контурын қалыптастыру қажеттілігінен туындап отыр. Сол себепті әйел дикторлардың, оның ішінде басшы және бағынышты (тәуелді, қол астындағы) әйелдердің сөйлеу мәнеріндегі просодикалық амалдар қарастырылды.

Эксперименталды-фонетикалық зерттеу екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңнің мақсаты – басшы және бағынышты әйелдердің жалпы интонациялық контурын жасау және оларды салыстыру. Бірінші кезеңде зерттелген диалогтік бірлік орналасу принципі бойынша 3 топқа бөлінеді: 1) Коммуникация басталған кездегі реплика; 2) Репликаның шарықтау шегі (кульминация); 3) Репликаның аяқталу сәті (қорытынды). Әр топта басшы және бағынышты әйел репликасындағы диалогтік бірлікке талдау жасалған болатын.

Электроакустикалық анализ жүргізу барысында лебіздің субъективтік (қабылданушы) сипаттары мен объективтік (акустикалық) параметрлері негізге алынды. Нақтыласак, әуен

негізгі тон жиілігінің уақытқа бөлінісіне коррелят екендігі, дауыс қаттылығы дыбыстау қысымының, яғни интенсивтілік мәніне сәйкес келетіні, айтылым жылдамдығы кідірістің орналасу сипаты мен лебіздің айтылу ұзақтығына тәуелділігі. Экспериментальді анализге жиілік және уақытқа қатысты просодикалық параметрлер: жиілік диапазон, негізгі тон жиілігінің шектік (максималді) мәні, негізгі тон жиілігінің шектік мәнінің синтагмада орналасуы (3-буын, корпус, өзек), диалогтік бірлік буынының орташа ұзақтығы мен кідіріс (мс).


Басшы әйел мен бағынышты әйел интонациясын зерттеу мақсатында төмендегі диалог ұсынылды:

- Бұл жобаны кейінге қалдыруымыз керек.
- Жоқ, жобаны кейінге қалдыру мүмкін емес.
- Бұдан басқа да маңызды мәселелер бар.
- Дәл қазіргі уақытта біз үшін ең тиімдісі – осы. Биылдан қалсақ, тендерге үлгермейміз.
- Жақсы, жобаны кеңес талқысына салайық.
- Мен онда құжаттарды әзірлейін.


Берілген диалогтік бірліктердің компоративті анализі келесі нәтижелерге қол жеткізді:

1. Диалогтік бірліктің басында басшы әйел мен бағынышты әйелдің арасында айтарлықтай айырмашылықтар білінбейді. Басшы әйел (337.6 Гц және 157.7 Гц) айтылымында негізгі тон жиілігінің жоғарғы және төменгі шегі де жоғары, бірақ бұл фактіні бағынышты әйелдің (304.0 Гц және 186.6 Гц) ұқсас көрсеткіштерімен салыстыра отырып үлкен айырмашылық ретінде бағалауға келмейді.

Анализ нәтижелері 1-2 – суретте



1-сурет – Басшы әйел




2-сурет – Бағынышты әйел


2. Диалогтік бірліктің шарықтау шегінде (кульминация) басшы әйелдің (304 Гц және 152 Гц) қалыпты, өзгеріссіз көрсеткіштерімен салыстырғанда бағынышты әйелде (426.2 Гц және 171.2 Гц) негізгі тон жиілігінің тұрақты түрде өсуін байқаймыз. Сондай-ақ бағынышты

әйелдің диалогтық бірлігінің корпусында негізгі тон жиілігінің ауытқулары (375.9 Гц-тен 415.2 Гц-ке дейін) білінеді. Ал басшы әйелде аталған ауытқулар жоқ (258 Гц-тен 296.8 Гц-ке дейін).

Анализ нәтижелері 1.1-2.1 – суретте



1.1-сурет – Басшы әйел




2.1-сурет – Бағынышты әйел


3. Ілікпе сөздің шешуші сәтін сараптай отырып, басшы әйел (230.5 Гц және 123.4 Гц) негізгі тон жиілігінің көрсеткіштері бағынышты әйелмен (358.4 Гц және 143.2 Гц) салыстырғанда алғашқы буындарында, корпус

және өзексоңында төмен түскен. Ядрода басшы әйел (234 Гц) негізгі тон жиілігінің көрсеткіші бағынышты әйел (302 Гц) көрсеткішінен төмен.

Анализ нәтижелері 1.2-2.2 – суретте



1.2-сурет – Басшы әйел



2.2-сурет – Бағынышты әйел

Барлық алынған нәтижелер бойынша төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1) Негізгі тонның жиілігінің көрсеткіші бойынша бағынышты әйелге қарағанда басшы әйелде негізгі тонның жиілігі жоғары болады. Себебі басшы әйел қарым-қатынас барысында жетістікке (мақсатына) жететінін біліп, ақпаратты бірқалыпты, сабырлы күйде жеткізеді. Егер де басшы әйел ақпаратты ерекше әсерлі жеткізгісі келсе, онда сөз жоғары әуенге ие болып, негізгі тон жиілігі жоғарылайды. Негізгі тонның жиілік көрсеткіші аудиторлардың зерттеулеріне сәйкес, сөйлеу барысында интонацияның күрт төмендеуі пікірталастың енді қайталанбайтынын, сөйлесімнің аяқталғандығын білдіреді. Аудиторлық зерттеу көмегімен сөйлесімдегі әйел адамдардың темпі өте жоғары болатыны анықталды. Қарапайым қызметтегі әйел адамдарының сөйлеу аппаратында айрықша интонациялық ерекшелік болмауы мүмкін, ал басшылық қызметте істейтін әйел адамда негізгі тон жиілігі жоғары көрсеткішке ие. Жағдаяттың өзгеруіне байланысты негізгі тонның жиілігі де өзгеріп отырады. Оған мысал, егер де басшы әйел өзінен лауазымы жоғары тұлғалармен сөйлессе, онда өзі сол бағынышты әйелдің сөйлеу рөліне (тілдесіміне) енеді (айналады). Сонда басшы әйел жоғары тонмен емес, бағынышты әйелге тән төмен тонмен сөйлейді. Негізгі тонның жиілігі басшы әйелдерде көп жағдайда физиологиялық ерекшеліктерге байланысты өзгермейді. Өзіне тәуелді, бағынышты адамдарға өз сөзін тыңдату мақсатында басшы әйелдерде негізгі тонның жиілігі өзгереді.

2) Диалогтік бірлік басталған уақытта бағынышты әйел адамдарда негізгі тонның жиілігі төмен болады, ал сөйлесімнің аяқталу шағында

бұл көрсеткіш біршама жоғарылайды. Мұны бағынышты әйел адамның ақпаратты сөйлемнің аяқталу шағында жеткізуге асығатындығынан болатын құбылыс деп түсіндіруге болады. Екінші жағынан алып қарайтын болсақ, егер де бағынышты әйел адамның басшысы ер адам болса, онда әйел адам ер адаммен сөйлесу кезінде өзін сенімсіз сезіне бастайды. Ал бағынышты әйел адамның мұндай толқуларын негізгі тон жиілігінің көрсеткіштерінен байқауға болады. Бағынышты әйел адамның басшы ер адаммен коммуникациядағы (тілдесімдегі) басты мақсаты – ойды күйзеліссіз, артық эмоциясыз, барынша нақты, дәлелді етіп жеткізу болып табылады.

Жоғарыда айтылған дәйектерге сүйеніп мынадай қорытындыға келуге болады:

Диалогтік сөйлесім барысында сөйлеуші мен тыңдаушының іс-әрекетін негіздейтін әрі реттейтін потенциалды қабілетке ие семантикалық элементтерді қарастыру маңызды. Осы тұрғыдан интонация мәселелерін негізге алмай, мақсатқа жету мүмкін емес. Өте көп жағдайда прагматика деп анықталып жүрген қосымша ақпаратты тек интонация арқылы көруге болады.

Прагматика, ең алдымен, сөйлеушінің субъективті қарым-қатынасымен байланысты, яғни сөйлеушінің эмоциясы, экспрессиясы, қалауы мен әртүрлі бағалау ақпараттарын жатқызуға болады. Мұндай қосымша ақпарат сөйлесімге тән қалыпты, нейтралды интонациядан ауытқыған сәтте пайда болады.

Яғни бағынышты әйел адам басшыларымен сөйлесу барысында өзінің эмоция, толқу, алаңдау секілді жай-күйлерін интонация көмегімен барынша жасыруға, сыртқа байқатпауға тырысады. Бірақ негізгі тонның жиілігі арқылы адамның мұндай толқу әрекеттері бірден байқалады.

### Әдебиеттер

- 1 Баранов А.Н., Крейдлин Г.Е. Структура диалогического текста: лексические показатели минимальных диалогов // Вопросы языкознания. – 1992. – №3. С. 84-93.
- 2 Москальская О.И. Проблемы описания синтаксиса. – М.: Прогресс, 1986. – 267с.
- 3 Федорова Л.Л. Типология речевого воздействия и его место в структуре общения // Вопр. языкознания. – 1991. – №6. – С. 46-50.
- 4 Введенская Л.А., Павлова Л.А. Деловая риторика. – М.: Прогресс, 2004. – 512с.
- 5 Берн Ш. Гендерная психология. – М.: Олма-Пресс, 2004. – 318с.
- 6 Вудвард, Алисон Е. На шляху до гендерної рівноваги. – К.: К.І.С., 2002. – 285с.
- 7 Грей Джон. Венера и Марс на работе. – М.: София, 2003. – 320с.
- 8 Лавриненко Н.В. Женщина: самореализация в семье и обществе (Гендерный аспект). – К.: ВИПОЛ, 1999. – 203с.
- 9 Лукьянова Н.А. Настольная книга бизнесмена. – М.: Руссо, 1996. – 576с.
- 10 Душкина М.Р. Психология влияния: деловое общение. – Санкт-Петербург: Питер, 2004. – 224с.
- 11 Девкин В.Д. Диалог. – М.: Высшая школа, 1981. – 158с.
- 12 Базарбаева З. Қазақ тілі: интонология, фонология. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. – 326 б.



### References

- 1 Baranov A.N., Krejdlin G.E. Struktura dialogicheskogo teksta: leksicheskie pokazateli minimal'nyh dialogov // Voprosy jazykoznanija. – 1992. – №3. S. 84-93.
- 2 Moskal'skaja O.I. Problemyopisanija sintaksisa. – M.: Progress, 1986. – 267s.
- 3 Fedorova L.L. Tipologija rechevogo vozdejstvija i ego mesto v strukture obshhenija // Vopr. jazykoznanija. – 1991. – №6. – S. 46-50.
- 4 Vvedenskaja L.A., Pavlova L.A. Delovaja ritorika. – M.: Progress, 2004. – 512s.
- 5 Bern Sh. Gendernaja psihologija. – M.: Olma-Press, 2004. – 318s.
- 6 Vudvard, Alison E. Na shljahu do gendernoi rивnovagi. – K.: K.I.S., 2002. –285s.
- 7 Grej Dzhon. Venera i Mars na rabote. – M.: Sofija, 2003. – 320s.
- 8 Lavrinenko N.V. Zhenshhina: samorealizacija v sem'e i obshhestve (Gendernyj aspekt). –K.: VIPOL, 1999. – 203s.
- 9 Luk'janova N.A. Nastol'naja kniga biznesmena. – M.: Russo, 1996. – 576s.
- 10 Dushkina M.R. Psihologija vlijanija: delovoe obshhenie. – Sankt-Peterburg: Piter, 2004. – 224s.
- 11 Devkin V.D. Dialog. – M.: Vysshaja shkola, 1981. – 158s.
- 12 Bazarbaeva Z. Қазақ тили: intonologija, fonologija. – Almaty: «Zhibek zholy» baspa үji, 2008. – 326 b.



Yessimzhanova M.  
**The «Hospitality» Concept in  
Phraseology**

The present study is an attempt to investigate «phraseological units» (PUs), focusing on the «hospitality» concept as used in the English, Russian, and Kazakh languages. The «hospitality» concept is considered from the viewpoint of cognitive linguistics and linguoculturology. The phraseological data of each considered language present material related to «hospitality» projecting generally positive attitude toward «hospitality» expressed in the respective phraseological units. Phraseological units of all three languages present commonly held negative attitude toward a «guest who stays long».

**Key words:** phraseological unit, concept, hospitality.

---

Есімжанова М.  
**Фразеологиядағы  
«қонақжайлық» концепті**

Зерттеу жұмысында ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде «қонақжайлық» концепті сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді талдауға әрекет жасалған. «Қонақжайлық» концепті когнитивтік лингвистика және лингвокультурология тұрғысынан зерттелген. Қарастырылған тілдердегі мысалдар «қонақжайлыққа» қарасты фразеологиялық бірліктердің барлығын және олардың «қонақжайлық» концепті жағымды жағынан сипаттайтыны көрсетілген. Сонымен қатар қарастырылған тілдердің барлығындағы фразеологиялық бірліктер «ұзақ мезгіл қонақ» болудың жағымсыз қылық екенін білдіреді.

**Түйін сөздер:** фразеологиялық бірлік, концепт, қонақжайлық.

---

Есімжанова М.  
**Концепт «гостеприимство»  
во фразеологии**

В данном исследовании предпринимается попытка исследования фразеологических единиц, репрезентирующих концепт «гостеприимство» в английском, русском и казахском языках. Концепт «гостеприимство» исследуется с позиций когнитивной лингвистики и лингвокультурологии. Данные материала рассматриваемых языков характеризуются наличием фразеологических единиц, относящихся к «гостеприимству», проецируются в основном как положительное отношение к «гостеприимству». Фразеологические единицы рассматриваемых языков представляют общее негативное отношение к «гостю, остановившемуся надолго».

**Ключевые слова:** фразеологическая единица, концепт, гостеприимство.

**THE «HOSPITALITY»  
CONCEPT IN  
PHRASEOLOGY**

From the viewpoint of interrelationship of language and culture, phraseology is a boundless source for research at conceptual and linguistic level. This paper explores the concept of «hospitality» by analyzing of related «phraseological units» of English, Russian, and Kazakh languages to detect possible universalities and specific features.

The data and materials for the current study have been selected from lexicographical, phraseological sources and Internet as well in English, Kazakh, and Russian languages. All the phraseological units have been sorted out on the basis of their referring to the «hospitality» concept. Additionally, the interview method was applied with the respondents whose language was considered to be their first one.

When analyzing the data, the following main methods were used: the comparative method, and the method of conceptual analysis. The comparative method was based on approaches to searching of national specificity developed by Dobrovolskii [1]. The comparative approach assumes that the national specificity of a language can be identified by comparing it to another language. In the comparative approach, all the facts of L1 regarding L2 are considered to be specific, when they are not trivial from the point of view of traditional national culture of L2.

As for the conceptual method, the studies by Wierzbiska [2] and Ter-Minasova [3] served as the methodological basis for the study. In addition, linguo-cultural approach has been applied as one of the methods of linguoculturology is the analysis of language phenomena aimed at revealing of ethno-cultural specifics, different aspects of which were discussed by Wierzbiska [4; 2], Teliya [5], Maslova [6], Dobrovol'skij & Piirainen [7], and Chen [8].

Metalinguistic identification of the term «concept» is still under discussion, as well as relation of the term «concept» to the term «notion», cognitive structures and principles of comparative research. In the context of the current research, the term «concept» implies «mental forming», the internal content of which is filled by language speakers depending on the system of etalons, stereotypes and priorities existing in the national consciousness during a specific historical period.

It should be noted that there is no single definition of a «phraseological unit» (PU). Linguists offer different terms, for

example: «fixed expressions», «set expressions», «formulaic language», «idiom», etc. The terminology has been actively discussed and analyzed by many linguists, for example: Makkai [9; 10], Moon [11], Amosova [12], Kunin [13], Shanskii [14], and many others. For the purposes of the current study, the term «phraseology» is understood in its broad meaning. Therefore, the diverse fixed expressions including two-word formations, as well as predicative structures, are considered as the phraseological material for investigations.

## Discussion

In this work, the concept of «hospitality» has been identified as universal for all the languages under consideration: in general, «hospitality» is considered to be positive. «Hospitality» can be described in English dictionaries as: «disposed to treat guests and strangers with cordiality and generosity». A whole set of PUs related to «hospitality» have been revealed in all languages.

Ter-Minasova [3], a Russian phraseologist, claims that «hospitality» in English idioms is not presented, either positively or negatively. However, analysis of English phraseology data reveals a positive attitude that English idioms express toward hospitality, e.g.: «to kill the fatted calf», «to roll out the red carpet», «wine and dine», «to make someone feel at home», «bread-and-butter letter».

Analysis of Russian phraseological units demonstrates huge amount of PUs referring to «hospitality»; there are some PUs with a very clear positive disposition, e.g.: «Что есть в печи, то на стол мечи», «У нас на Руси прежде гостю поднеси», «Гостю шей не жалей, а погуще лей».

Data in Kazakh language phraseology also indicates a clear positive attitude to hospitality: «Қонақ келсе, құт келер», «Қонақты сөзбен тойғыза алмасын», «Құтты қонаққа – тәтті тамақ», «Атын барда жер таны, асын барда ел таны».

The general cognitive field of the «hospitality» concept can be structured as a frame, formed on the basis of notions associated with hospitality. Differentiation of the notions is based on the analysis of the material collected in all three languages.

Different and similar cultural values can be observed when looking at more specific components of the «hospitality» concept. This study aims at providing a more detailed analysis of the «invited/ uninvited» and «welcome / unwelcome guest» notions to find out specific and common features between languages.




Figure 1 – Cognitive structure of the «hospitality» concept

## Data in the Russian language

The Russian language provides explicit references to a welcome guest: «Добрый гость всегда впору», «Кто редко приходит, того хорошо принимают», «Хороший гость дому радость», «Гость дорогой, некупленный, даровой», «Желанный гость зову не ждет», «Званный – гость, а незванный – пес», «Званный гость убыточен».

The qualities of a unwelcome guest are expressed in the proverb: «Незванный гость хуже татарина», which literally means that the guest who has not been invited is worse than a Tatar; the expression is etymologically connected with Tatar invasion of Russia.

The following PUs also contribute to the negative meaning toward non-invited guest: «Кто ходит незванный, редко уходит негнанный», «Незванные гости с пиру долой», «На незваного гостя не припасена и ложка».

The following PUs reflect a negative attitude toward a long-staying guest: «Мил гость, что недолго сидит», «Бесстыжий гость посидеть любит», «И желанный гость от долгого пребывания делается лишним».

## Data in the English Language

«As welcome as flowers in May», «surprise party» are examples of PUs in the English language that reflects a positive attitude toward a non-invited, but welcome guest.

There is a PU which features negative qualities of a guest: «Guests, like fish, begin to smell after three days». In particular, this PU reflects negative attitude toward a long-staying guest. In this PU, «guest» is compared with «fish», a product which cannot be kept long. The association might be decoded in the following way: guest – fish should not



be kept long – fish is spoiled quickly – the guest who stays long is like fish which should not be kept long – guest should not stay long. (It is interesting to note that a similar PU is found in German: «*Ein Gast wie ein Fisch, er bleibt nicht lange Frisch*»). In both languages the same symbol of «fish» as a guest is used.

The other PUs demonstrate different attitude toward invited guests, e.g., this is an American PU «*First come, first served*» (the first guests are served, not all of them).

### Data in the Kazakh Language

In Kazakh culture, a notion of a «guest» is linked to basic cultural notions: «*Қонақ келсе, құт келер*»; this literally means that having a guest means having happiness. Non-hospitality is considered totally unacceptable behavior. The features of a welcome guest are also exemplified: «*Құтты қонақ келсе, қой егіз табады*», «*Құтты қонаққа – тәтті тамақ*».

In comparison with English and Russian languages, Kazakh phraseology demonstrates differentiation of «a uninvited guest» types. They are the following PUs:

«*құдайы қонақ*» (a guest from God) is a non-invited guest, who is travelling and who has to spend a night at a certain place;

«*қыдырма қонақ*» is a guest visiting friends/relatives (this can be either invited or uninvited); and

«*қылғыма қонақ*» is a guest who is also uninvited and who comes just to have a full belly.

It is obvious that the formation of the two first types of guests is connected to the nomadic life of Kazakhs, when a traveler had to spend a night at unknown place from time to time.

Қолданыста бар отандық оқыту тәжірибесіне және жаңа мамандарды даярлаудағы білім беруге, шетелдің оқыту тәжірибесін ескере отырып, жаңа көзқарасқа қалай ие болуға болады, оны ой елегінен қайта өткізіп, Қазақстандағы жоғары оқыту орындарындағы оқыту практикасында жаңа инновациялық идеяларды пайдалану жолдарын табу: а) шетел білім беру саласының түрлі әлеуметтік және білім беру процестерінің оң және теріс жақтарын анықтау, әрі қарай ғылыми талқылау; б) шетелдік жиынтық тәжірибені пайдалана отырып оқыту үдерісін жетілдіру және Қазақстанның жоғары мектебіндегі болашақ мамандарды тәрбиелеу іс жүзінде бірдей басым бағыттардың болуына негізделуі тиіс, бұл Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне тең дәрежеде кіруіне негіз болмақ.

Әлемдегі заманауи жоғары білім беру стандарттарының дамуы АҚШ тәжірибесіне қызығушылық танытып, оның болашақ кәсіби мамандарды дайындау әдістері ретінде қолданыс табуға мүмкіндік туғызды.

**Түйін сөздер:** жоғарғы мектебі, жоғары білім берудегі қайта құрулар үдерісі, әлемдік білім беру кеңістігіндегі интеграция, ұлттық білім беруді реформалау.

Досыбаева Г.К.

**Вхождение Казахстана  
в мировое образовательное  
пространство на равных**

Чтобы по-новому взглянуть на имеющийся отечественный опыт обучения и воспитания будущих специалистов с учетом зарубежного, переосмыслить его, найти пути использования передовых идей в практике высших школ Казахстана, необходимо изучение, выявление позитивных и негативных сторон различных социальных и педагогических процессов, происходящих в области образования за рубежом, а также совершенствование процесса обучения и воспитания будущих специалистов в современной высшей школе Казахстана с помощью совокупного зарубежного опыта. В связи с тем, что современный этап развития образования в мире характеризуется повышенным интересом к опыту высшего образования США, интенсивным использованием его в профессиональной подготовке будущих специалистов, то процесс интеграции высшего образования в Казахстане в мировое образовательное пространство, реформирование национальной системы образования происходит и достигает максимального эффекта.

**Ключевые слова:** высшая школа, процесс перестройки, мировые приоритеты, интеграция в мировое образовательное пространство, реформирование национальной системы образования.

## **THE ENTRANCE OF KAZAKHSTAN INTO THE WORLD EDUCATIONAL FIELD AS AN EQUAL**

The maximum success in modernization of the higher educational system in RK can be achieved in case all program directions of the Government placed into educational policy take all the best possible from positive potential of the US higher educational system in main directions: qualitative selection of school-leavers, qualitative teaching staff, high level of organizing of teaching process, finance provision, development of the infrastructure of the university. The analysis and study of literature on the given problem have revealed that in the Republic Kazakhstan different aspects of comparative pedagogics, methods of comparative and pedagogical researches, educational policy of the higher education are regarded in various works and researches. Alongside with it the problem of the quality of the educational system of RK, tendencies of its reforming, the issues of globalization and integration, the development of the national model of the higher education are also considered in various scientific works. The detailed and full analysis is carried out in these works. The authors outline their vision of the national model of the education in RK which should take all the best from world experience adding local cultural and educational peculiarities. But in all scientific works the problems and importance of launching of advanced practice and traditions of the western universities into local pedagogical practice have not been solved.

In paragraph number 4 which is called «Knowledge and professional skills – the key indicators of modern educational system, training and retraining of the staff with the new course «Kazakhstan – 2050», the Leader of the nation in his Appeal to the nation instructs the Government to provide the development of engineering education and modern technical specialties with awarding international certificates starting from 2013. Professional and technical higher education should focus on maximum satisfaction of current and perspective needs of national economics in specialists. It will solve the problem of employment of people. The higher institutions should not be limited by only educational functions. They should create and develop the applied and scientific – research units. The universities which have been guaranteed the academic autonomy should not be restricted by perfection of their teaching programs, but should develop actively their scientific- research actively [1].

The willingness of RK integration into the world educational community, to acknowledgment of our diplomas and our specialists in the

countries of the civilized world make us analyze the US system of higher education, reveal its peculiarities and pay attention to its positive sides. We should not simply fix their positive tendencies in the practical work at the universities of RK. All mentioned above testify the availability of contradiction of the need of RK to the world modern tendencies and real situation of this problem in the country. The given contradiction has determined the theme of my research: what are the tendencies and peculiarities of the development of the higher education of the USA. So, the subject of my research is the perfection of training and upbringing of the future specialists in the modern higher institutions of RK with the help of combined US experience.

The comprehensive analysis of all mentioned scientific works prove that in the world community the modernization of the higher education systems is in full swing. The special attention in these countries is paid to the quality of training highly qualified and professional university graduates. It can be attained by providing the best financial, technical, psychological and pedagogical conditions, by comprehensive development of infrastructure, selection of educational conceptions, pedagogical methods and technologies, textbooks and a proper choice of highly professional staff. The study of working experience of the higher institutions in RK convince us that the process of reforming of higher education in our country is rather slow, meanwhile at the modern stage of educational development in the world is characterized by increasing interest to the experience of US higher education, by intensive usage of it in professional training of future specialists.

In accordance with the problem, aim, hypothesis and the subject of the research the following tasks have been put:

To develop scientifically proved conclusions and recommendations on usage of positive experience of the USA for higher educational system of RK.

Thus in the conclusion, the perfection of the teaching process and upbringing of future specialists in modern higher education of Republic Kazakhstan using the combined experience of foreign countries should be based on similar priority directions which can be the basis for RK to enter the world educational community on equal.

If we take the combined experience of the USA and RK we will be able to approach the quality and system of the preparation of the specialists to the world standards as the US educational system is the most successful, competitive and productive.

To develop scientifically proved conclusions and recommendations on usage of positive experience of the USA for higher educational system of RK.

Comprehensive analysis of the development of the higher education system of the USA allows to make up the following conclusions:

1. The study of the foreign pedagogical experience may be one of the possible ways of increasing the efficiency of the higher education in Kazakhstan. The science of education (educology) as any other spheres of knowledge and practice can't be developing in isolation from the world experience.

Creative use of foreign high school practice and pedagogics, accumulation of knowledge on tendencies of foreign educational systems, prognosis of their development provide intact vision of modern educational problems and ways of their solution.

2. The most important tendencies of the higher educational system in the USA are: globalization, technologization, computerization, internationalization and through these things to strengthen positions at world educational market. The brilliant developments of all these tendencies make US educational system highly competitive all over the world [2].

3. The major indices of high competition of the US higher education are: in the rating of the best world universities 60 of them are from the USA. In the country there is the largest number of outstanding specialists with the world fame and consequently the outstanding fundamental researches which is also testified by the number of Nobel Prize winners. The American system of higher education is perfectly harmonized with demands of industry and large corporations, large and small firms and characterized by high quality and efficiency of multilevel preparation of specialists especially in post diploma preparation that all attracts increasing number of students throughout the world [3].

Thus, it follows that productively and entrepreneurship are the peculiar features of the modern educational system of the USA which lead to the following conclusions:

- decreasing the importance of systematic fundamentals;
- search for innovation;
- the organization of teaching process with emphasis on interdisciplines, on serious independent work of the students as the main requirements of the quality;
- the qualitative selection of school-leavers through social colleges and highly professional teachers [5].

4. The main problems of the higher educational system of RK which restrain its development are:

- low level of specialists' preparation for innovative sphere. There can be mentioned such

things as: low level of development of innovative infrastructure of science and education, low innovative direction of educational programs, poor financial provision in all specialties especially technical ones. Besides students take weak part in carrying out state scientific and scientific-technical programs linked with innovative activity, the absence of effective connection of education and science with industry and so on.

- low demand of post-graduates after graduating from universities. The closure of specialties not competitive at market is slowly resolved;

- the system of higher education in RK can't provide outstripping education, can't prepare specialists with orientation on technological progress and specialists able to change briefly their profession.

- there are significant problems in informatization of higher education. Existing state inter-regional channels do not meet requirements of informatization of education, standard juridical basis is poorly developed and there is lack of electronic products in official language, lack of preparation of specialists in informatics and informational technologies in official language.

Besides there is no program provision for developing educational portals, electronic libraries, mediateques and the distance education is very poor in the country.

5. Also it is necessary decentralize the managing of higher institutions and to give them academic freedoms, to select highly professional staff, to raise the role of pedagogical, technical and medical colleges, to put responsibility for sustaining advanced researches on the local bodies. Attention should be paid to charity activities stimulated by tax legislation. It gives the opportunity to the talented students from poor families to get education in the most expensive and prestigious universities of the world, to invite foreign teachers and professors whose intellectual and cultural resources will promote the development of higher institutions of Kazakhstan, adherence to traditions and to raising the image of university. These indices can be taken by the Ministry of Education of RK into account while:

- developing and applying the single independent system of assessment of the results of education that may destroy subjectiveness, manipulation of republic opinion.

- defining the rating of universities according to quality of educational services and give the students opportunity to choose university which meets their demands;

- calculating the amount of state financing of universities and while calculating expenditures on one student which can lead to competition of universities for each student and the number of students will be defined by the quality of educational services.

- *considering the appliance of monetary means of tax stimulation of business structures* in case they support the universities.

To perfect the system of higher education in RK it is reasonable:

- to introduce the multilevel preparation of specialists according to the American model.

The introduction of it will make Kazakhstan:

- competitive in qualitative education that will attract many foreign citizens; – it will integrate such advantages of the American higher education as: diversity of educational institutions – from small humanitarian colleges to large state and private universities including research and corporative universities the analogues of which there are no in Kazakhstan.

6. Introduction of decentralization of management in Kazakhstani Universities and providing of academic freedoms will allow:

- to stimulate innovative activity of universities and its staff on developing more perfect standards, teaching programs and courses according to adequate modern requirements and appliance into teaching process innovative technologies and methods of teaching;

- to continue the work on developing multimedia and electronic textbooks, the use of computer teaching and controlling programs in the teaching process. Also it is necessary to create interdisciplinary courses, and joined programs of teaching and scientific researches with scientific and educational institutions of foreign countries and post-soviet countries. Which provide competition of our post-graduates at the world market.

- to abolish single standards, single teaching plans that restrain creative approach, creative initiative and sound competition between universities for qualitative education;

- to raise the responsibility of the universities for retraining pedagogical staff for working on new innovative technologies for utmost informatization and computerization of teaching process, for giving a free access of students and professors to informational resources, for application and development of distance education, and forming the market of on-line education of students. The universities should also be responsible for developing finance provision of universities, for developing infrastructures, for



raising the image of the university, for developing fundamental and applied researches, for creating new techno parks and techno polices which are to be linking elements between production and education.

2. Nowadays the higher education is highly developing in the USA. The US educational strategy, the system of higher education in particular, is recognized as the most effective and successful.

3. The most important tendencies characteristic for the USA higher education system are: globalization, technologization, computerization, internatiolization and aspiration through these tendencies to strengollowing then their position at world education market.

4. The key indicators of high competitiveness of the American higher education are: in the ranking of the best world universities there are 60 American universities, in the USA there are the largest number of outstanding specialists who are regarded to be the best or one of the best specialists in their fields and consequently are the best in different basic researches. The USA has 9 Nobel prize winners more than in any other country. And all these come as evidence that American higher education system is the best in the world and it is in harmony with the needs of industry and powerful corporations, of small and huge firms. This educational system is characterized by high quality and productivity of multistage preparation of specialists particularly at postgraduate training. It attracts constantly increasing number of students from all over the world. The American universities are characterized by high technological support an well-developed infrastructure, by significant amount of financing both as the part of state assistance and from private sources as well. It includes financial costs on each student, high traditionalism. In the USA the system of charity activity is highly developed that is stimulated by tax legislation. The basic of high competitiveness of the US higher education system is decentralization of university management and provision of academic freedom.

5. Under the influence of globalization, technologization, internalization, increasing market relations the active reforming of all American universities is under way. It concerns both national universities and the private ones as well. They are transformed into economic corporations linked with industry and education. Thus, we can conclude the peculiarity of the American higher education system as productivity and entrepreneurship[4].

6. One of the peculiarities of the US higher education system at the modern level is the distributive education or life-long education. The significant

feature of the distributive or life-long education is the fact that education in a person's life is distributed in small portions and comes along with their public work. Despite the certain similarities the distributive education is not quite the same as the system of continuous education and it doesn't replace it. Thus, the system of continuous education provides for joint educational possibilities as in official so in unofficial systems. The system of distributive education lies in fact that your public work is quite common between educational periods. We are speaking not only of postgraduate education but also of retraining education caused by changing economical situation in the country. The periods of public work are alternated by the process of after-secondary education which is regarded as the necessary component of getting the higher professional education. The vital chain education-work-leisure-pension is broken, there appear opportunity to coordinate it in accordance with public query, as well as with their own wishes and needs, which could substantially vary during human life[5].

We can make the following conclusion that the organization of postgraduate education is necessary for RK entering into the number of 30 developed countries of the world. The country should create maximum score for development of creative potentials of students, for revealing talents and abilities of a person to serve the society. So, one of the aims of educational program of undergraduates should be forming of additional professional competency linked both with scientific – research and practical activity. Availability of these trends of world educational space requires comprehensive attention to the issues of high quality higher education. It will provide well – trained graduates who are able to become in future outstanding representatives of some fields of social life and to make professional and creative elite of the country.

Under reforming conditions of the national educational system, its integration into the world educational space it is very important to be aware of modern foreign educational practice, to be able to analyze processes in the educational sphere and abroad. The developing internationalization of all aspects of social life demands constant analyzing of all processes in the educational sphere and abroad and its accordance with local educational system. The study of the state, regularities and tendencies of the development of educational systems in comparison with different countries and regions of the world, its national and regional specification is one of the important means of social and «cultural» progress and unity of the nations.



All these statements have become the basis of my interest and study of the US educational experience aimed at perfection of education and bringing up future specialists in Kazakhstan. The major methodological issues were in the problem how to use expediently the achievements of the USA. The problem is how to look in fresh eye at the local experience and try to grow up future specialists taking into account the advanced ideas from the practice of the higher institutions of Kazakhstan. I have taken into consideration the points of view of different scientists:

a) the study, revelation of all negative and positive social and pedagogical processes which occur in the educational sphere abroad are important for getting useful knowledge as the basis of further scientific research and as precondition for further experimental activity at national level for developing theory and practice of the local pedagogy (Higher education today 2004:32-36).

Thus, the conducted analysis of the comparative pedagogy gives me the following summaries:

- one of the possible means of searching ways of rising efficiency of higher education in Kazakhstan is study of foreign pedagogical experience;

- the most precious in any research is not blind copying but creative usage of foreign experience in the practice of higher education and pedagogy. Accumulation of foreign experience tendencies lets us comprehend better the priorities of the local higher education, direct and forecast its development. It gives us the full vision of modern problems in education and ways of solving them.

## 2. The state of the Problem.

The major problems of Republic Kazakhstan higher educational system holding back its development are:

- availability of centralized management of higher institutions by the Ministry of Education of RK and lack of academic freedoms, unified standards deviation of which is regarded as serious drawback during the certification or accreditation of

higher institutions.

- the low degree of demand of graduates shortly after graduating from university. Not any company, firm or enterprise no matter state or private wants to hire a graduate without experience. It causes difficulties while applying for a job.

- . duplication of specialists in state and non-state universities leads to over-production and besides the graduates have different levels of education. According to various experts only 30-40 percent of graduates are able to apply for a job.

The maximum success in the modernization of the higher educational system of RK can be achieved if all programm arrangements of the government absorb the maximum possible from positive American potential in the sphere of higher education along all major indicators of quality: the qualitative selection of school leavers, the qualitative teaching staff, the high level of organizing educational process, logistic support, the developed infrastructure and amount of financing.

Introduction of decentralization of universities, provision of academic freedom will give a chance:

- to cancel common standards and uniform curriculum that hold back creative approach, creative initiative and healthy competition of universities for qualitative education.

- to raise responsibility of universities for organizing retraining of teachers for working with innovative new technologies: providing free access to information resources for all students and professors, informatization and computerization of educational process, the introduction and expansion of distance education, for the need of formation of the market of online learning, for developing logistic support and infrastructures of universities, for raising the image of university and expansion of traditions, for development of basic and applied research of priority directions, for the creation of new technological parks and technopolises which should be linking points between production and training.

## References

- 1 Kazakhstan Strategy «Kazakhstan-2050» – New political course of the state/ Address by the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan/ Kazakhstanskaya Pravda, №39. – Astana, 2012. – 14 December.
- 2 Fedorov I., Ercovich S. Higher Education in Russia. To use the world experience appropriately. – 2003.
- 3 Dzhurinsky A.N. Internalization of the Higher education in the modern world. – 2004.
- 4 Zamulin O.A., Kapustin, B.G., Konstantinovskiy D.L. Transformation of the universities and new approaches to the content and structure of education journal Higher education today, № 8. – 2004.
- 5 Denis M. The future of the universities in 10 years period. – 2004.

Мұқан А.О.

**Бүгінгі қазақ драматургиясы:  
бағыт-бағдары мен ізденістері**

Мақала қазақ драматургиясының 2015 жылғы жетістігі мен өзекті мәселелеріне, бағыт-бағдары арналып, автор заманауи шығармашылық үдеріс пен жазушы-драматургтің театрмен шығармашылық қатынасының аяқ алысына тоқталады. Қоғамның өмір айнасы болған театр драматургтер шығармашылығында ел өміріндегі тарихи әлеуметтік мәні бар белгілі даталар – қазақ хандығының құрылуының 550 жылдық тарихы мен екінші дүние жүзілік соғыстағы жеңістің орны мен рөлі Қазақстан театрында жүріп жатқан шығармашылық ізденістерден толық көрініс табады.

**Түйін сөздер:** мәдениет, өнер, тарих, драматургия, пьеса, қойылым, сахна, автор, актер, режиссер.

---

Mukan A.O.

**Modern kazakh drama:  
ways and searches**

The article is devoted to the most striking achievements and problems in the development of national drama in 2015, where the author examines the current state and creative processes in its development, analyzes the creative interaction with the drama-writer theater. The creative search of the Kazakh theater, as in a mirror reflects the processes taking place in this period in a society where one of the majorest events was the celebration of the 550th anniversary of the Kazakh Khanate and the formation of Kazakh statehood, as well as a great victory in the Second World War.

**Key words:** culture, art, history, dramaturgy, play, performance, stage, writer, author, actor, director.

---

Мукан А.О.

**Современная казахская  
драматургия: пути и поиски**

Статья посвящена наиболее ярким достижениям и проблемам в развитии национальной драматургии за 2015 год, где автор рассматривает современное состояние и творческие процессы в ее развитии, анализирует творческое взаимодействие писателя-драматурга с театром. В творческих поисках казахского театра и драматургии, как в зеркале, отразились процессы, происходившие в этот период в обществе, где одним из знаменательных событий стало празднование 550-летия Казахского ханства и становление казахской государственности, а также великая победа во второй мировой войне.

**Ключевые слова:** культура, искусство, история, драматургия, пьеса, спектакль, сцена, автор, актер, режиссер.

## **БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫ: БАҒЫТ-БАҒДАРЫ МЕН ІЗДЕНІСТЕРІ**

2015 жылдың 11 қыркүйегінде Астана қаласында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Оған мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып: «Бүгінгі той – ең алдымен, Қазақ хандығының 550 жылдық тойы. ...Қазақ хандығы кезеңі – ат жалында күн кешкен Алаш жұртының қаһармандық дәуірі. Ел билеген хандардың өмірі майдан шебінде өтті. Қазақтың алғашқы он төрт ханының жетеуі жорық жолында қаза тапты. Осынау ұлы бабалардың биік рухына барлық ұрпақ айрықша құрметпен бас иіп, ризашылығын білдіреді.

...Біздің қасиетті жерімізді ықылым замандардан Ұлы дала деп, ал бабаларымызды Ұлы даланың ұрпақтары деп атаған. Біз – солардың жалғасымыз, Ұлы даланың мұрагерлеріміз. Осынау кең-байтақ Ұлы даланың көгінде халқымыздың бақ жұлдызы болып Жаңа Қазақстан дүниеге келді. Біздің Қазақстанымыз – ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы дала елі!» [1] – деген еді. Осы айтылған пікір төңірегінде өткен жылы біраз ауқымды істер атқарылды.

Ұлы даланы мекен еткен қазақтың еуропалық үлгіде кәсіби театрының 90 жылдық тарихы оның үлкен құрамдас бөлігі – драматургиясымен домбыраның қос ішегіндей қатар өріліп келеді. Есеп беріліп жатқан 2015 жыл мемлекет пен тарихтың сан қатпарына үңіліп, осындай ұстанымды шығармашылығына арқау еткен жыл болып жұртшылықтың есінде қалып тарих қойнауына кетті. Жыл бойы 5 жарым ғасырлық тарихымызды сараладық, тереңдей зерттедік, көптеген жаңа дереккөздерімен қаруландық, өзіміз үшін қызықты да таңданыс тудырған жәйттермен жүздестік. Қазақ әдебиеті мен театр өнері үшін бұл жыл қалдырған үлкен рухани азық жинап, ұрпақтың талғажау ететін қорына айналдырған жауапты да жемісті жыл болды. Өткен жылы сала қалай дамыды? Қазақ театры нені азық етіп, қандай үлгідегі драматургиямен қоректенді? Пьесалардың көркемдік сапасы қай деңгейде? Пьесалардың сахнада қойылуы қалай жүзеге асып жатыр? – деген сұрақтар бүгінгі баяндамамыздың өзегі болып, соған жауап іздетеді.

2015 жылдың қазақ драматургиясындағы ерекшеліктеріне келмес бұрын драматургияға қатысты республикалық, халықаралық деңгейде өткізілген бірнеше маңызды іс-шаралар жайлы мағлұмат бере кетейік.

Біріншіден, Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы мен «Еуразиялық топтың» (ERG) тарапынан 2015 жыл бір ғасырлық мерейтойына орай белгілі түрк халқының драматургі Халдун Танер жылы болып белгіленіп, Еуразиялық топ қолдауымен Түркі халықтарының драматургтері арасында осы мерейтойға арналған үздік пьесаға бәйге жарияланды. Комиссия қоржынына түркі әлемінің 18 ұлтының өкілдері жазған 109 пьеса келіп түседі. Соның ішінде қазақстандық жазушы-драматургтер тарапынан бәйгеге 16 пьеса қосылған. Халдун Танер жылы Анкарада, ТҮРКСОЙ штаб-квартирасында 2015 жылдың 8 желтоқсанда қорытындыланып, Башқұрстан (РФ), Әзірбайжан, Гагаузия, Түркіменстан және Қазақстан авторлары жеңімпаз атанды. Жерлесіміз режиссер-драматург Әкрам Ахметовтың ұйғыр тілінде жазылған «Махмұт Қашқари» пьесасы 10 мың түрік лира сыйақысымен екінші орынды иеленді [2]. Бұл есепті жылдың үлкен жетістіктерінің бірі.

Екіншіден, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан жылда өткізіліп келе жатқан дәстүрлі «Тәуелсіздік толғауы». Бұл бәйгеге биыл 20-ға жуық пьесалар түсіп, комиссия отырысының шешімімен белгілі қаламгерлер Жолтай Әлмешұлының «Шамда сөнген шырақ» немесе «Әл Фараби арманы» пьесасы және Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Мұстафа Шоқай» драмасы үздік атанып жүлделі орындардан көрінді. Белгісіз себептерге байланысты бұл ақпарат ресми түрде БАҚ бетінде жарияланған жоқ.

Үшіншіден, Қазақстан Жазушылар одағы «Еуразиялық топтың» (ERG) демеушілігімен ҚР Тұңғыш Президент қорының өткізген «Алтын тобылғы» бәйгесі. Мұнда «Бақтан өткенде» пьесасымен биіктен көрінген жас драматург Әннәс Бағдат болды [3].

Төртіншіден және бастысы, ұлттық әдебиетті қолдау мақсатында Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ұйымдастырылған «Алаш тарихының ақиқаты» атты жабық бәйгесі жарияланып жыл аяғында бәйгенің жеңімпаздарын марапаттау рәсімі осы жерде өтті. Проза, поэзия, драматургия жанрлары бойынша жарияланған бәйгеге еліміздің түпкір-түпкірінен 200-дей шығарма келіп түсіпті. Көрнекті ақын-жазушылар, әдебиет сыншылары, театр қайраткерлерінен құралған сараптау комиссиясы жабық бәйгенің талабына сай, үміткерлерді анықтаған. Жүлдегерлер арасынан, тіпті, бұрын әдебиет саласында танылмаған қаламгерлердің көрінуін қазылық еткен комиссияның жұмысының бейта-

рап жұмысын көрсеткендей. Қалай десекте, драматургия секілді күрделі жанрда қаламы әбден ысылған қазақ театрына тұрақты жазып жүрген авторлар есімдерін көреміз.

Драматургия жанры бойынша: Бас жүлде – Иранбек Оразбаев (Алматы). 1-орын – Рақымжан Отарбаев (Атырау). 2-орын – Сұлтанәлі Балғабаев (Алматы), Думан Рамазан (Астана), Жолтай Әлмештегі (Астана). 3-орын – Нұрғали Ораз (Алматы), Кенжебай Ахмет (Жезқазған), Жәркен Бөдеш (Алматы), Мағира Қожахметоваларға (Алматы) бұйырды. Ол жайлы кезінде БАҚ жан-жақты хабарламалар берді [4].

Қуаныштысы, бәйге қорытындысы жасалар тұста жеңімпаз аталған туындылар «Ан Арыс» баспасынан қос томдық болып шығарылып оқырмандардың қолына тиді [5]. Пьесаларды оқып шығып талқылау, олардың деңгейіне, көркемдік сапасына қарай орындар бөліп беру арнайы комиссия мүшелерінің жұмысы болды. Бастысы, бәйге талабына сай туындыларды іріктеп саралай алған деген ойдамыз. Өзіміз үлкен ықыласпен жанрлық шеңбері жыр-шежіреден бастап драмалық поэма, кең тынысты тарихи полотноға ұласатын, заманауи лирика мен мистикалық драмаға ауыз артатын алуан бағыттағы шығармаларды осы жинақтан оқыдық. Бұл кітапта орын тепкен кейіпкерлер галереясы, сандық, сапалық тұрғыда өсіп, жаңара түскен. Халыққа бұған дейін хрестоматиялық ұғымдай болып кеңінен танылған үш жүзді біріктірген Абылай ханнан, күллі қазақтың ақылман кемеңгерлері бола білген Төле, Қазбек, Әйтеке билерінен бөлек, мемлекеттің іргетасын қалаған Керей мен Жәнібек сұлтандар, жолы ескіден келе жатқан Еңсегей бойлы Есім хан, Жиымбет пен Марғасқа жыраулардың, Тәшкен билеушісі Тұрсын ханмен тайталасқан оңтүстіктің ел қамқоры болған Қанай датқа, Мұсабек батыр, Мәделіқожа ақынның, «темір нарком» атанған Жүргеновтің, батыр Бауыржан мен қайсар Мәншүктің, Шераға – Шерхан Мұртаза мен ақиық ақын Мұқағалидың көркем де сом жасалған образдарымен толықты.

Кітапқа енген пьесаларды біз жазылу бағыты мен көтерген мәселелеріне қарай біз пьесаларды шартты түрде бірнеше топқа бөлдік. Алдымен, көтерген тақырыбы мен сюжеті бұрыннан белгілі, алдыңғы буын қаламгерлер көтерген, бірақ драматургтер тарапынан қайта айналып соққан, өзіндік ой топшылаған туындыларға И. Оразбаевтың «Хан тұқымы» жыр-шежіресі және Жәркен Бөдештің «Шерата және Шынбала»

драмалық поэмасын жатқызамыз. Екі шығарма да поэзияның тілімен өріліп, кейіпкер образдары кесек, тұлғалы етіп сипатталады. Қуатты да уытты ырғақта бір деммен оқылатын, пафосқа құрылған Иранбек ағамыздың «Хан тұқымы» шығармасы осы күйінде музыкалы театр сахнасына – опера либреттосы болуға да әбден келеді.

Келесі топта Рақымжан Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» тарихи драмасы, Думан Рамазан «Аңсар» пьесасы, Жолтай Әлмештегінің «Мырзбидің жазасы» тарихи драмасы, Кенжебай Ахметтің «Еңсегей бойлы ер Есім» тарихи драмасы, Мағира Қожахметованың «... Азат Алаш – Даңқты Алаш!» драмалары қазақ театры сахнасында бұрын қозғалмаған тарихи тақырыпты көтерген. Әр пьеса өткен тарихымыз бен ел жадында қалған тұлғалар өмірінен өзіндік қайталанбас полотнолар жасай алған. Мұнда қазақ хандығының қалыптасу, даму жолындағы көне тарихы мен XX ғасырдың 30-40 жылдар көріністері. Төңкерістен кейінгі ел қатарлы қазақ болып мәдениет пен өнер жасау, репрессияға ұрындырған зұлматты кез бен екінші дүние жүзілік соғысқа ұласқан ұрпақтың жүзін күйік шалған тарихи кезеңдер баяндалады.

Үшінші топқа Сұлтанәлі Балғабаевтың «Мәңгілік махаббат әні» музыкалық пьесасы бүгінгі күннің жастардың тұрмысы мен өмір салтын ашып суреттесе, Нұрғали Ораздың «Дөп дөңгелек дүние» мистикалық драмасында ақиық акын Мұқағалидің о дүниелік болғаннан кейін араға жылдар салып өзі жүрген, қиялына шабыт берген жерге, көп өзгере қоймаған қоғамына қайта оралуы, адамдар арасындағы мәңгілік өлмейтін өзекті тақыптардан ой қозғайды.

Тарих жылындағы жыл еткен сахнадағы жаңалықтарға тоқталар болсақ 2015 жыл тұтастай еліміздің тарихына терең үңіліп, зерделеген жыл болды. Қазақ хандығына – 550 жылдығына арналған тарихи тақырыпқа қойылға спектакльдер бұл жылдың репертуарынан ерекше орын алды. Жекеленген тарихи тұлғалар келбетін ашуға бағытталған драматургия саласында соңғы жылдары біраз туындылар көрерменмен қауышты. Сапалық тұрғыдан әр алуан деңгейде жазылған пьеса авторлары ішінен соңғы жылдары Думан Рамазанның есімі жиі аталып жүр. Ол дұрыс та. Есепте сөз болған бір жылда автордың пьесасын республиканың 5 театры сахналаған екен. Олар: «Абылайдың арманы» (Қарағанды реж. Д. Қырықбаев, Астана реж. Б. Ұзақов, Шымкент орыс драма театрында реж. Е. Оразымбетов), «Керей – Жәнібек» Шығыс Қазақстан облыстық театрында реж. Б. Ұзақов),

Б. Римова атындағы Алматы облыстық қазақ драма театрларында (реж. Б. Тоқымбаев) тұсауы кесілді. Автор үшін үлкен жетістік. Өзінің театрын, режиссерін тапқан драматург деп осы Думанды айтуға әбден болады. Осы драматургтің қатарына соңғы кезде жазу-сызуымен көрініп жүрген жас қаламгер Бағдат Әннесті қосуға болады. Ол да академиялық театрда драматургиямен арнайы айналысады, режиссер, актерлермен қоян-қолтық еңбек ете жүріп жазған пьесалары сахнаға қойылып жатыр. Оның тарихи тақырыпты көтеріп Алматыдағы Неміс театры сахнасына арнап жазған «Рух»-«На земле» лекция спектаклін [6] (Реж. Еслям Нұртазин) және М. Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театры сахнасына белгілі қаламгер І. Есенберлиннің танымал трилогиясы негізінде инсценировкаланған «Алмас қылыш» (реж. А. Кәкішева) спектаклін атауға болады. Екі спектакль де автордың театрмен қоян-қолтық араласа жүріп, режиссермен және шығармашылық топпен бірлікте туындады. Ал жоғарыда атап өткен «Бақтан өткенде» пьесасы республиканың бас қалаларындағы екі театрға қабылданып, бүгінде дайындық жұмыстары жүріп жатқан болар.

Бұдан бөлек, Ш. Мұртазаның романы бойынша Е. Жуасбек инсценировкасын жасаған «Ай мен Айшасы» (реж. Т. Жаманқұлов) М. Әуезов атындағы академиялық драма театры сахнасына қойған халқымыз тарихындағы соғыс тақырыбының зардаптарын көтерген салмақты қойылымдардың бірі. Драматургтер бәйгесіне түсіп үшінші жүлде алған Ж. Бөдештің жазған шығармасының арқауы қарт қаламгер Ш. Мұртазаның «Ай мен Айшасы» болатын. Осы бағытта Ж.Шанин атындағы оңтүстік Қазақстан облыстық драма театры Әкім Таразидің «Әлия» трагедиясын, Павлодар театры Ештанаев пен Ыбраевтің «Әбілмансұр, Сабалақ, Абылайхан» тарихи драмасын, Ақмола облыстық қазақ театры акын Құдайберлі Мырзбектің Мәлік Ғабдуллиннің 100 жылдығына арналып жазылған «Батырлық жолы!» драмасын, Жезқазған театры С. Тұрғынбектің «Кейкі батыр» тарихи драмасы, Ақмола облыстық орыс театры қазақтан шыққан батыр штурман ұшқыш Хиуаз Доспанова жайлы спектакль дегендей жалғасып кете береді.

Бұл пьесаларға тән ортақ кемшіліктер бар. Шығармалар негізінен қазақ тарихы болғасын автордың материалды меңгеруде, тарихи тұлғаларды сомдаудағы әдістерінде, жазылған тақырыпты игеруде тереңдік, көркем образдар қатарының шынайы шықпай жатуы. Оқиғаны, кейіпкерді, сахнаны құруда өзіндік технологи-



ясы, ішкі жазу зертханасында қорытып барып жазу арқылы сапасы жоғары көркемдік деңгейге жету жағындағы жетіспеушіліктер. Тарихи тақырыпты көтерген автордың уақыт, кеңістік, кейіпкерлер саны, тарихи шындықтың берілу мөлшері, мазмұнды әрі жүйелі оқиғаның өрбуін қамтамасыз етуі толыққанды көркем туынды болып шығудың кепілі болмақ.

Ал енді жазылған, бірақ қойылмаған пьесалар қанша? десек ойланатын мәселелер бар. Думан Рамазанның пьесасынан басқасы қойылған жоқ. Өткен жылы өзекті болған Қазақ хандығының мерейтойы өтіп кетті. Тарихи тақырып ескірмейді, осыншама еңбек, күш-жігермен жазылған шығармалар көрерменге жетуде қиындық жолы басталды. Түйін қайдан дегенде, оған драматург те, театр да емес осы бәйгелерді өткізетін министрліктің мерейтойлық бәйге жариялау кестесінің кешеуілдеп жасалатынын ескеріп, қалыптасқан жағдайды өзгерту жайлы ұсыныс жасау керек па деген ойға қаламыз. Немесе осындай жайбасарлығымызбен ылғи кешігуде боларымызды атап өтпеске амал жоқ. Биылғы театрлар репертуары үшін жасалынып жатқан бәйге мәресіне жетті. Фанфарлар ойналып бітті, жүлделер таратылып берілді, ал алтын уақытты жіберіп алдық. Театр әрі қарай пьесаны қоюға келгенде бас тартады, тартыншақтайды. Темірді қызған кезінде соққанға не жетсін. Сынаптай сырғыған уақыттың бүгінгі талабы басқа. Жүлде алғандар пьесаны міндетті түрде театр сахна-

сына қойылуын міндеттейтін министрліктің жоғарыдан жіберетін кеңестік жүйеден қалған нұсқаулығын қолдану әдісі бізге қол емес. Сондықтан, келесі жылы аталынып өтетін мерейтой немесе тарихи датаға байланысты іс-шаралар болса, ол алдын ала қарастырылып, театрларға жылдың екінші жартысында немесе келер жылдың басында ұсынылуы керек. Қолымыздағы «Алаш тарихының ақиқаты» кітабы басылуға 2015 жылдың 26 қазанында қол қойылып бұл кітапты оқырман 2016 жылы алды [5]. Жыл қорытындысы жасаған кезде театрларымыз жеңімпаз атанған пьесаларды сахнаға жаппай қойып репертуарын дер кезінде толықтырып жатса қандай ғанибет болмақ.

Ойымызды қорыта келгенде, ұрпақтың рухани әлемін сауықтыру ісіне тек министрлік, тек жекеленген адамдар ғана емес жалпы қоғам болып жұмыла атсалысу керектігі өз-өзінен белгілі шаруа. Елбасымыздың жария еткен «Мәңгілік ел» болу идеясы қоғамды, ондағы адам капиталының апасына, елдің зор үміт арттар келешегі – балалар мен жастарды туған жері мен отанын сүйетін патриот етіп тәрбиелеуді, тәуелсіз Қазақстанның рухы мықты саналы да ойлы азаматтары етіп өсірді бүгінгі күннің ба-сым бағыты етіп алдыңғы шепке шығарды. Осы жолда театр мен драматургия жұмыла көтерер жүк жетерлік. Оларды көтеру үшін театр қайраткерлері, жазушы драматургтер, ғалымдар бірлесе отырып істелер жұмыс ауқымы бар.

#### Әдебиеттер

- 1 [http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/memleket-basshysy-nenazarbaev-tyn-kazak-handygynyn-550-zhyldygyna-arnalghan-saltanatty-zhiynda-soilegen-sozi](http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-nenazarbaev-tyn-kazak-handygynyn-550-zhyldygyna-arnalghan-saltanatty-zhiynda-soilegen-sozi)
- 2 <http://www.ayb.org.tr/index.php/30-haberler/366-dogumun-100-yilinda-haldun-taner-tiyatro-eseri-yarismasi-sonuclari-belli-oldu>
- 3 «Алтын тобылғы» әдебиет сыйлығының алғашқы жеңімпаздары // Алматы ақшамы. – 2015. 07.12.
- 4 Алаш тарихының ақиқаты // Қазақ әдебиеті. – 2015. – № 23(3501)
- 5 Алаш тарихының ақиқаты. – Алматы: Аң Арыс, 2015. – 540 б.
- 6 Мұқан А. Неміс театрында – қазақ тарихы // Егемен Қазақстан. – 2016. – №70 (28798).

#### References

- 1 [http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/memleket-basshysy-nenazarbaev-tyn-kazak-handygynyn-550-zhyldygyna-arnalghan-saltanatty-zhiynda-soilegen-sozi](http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-nenazarbaev-tyn-kazak-handygynyn-550-zhyldygyna-arnalghan-saltanatty-zhiynda-soilegen-sozi)
- 2 <http://www.ayb.org.tr/index.php/30-haberler/366-dogumun-100-yilinda-haldun-taner-tiyatro-eseri-yarismasi-sonuclari-belli-oldu>
- 3 Altyn tobylgi adebiet syligynyn algasky geninpaздary // Almaty aksamy. – 2015. 07.12.
- 4 Alas tarihnin ayyqati. // Qazaq adebiyeti. – 2015. – № 23 (3501) 13.11.
- 5 Alas tarihnin ayyqati.- Almaty: An Arys. – 2015. – 540 b.
- 6 Mukan A. Nemis teatrynda – qazaq tarihi // Egemen Kazakstan. – 2016. – №70 (28798)



5-бөлім  
**ЖАС ҒАЛЫМДАР**

---

Раздел 5  
**МОЛОДЫЕ АВТОРЫ**

---

Section 5  
**YOUNG AUTHORS**

Борибаева Г.А.  
**Қарапайым метатілдік сана:  
эксперименттік талдау**

XX ғасырдың соңғы он жылдығынан бастап ғалымдарды жалқы есімдердің, соның ішінде топонимдердің тарихи-мәдени аспектісі қызықтыра түсті. Топонимдер халықтың өткен тарихы мен таралу географиясынан, мәдени, сауда орталықтары мен бастан кешкен негізгі тарихи оқиғаларынан сыр шерте алады. Топонимдердің өзіндік ерекшелігі, шынайы құбылыстарды сипаттау мен номинациялау қабілеттері – оны жан-жақты, түрлі тәсілдер негізінде зерттеуге ықпал етті. Осылайша, әлемнің топонимдік бейнесі заманауи тіл білімінің өзекті мәселесіне айналды. Топонимдердің этномәдени маңыздылығымен интегративті мәртебесі өзектілікке себеп бола білді. Аталып өткен топонимдер жайлы әр бір қызықты мәліметтер, біздің зерттеуімізге арқау бола білді. Зерттеу жұмысы Қазақстандағы жер-су атауларын, сол атаулардың қарапайым метатілдік сана тұрғысынан түсіндірілу процесінің іске асуын бақылап, нәтижелерін анықтауға бағытталған. Мақаланың мақсаты географиялық объект ретінде саналатын топонимдердің қарапайым тіл иесі тарапынан қабылдануы мен оны түсіндіруі арасында орын алатын тілдік процестер мен оның көрінісін сипаттау.

**Түйін сөздер:** рефлексия, тілдік сана, топонимдік рефлексия, қарапайым сана, қарапайым метатілдік сана.

Boribayeva G.B.  
**Ordinary metalinguistic  
consciousness: an experimental  
analysis**

The cultural-historical aspect of proper names, in particular, toponyms, in the last decades of the twentieth century attracted the attention of scientists. The names of geographic features are considered as an ethnocultural phenomenon, which conceals information about the boundaries of the nation's settlement, about their historical past, cultural and trade centers and geographical, etc. The ability to nominate and describe the phenomena of reality and functional features of the place names resulted in the new and different approaches, methods of study in linguistics as well as in other branches of science. Thus, in the study of modern linguistics toponymic picture of the world refers to one of their pressing issues. The reason for this urgency has served ethnocultural and integrative status names. Under integrative status, it refers to the way the system-verbalization of reality as a reflection of the correlation of historical and social, linguistic and ethnocultural aspects of the nation's development. Our work is to focus on the observation and interpretation of the results of Kazakhstan toponyms on the basis of the ordinary metalinguistic consciousness. The purpose of the article – to identify and describe the linguistic processes that are identified in the perception and interpretation of toponyms ordinary consciousness.

**Key words:** reflection, linguistic consciousness, toponymic reflection, ordinary consciousness, ordinary metalinguistic awareness.

Борибаева Г.Б.  
**Обыденное метаязыковое  
сознание: экспериментальный  
анализ**

Культурно-исторический аспект имен собственных, в частности топонимов, в последние десятилетия XX века привлек особое внимание ученых. Названия географических объектов рассматривают как этнокультурный феномен, в котором скрывается информация о границах расселения народов, об их историческом прошлом, о культурно-торговых и географических центрах и т.п. Способность номинировать и описывать явления действительности и функциональные особенности топонимов обусловила новые и различные подходы, методы их изучения как в лингвистике, так и в других отраслях науки. Наша работа направлена на наблюдение и определение результатов интерпретации топонимов Казахстана на основе обыденного метаязыкового сознания. Цель статьи – определить и описать языковые процессы, которые выявляются при восприятии и интерпретации топонимов обыденным сознанием.

**Ключевые слова:** рефлексия, языковое сознание, топонимическая рефлексия, обыденное сознание, обыденное метаязыковое сознание.

## **ҚАРАПАЙЫМ МЕТАТІЛДІК САНА: ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТАЛДАУ**

Ғылым жыл санап даму, жаңару үстінде болғандықтан, тіл білімінде де біршама өзгерістер болары хақ. Жаңа көзқарас, жаңа ақпараттар, лингвистикадағы жаңа зерттеу әдістері, сонымен қатар, тілдің өзге ғылымдар мен өзара ішкі салаларымен түрлі қатынаста тоғысуы ғылымға жаңа бетбұрыс пен жаңа ізденісті алып келді.

Соның бір нәтижесі ретінде тіл иесінің, сөйлеушінің өз тіліне, сөйлеу әрекетіне, түсіндіру қабілетіне назар аударуы болып табылады. Бұл соңғы 30 жыл көлемінде зерттеу нысанына алына бастаған жаңалық.

Осы тұрғыда тіл мен ойлау, тіл мен сана қатынасының көрінісін адамның сөйлеу әрекетінен немесе өз ойын жеткізе алу қабілетінен байқауға болады. Бұл тілді антропоцентристік көзқарас тұрғысынан зерттеудің көрінісі. Қоршаған ортаны тануда, оны қабылдап, ой елегінен өткізіп, өз пікірімен үстеп, бағасын көрсете отырып бастапқы элементті сипаттау – қарапайым метатілдік санадағы рефлексияның іске асуының белгісі.

Рефлекс – жалпы ғылымға тән термин. Ол жаратылыстану ғылымдарында да (биология, неврология, физиология, математика, физика, химия, т.б.), гуманитарлық ғылымдарда да (философия, лингвистика, әлеуметтану, т.б.), екі ғылымға тән қасиеттері бар психология ғылымында да зерттеу объектісіне айналған.

Рефлекс принципін алғаш философ ғалым Р. Декарт жұмыстарында кездесетіндігін біраз ғалымдар алға тартады (Claras F., Рубинштейн С., Калашникова Н., Трикоз Э. және басқалар). Терминді алғаш кім қолданғаны жайлы мәлімет оның түрлі ғылым саласында қолданылатындығы салдарынан нақтыланбаған. Ал терминнің қолданылуы тұрғысынан Франкойз Кларак (Francois Clarac) өз зерттеуінде ғылыми журналдар базасының тірек сөздері негізінде «рефлекс» сөзін іздеуге салғанда, кездесу уақыты 1949 жылды көрсеткен [1].

Рефлекс латын тіліндегі *reflexus* – кері қайтарылған, шағылысқан, бейнеленуші деген мағына береді. Ағзаның ішкі немесе сыртқы тітіркендіргіштер әсеріне орталық жүйке жүйесінің қатысуымен қайтаратын жауабы. Тіл біліміндегі рефлекс құбылысын – қандай да бір зат не құбылыстың адам

санасына әсер етіп, бейнеленіп, тілде көрініс табуы деп қарастыруға болады.

Рефлексия (*латын* тіліндегі *reflexio* – кейінге оралу) – индивидтің өзіне-өзі, өз санасына, белсенділігі нәтижелеріне көңіл бөлу, сезінуі, ой елегінен өткізуі.

Осыдан байқайтынымыз, «рефлекс – жалпы ұғым (кез келген бір ағза реакциясы), ал рефлексия – салыстырмалы түрде тар ұғым (тек адамға байланысты қолданылатын термин)» [2].

Рефлексияның адамға тән құбылыс екендігін жантанушы ғалым С. Жақыпов та айтып өтеді: «Рефлексия – адамның тануының өзіне, ішкі әлеміне, психикалық қасиеттер мен қалып-күйге бағытталуы» [3, 60].

«Рефлексияның негізінде ақыл-ес жатады, ал адамда ақыл-естің болуы – оның рефлексивті қабілетінің де бар екендігінен хабардар етеді», «әр бір рефлексивті акт – ол ұғыну мен түсіну актісі болып табылады» [4, 13].

Рефлексияның ақыл-ес, сана, таным, ойлау, түсіну, ұғыну секілді әрекет ету негізі бойынша біріншілік ұғымдары мен вербалдану секілді екіншілік ұғымдары лингвистикада, соның ішінде когнитивті лингвистика, психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика салаларында зерттеліне бастауына негіз болды.

Сонымен, рефлексияны процесс ретінде анықтадық, ал осы процесске әсер етуші фактор ретінде тілдік сананы, соның ішінде қарапайым (мета)тілдік сананы алдық.

И.А. Бодуэн де Куртенэ өз зерттеуінде ойлаудың «лингвистикалық немесе тілтанымдық» түрі кездесетіндігін атап өткен. «Тілтанымдық ойлау» тек тілші ғалымдарға ғана тән емес, сонымен қоса тіл жайында ерекше білім – халықтық білім де болатынын айтады. Тіл туралы халықтық танымды «... халықтың тіл сезгіштік қабілеті ойдан шығарылған, не субъективті жалғандық емес, керісінше, оны қасиеттері мен әрекеттері негізінде анықтап, объективті тұрғыда растап, деректермен дәлелдейтін шынайы, онды категория (функция)» деп көрсетеді [5, 50].

Ғылыми біліммен қатар халықтық білімнің болатындығын ескеру қарапайым тіл иеленушісінің метатілдік қызметіне деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Ресейлік және отандық лингвистикада сөйлеушінің тілдік көрсеткішіне назар аудару диалектология саласында, мәліметтерді қарапайым халықтан жинау барысында толығырақ түсті. Бұл «халықтық лингвистиканың» пайда болу алғышарттары еді.

Көрнекті ғалым зерттеуші Н.Д. Голев өзінің шәкірттерімен бірге топонимдік атаулардың

қарапайым халықтың қалай қабылдайтыны, халықтың атауларды талдауы, сол талдау-түсіндірмелер негізінде қарапайым метатілдік сананы бақылау секілді зерттеулер жүргізіп, белгілі бір деңгейде өзіндік «мектеп» қалыптастыра алды деуге болады. Н.Д. Голев пен Л.М. Дмитриева бойынша, жалқы есімдер адамның әлемді тану жүйесін құраса, топонимдер әуел бастан «бағдарлаушы белгі» ретінде пайда болып, «адам санасындағы географиялық шынайылықтың көрінісін» бағамдайды [6, 6-7].

Топонимдерді зерттеу жүйелі принциптерді қолдану арқылы ғана іске аспай, «антропоэкті өлшем» тұрғысынан да қарастыру басымдылығына ие болады.

Бұл тұрғыда мақала авторлары Н.Д. Голев пен Л.М. Дмитриева топонимдерді зерттеудің жаңа парадигмасына нұсқайды. Яғни, топонимдер осы күнге дейін «карта, сөздік, жеке атау» негізінде, «адамнан» тыс зерттелініп келсе, топонимдерді антропологиялық тұрғыда зерттеу атауларды тікелей сөйлеуші санасымен, оның қабылдау, санасында бейнелену, вербалды түрде жеткізуді алға тартып, ғылымға жаңа бетбұрыс енгізеді. Осындағы алғашқы зерттеулер легін «онтологиялық зерттеу жүйесіне» телиді де, соңғысын «менталды зерттеу жүйесіне» жатқызады: «Ментальное бытие системы определяется через концепты, представленные в семантической структуре названий и репрезентированные в топонимических контекстах, фиксирующих результаты коммуникативной деятельности носителей языка». Олардың пайымдауынша, топонимдік материалдарды менталды парадигмада зерттеу – оның «атау тарихы мен этимологиясына қатысты мәселелерді ығыстыра келіп, атаулардың заманауи қолданысы мен адамдар қатынасындағы рөлі, атауды қабылдау» секілді мәселелерді бірінші орынға қоятындығын атап өтеді. Оның себебін «қазіргі таңда топонимдік анықтаулардың қарапайым халық тарапынан қабылдану жиілігін анықтау» өзектілігімен түсіндіреді [6, 7].

Мұндай тәсіл топонимдерді жіктеуде дәстүрлі «қызметі мен түрі» тұрғысынан ғана жіктемей, жаңа аспект «географиялық атаулардың белгілі бір тілдік топтың нақтылы қабылдануы мен жеке тұлға санасында қызмет етуі» тұрғысында да тізбектей алуына мүмкіндік береді.

Осы секілді пікірді ағылшын зерттеушісі Т.Ф. Торнтон да атап өтеді: «place names tell us something not only about the structure and content of the physical environment itself but also how

people perceive, conceptualize, classify, and utilize that environment» [7, 2].

Жер-су атауларын антропологиялық тұрғыда зерттеу алғаш рет Ф. Боас еңбектерінде көрініс табады. Ол Америкадағы үндістердің мәдениетін зерттеу үшін топонимдік атауларды басшылыққа алуды ұсынады [8]. Америкадағы осы секілді зерттеулерді тізбектеген Т.Ф. Торнтон Ф. Боастың зерттеуінен бастап Кит Бассоның да еңбектеріне тоқталады [7].

Тіл білімінде ономастика құрамында қарастырылатын топонимика саласы, соның ішінде топонимдер отандық ғалымдар арасында онтологиялық тұрғыда зерттеліп келді (Жанұзақов Т., Рысберген Қ., Әбдірахманов Ә., және т.б.). Топонимдерді географиялық объект ретінде және тарихи кезеңдерді сипаттауда, тарихи қалаларды зерттеуде тарихшылар мен археологтардың, географтардың қарастырған отандық зерттеушілер де жер-су атауларының шығу тегі мен қойылу себептерін анықтауды мақсат етті (Қоңқашпаев Ғ., Қойшыбаев Е., Байпақов К., Абдрахманов С., Горбунов А., Сапаров Қ., және т.б.). Соңғы жылдары топонимдерді фольклормен байланыста, аңыздар негізінде (Қайдаров Ә., Паңгереев А.), лингвокогнитивті және этномәдени тұрғысынан зерттеп (Рысберген Қ., Тасполатов Б., және т.б.), сонымен қатар өңірлік топонимдерді жеке-жеке қарастырып, тарихи-лингвистикалық, этимологиялық, құрылымдық тұрғыдан қарастырып жүрген зерттеушілер саны жетерлік.

Біздің зерттеуіміздің ерекшелігі, Қазақстандағы атаулардың менталды аспектіде алғаш рет зерттеліп отырғандығы және оны зерттеу мақсаты мен міндеттері айкындайды. Зерттеу жұмысымыздың мақсаты – Қазақстандағы жер-су атауларының қарапайым халық санасында қалай көрініс табатындығын анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін келесі бөлімдегі зерттеу әдістерін қолдандық.

Бірінші гипотеза ретінде «қарапайым халық санасында қалыптасқан топонимдік атаулар қазақ халқының тарихынан сыр шертеді», екіншілік гипотеза ретінде «топонимдерді түсіндіру, талдау барысында қазақ халқына тән әлеуметтік жағдайлар (салт-дәстүр, менталитет, ұстаным) анықталады» деген болжамдарды алға тартамыз.

Зерттеудің нәтижелері қазақ тіл біліміне ұлттық сана, қарапайым сана, тілдік сана, метатілдік сана ұғымдары бойынша теориялық тұжырымдармен толығады деп күтеміз. Ал, практикалық тұрғыда, зерттеу нәтижелерін түрлі танымдық, энциклопедиялық сөздіктерге

арқау ете отырып, кіші буыннан үлкен буынға дейінгі аралықты қамтитын тарихи, танымдық, өлкетанушы сөздіктер құрастырып, Қазақстанның көркемдік, танымдық тұтастай электронды картотекалық базасын құрап, жалпы функционалды сауаттылықты арттыру алғышарттарын құруға негіз бола алады.

Біздің зерттеуіміз үш кезеңнен тұрды. Біріншісі – сауалнама құрастыру, екіншісі – сауалнаманы респонденттерден алу, үшіншісі – сауалнама нәтижелерін сараптау.

Сауалнама құрастыруда Е.Л. Березовичтің топонимдерді зерттеуде ескерілуі қажет ететін бес ақпаратын басшылыққа алдық:

- .атаудың объектілік қатысымдық (объектная соотнесенность) заңдылығын басшылыққа алу (Мыс.: Алматы қаласы, Шу өзені, т.б.) (Мысалдар біздікі – Б.Г., ...);

- .бір объект атауы парадигмасының ішіндегі семантикалық байланыстарды, яғни нысанның қатар пайдаланылатын атауларының семантикасын ескеру;

- .атауларды семантикалық тұрғыда интерпретациялауда топонимдердің микрожүйесін ескеру маңызды;

- .қарапайым тіл иесінің географиялық атаулар жайындағы тілдік сана көрсеткішін ескеру керек;

- .географиялық нысан ареалын назарға ұстау қажет [9, 40-43].

Сонымен қатар сауалнамаға топонимдерді таңдау принциптерін келесідей белгіледік: макротопонимдер мен макротопонимдерді қоса ескердік, соның ішінде гидронимдерді, оронимдерді және ойконимдерді алуды жөн көрдік.

З.Д. Попова мен И.А. Стернин «Семантико-когнитивный анализ языка» атты еңбегі негізінде нысанға алынған атауларды концептосфера ретінде қарастырдық. «Концептосфера же человека (упорядоченная совокупность ментальных единиц, отражающих познannую субъектом действительность) составляет информационную базу как сознания, так и мышления человека» [10, 30].

Сауалнама мақсаты – берілген атаулар арқылы қарапайым сана иесіндегі топонимдік рефлексияны анықтау.

Сауалнамаға Алматы облысына тиесілі 10 (4 ойконим, 4 гидроним, 2 ороним / 5 макро-, 5 микро-топоним) атау алынды. Сауалнаманы Березович талаптарына сай құрастырып 20 респонденттен жауап алдық. Сауалнамаға 17-35 жас аралығындағы, түрлі мамандық иелері мен Ал-



маты облысымен қатар, Алматыда тұрып жатқан басқа да облыс өкілдері қатысты.

**Жалпы статистика.** Сауалнамаға алынған атаулар: Алматы, Есік, Қаскелең, Сарқант, Медеу, Талғар, Қапшағай, Балқаш, Іле, Шелек. Респонденттердің қосымша ретінде қосқан топонимдері (туған жерлері және қосымша ақпарат ретінде ұсынған атаулар) – **24** (*Жоңғар Алатауы, Желісай, Қойлық, Алмалы, Қарабөгет, Қабанбай, Қара есек, Әлмерек, Ұзынағаш, Талдықорған, Сарыбұлақ, Жаркент, Шонжы, Тараз, Малаводная, Үңгіртас, Қатоқарағай, Ақтөбе, Барсакелмес, Қалмаққырылған, Қарасаз, Тұздыбастау, Тарған, Қазығұрт*). Респондент тарапынан жауап жазылмаған топонимдер – **21**: Есік, Сарқант, Балқаш (1), Медеу (2), Қапшағай (3), Талғар, Шелек (4), Іле (5). Өз туған жерлері мәлімет беруден бас тартқандар саны – 3. Қосымша ақпарат бергендер саны (міндетті емес сұрақ) – 6. Мағынасын «білмеймін», аңыз-деректер «білмеймін», мағынасын естімегенмін деген 3 жауап кездесті, осының ішінде түсіндірме бермегені 2 жауап.

Сұрақтардың негізгі мақсаты – жауап берушілердің атау жайлы, атаудың шығуы жайында не ойлайтындығын білу болғандықтан, респонденттердің жауабын берілуіне орай, түрлеріне, мағынасына байланысты келесідей ерекшеліктерді байқадық:

1. жауап беруде сенімділік/сенімсіздік таныту (мыс., *Алма ата деген кісіге байланысты қойылған* (Алматы, AL 07); *Алматы облысына кірер жер болған соң Есік деген атау берілді деп ойлаймын* (Есік, AL 13);

2. жауаптарды энциклопедиялық сипатта беру (мыс., *Қарлұқтар заманында 7-9 ғ. Жетісуда салынған қоныстардың бірі 1861 ж. алғашында Любовный болса, 1901 ж Қаскелең аталған* (Қаскелең, AL 8);

3. ассоциативті түрде сипаттау (мыс., *«Қасқарайған сәт». «Тыныштық». «Ымырт кез» деген мағынада деп ойлаймын* (Қаскелең, AL 01);

4. атауға қатысты позитивтік пікір білдіру (мыс., *Қосымша Қазығұрт ауылы туралы мәлімет бергім келеді. Қазығұрт деген атаудың өзі өзіме жағымды естіледі. Діни наным-сенім бойынша кезінде Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған жер дейді. Кезінде Нұх пайғамбар топан судан адамзатты қорғап қалған дейді. Жалпы тіршілік, адамзат сол жерден тараған деседі* (Алматы, AL 14);

5. географиялық нысанның табиғатын сипаттау. Географиялық нысанның табиғатын сипаттау екі бағытта жүзеге асқан: біріншісі,

метафоралық қолданыс негізінде, екіншісі, аралдық тұрғыда сипаттау. (мыс., *Алматы облысында жері құнарлы, табиғаты таза жерде орналасқан. Айналасын әсем таулар қоршап тұр. Алматы деп аталу себебі, осы жерде алма ағаштарының өте көптігінен және олардың тәттілігімен, сапалылығымен танылғандықтан* (Алматы, AL 18); *Іле бойында Алматы облысы Қапшағай қалалық әкімдігі аумағы және Талғар Еңбекшіқазақ аудандары жерін қамтиды* (Қапшағай, AL, 08);

6. нысанды білетіндігі/білмейтіндігі, болғандығы/болмағандығы жайлы мәлімет беру (мыс., *Бұл атаудың қойылу себебімен таныс емеспін. Электр су станциясы бар екенін және бөгенде балық түрлері барын, бөген суымен көршілес елді-мекендер бақша дақылдарын егетіні туралы ғана ақпаратпен таныспын* (Қапшағай, AL, 12); *Бұл қалада болғанмын, дегенмен мағынасына үңіліп көрмеппін* (өкінішке орай). *Енді анықтап көру керек* (Есік, AL 01);

7. эпонимдік теңеу (мыс., *Менің ойымша Есік батырдың атына қойылған* (Есік, AL 02); *Қабыш ағай деген сөзден шыққан шығар* (Қапшағай, AL 07);

8. жауаптарда аңыздар нұсқалылығының кездесуі. Жауабында аңыздар келтірілген атаулар саны аз, олар *Іле* өзені мен *Балқаш* көліне қатысты берілген. Аңыздар ауыздан ауызға таралатын болғандықтан сюжеті, кейіпкерлері, т.б. элементтері түрлі нұсқада кездеседі. Аңыздардың басым көпшілігі осы Балқаш көлі мен *Іле* өзендерін бір оқиға желісінде жырлайды. Бәрінің соңғы тұжырымы – көз жасынан пайда болған және осы су секіріп өлген, сол себепті атауын алған. Бұл тұжырымдарды Қазақстанның көпшілік гидрониміне тән мотивтер деуге болады. Нұсқалылығы ретінде Балқаш атауы кейде қыздың, кейде байдың есімі ретінде берілсе, дәл солай *Іле* өзені де кейде қыздың, кейде жігіттің есімімен байланыстырылады.

9. атауларды аудару және түсініктеме беру (мыс., *«Қашқа» және «йелең» сөздерінен шыққан. Қашқа сөзі – тасқын, ағысынан бөлінген тасыған су деген мағынада айтылған* (Қаскелең, AL 06);

10. логикалық тұжырым арқылы түсіндіру *Менің ойымша, бұл ескі Жетісу жеріндегі қала болғандықтан, сауда-саттықтың қақпасының бірі болып, Иссык немесе Есік атауын алған* (Есік, AL 03); *Менің ойымша Сарқант атауы «сары кент» тіркесінен шыққан. Себебі бұл ауданда ірі-ірі кәсіпорындар, энергетика жүйесі орналасқан. Айтылу ыңғайына қарай Сарқант болып өзгерген* (Сарқант, AL 12);



11. атауды қандай да бір зат не құбылысқа ұқсату (мыс., *Қасты келін деген сөзге ұқсайды (Қаскелең, АЛ 20); Медеу «демеу» деген сөзге ұқсайды, баяғыда жаудан қашқанда адамдарға пана, демеу болған тау шығар (Медеу, АЛ 07);*

12. қиял-ғажайып түсіндірмелер және т.б. ерекшеліктерді байқадық (мыс., *Қаланың айналасын тау қоршап тұрған бір әсем көрініс. Алыстан мән беріп қарасақ, бір керемет көрініс ол – ғажайыпқа апарар жол «есік» сияқты (Есік, АЛ 18); Мүмкін, ешбір жерде жоқ «сары қант» өндірілгендіктен Сарқант аталса керек (Сарқант, АЛ 05);*

Респондент қандай да бір топоним жайында өз түсінігін берерде, ол алдымен атаудың та-

ныс/таным еместігін айқындайды, кейбіреулері сол географиялық нысанда болғандығын/болмағандығын саралайды, одан кейін сол топоним жайында білетін базалық ақпаратқа жүгінеді. Егер де жауап беруші мен топонимдік атау арасында ешқандай байланыс орнамаған болса, онда респондент атаудың айтылуына, яғни сыртқы пішініне, оның өзге сөз, зат, құбылыспен ұқсастығына мән береді, яғни топоним респонденттің метатілдік санасынан өзіне қажетті мәліметтерді іліп шығады.

Жоғарыда беріп өткен зерттеу нәтижелерін сараптай келе, топоним жайлы жалпы көрініс жасауға болады. Бұл жұмыстың келешегінен хабардар етеді.

### Әдебиеттер

- 1 Clarac, F. The History of Reflexes Part 1: From Descartes to Pavlov, IBRO History of Neuroscience // [www.ibro.info](http://www.ibro.info) Accessed: date Saturday, December 15 2012, 12:09 PM
- 2 Шатова Н. Связь терминов «рефлекс» и «рефлексия» для психолого-педагогических исследований: лексический и логический аспекты // Известия Саратовского государственного университета №1. Том 15. 2015. С. 111-118
- 3 Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері. Оқулық. – Алматы: Алла прима, 2012. – 203 б.
- 4 Калашникова Н.А. Рефлексия как принцип философского мышления: автореф. дисс... канд. филос. наук. – Волгоград, 2006. – 28 с.
- 5 Бодуэн де Куртенэ И. А. Избранные труды по общему языкознанию: в 2 т. – М., 1963. Т. I. – 384 с.
- 6 Голев Н.Д., Дмитриева Л.М. Единство онтологического и ментального бытия топонимической системы (к проблематике когнитивной топонимики) // Вопросы ономастики №5. – Екатеринбург: Изд-во Уральского ун-та, 2008. С. 5-17
- 7 Thornton T.F. Anthropological Studies of Native American Place Naming // American Indian Quarterly, Vol. 21, No. 2. (Spring, 1997), pp. 209-228.
- 8 Boas, Franz 1887 «The Study of Geography» Science 9(210): 137-141. // [www.jstor.org](http://www.jstor.org)
- 9 Березович Е.Л. Русская топонимия в этнолингвистическом аспекте: Пространство и человек / Под ред. А.К. Матвеева. Изд-во 2-е, испр. и доп. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 328 с.
- 10 Попова З.Д., Стернин И.А. Семантико-когнитивный анализ языка: монография. – Воронеж: изд-во «Истоки», 2007. – 250 с.

### References

- 1 Clarac, F. The History of Reflexes Part 1: From Descartes to Pavlov, IBRO History of Neuroscience // [www.ibro.info](http://www.ibro.info) Accessed: date Saturday, December 15 2012, 12:09 PM
- 2 Shatova N. Svyaz' terminov «refleks» i «refleksia» dlya psichologo-pedagogicheskikh issledovaniy: leksicheskii i logicheskii aspekty // Izvestiya Saratovskogo gosudarstvennogo universiteta №1. Tom 15. 2015. S. 111-118
- 3 Zhakypov S.M. Zhalpy psichologiya negizderi. Oqulyq. – Almaty: Alla prima, 2012. – 203 b.
- 4 Kalashnikova N.A. Refleksiya kak printsip filosofskogo myshleniya: avtoref.diss... kand.filos.nauk. – Volgograd, 2006. – 28 s.
- 5 Boduen de Kurtene I.A. Izbrannye trudy po obschemu yazykoznaniyu: v 2 t. – M., 1963. T. I. – 384 s.
- 6 Golev N.D., Dmitrieva L.M. Edinstvo ontologicheskogo i mental'nogo bytiya toponimicheskoi sistemy (k problematike kognitivnoi toponimiki) // Voprosy onomastiki №5. – Ekaterinburg: Izd-vo Ural'skogo un-ta, 2008. S. 5-17
- 7 Thornton T.F. Anthropological Studies of Native American Place Naming // American Indian Quarterly, Vol. 21, No. 2. (Spring, 1997), pp. 209-228.
- 8 Boas, Franz 1887 «The Study of Geography» Science 9(210): 137-141. // [www.jstor.org](http://www.jstor.org)
- 9 Berezovich E.L. Russkaya toponimiya v etnolingvisticheskom aspekte: Prostranstvo i chelovek / Pod.red. A.K. Matveeva. Izd-vo 2-e, ispr. i dop. – M.: Knizhnyi dom «LIBROKOM», 2009. – 328 s.
- 10 Popova Z.D., Sternin I.A. Semantiko-kognitivnyi analiz yazyka: monografiya. – Voronezh: izd-vo «Istoki», 2007. – 250 s.

Егеубаева К.

**Көне қыпшақ тіліндегі есім  
сөздердің категориялары**

Мақала көне қыпшақ тіліндегі есім сөздердің категориялары қарастырылған зерттеулерге бағытталған. Талдауға алынған материалдар көне қыпшақ тіліндегі есім сөздердің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдері арқылы жасалатындығы негізге алынады. Материалды талдау барысында автор көне қыпшақ тіліндегі есім сөздердің тұлғалық жағынан негізгі түбірлері мен туынды түбірлерінің ара салмағын және грамматикалық әрқилы қосымшалармен тұлғаланып келмейтін сөздердің де біршама аздығын келтіреді.

**Түйін сөздер:** көне қыпшақ тілі, есім сөздер, қыпшақ жазба ескерткіштері, сөз жасам, сөз құрамы.

---

Egeubayeva K.

**Categories of name words in Old  
Kipchak Language**

The article focused on research about the categories of the name words in Old Kipchak language. The materials taken for the analysis would be the creation of the name words in Old Kipchak language by the lexical, morphological and syntactic ways. During the analysis of the material, the author cites the difference between the main root and the derivative root on the identity of the name words in the ancient language of Kipchak and the lack of the different grammatical applications.

**Key words:** the ancient language of Kipchak, Kipchak inscriptions, word creation, word combination.

---

Егеубаева К.

**Категория именных слов  
древнекипчакского языка**

В статье рассмотрены категории слов в названии старо кипчакских языках. А так же структура личных пространств, где слова, основные и производные взвешенные корни. Помимо этого упомянуто обязательное применения грамматики.

**Ключевые слова:** древнекипчакский язык, именные слова, кипчакские письменные памятники, слово образование, словосочетание.

## **КӨНЕ ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕСІМ СӨЗДЕРДІҢ КАТЕГОРИЯЛАРЫ**

Қазақ тілі тарихына қатысты зерттеулер күн санап артып баратыны белгілі. Соның ішінде әдеби тілге, жазба дәстүрге, көне дәуірдегі түркі тілдерінің тарихына, т.б. орай айтылған пікірлер орасан. Бұл ретте тілдің тарихы саласында оның түркі тілдес халықтардың жазба дәстүрімен астасып жатыр деушілері де, ауыз әдебиеті тілімен де, ауызекі тілі нормаларымен де ұштасқан көне қазақ әдеби тілі болды деушілер де баршылық. Расында, түркі тілдерінің көне әрі барлығына ортақ мұра – Орхон-Енисей жазбалары. Бұл жазба ескерткіштер де қазақтың халықтық тіліне де, әдеби тіліне де тікелей қатысты деген пікірлер оңды.

Түркі тілдеріне қатысты ғылыми зерттеулер жетерлік деуге әбден болады. Алайда осы зерттеулердің ішінде көне қыпшақ тіліне, оның қолданысы мен грамматикалық құрылысына орай және қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер тілі жайлы айтылған пікірлер ерекше назар аудартады. Бұл жөнінде Н.А. Баскаковтың классификациясы көне қыпшақ жазба ескерткіштер тілінің ескі және жаңа түркі тілдері жүйесіндегі орнын анықтайтын негізгі жүйе болып табылатынын атаған жөн [1].

Оның түркі тілдерін топтау жүйесіндегі ғылыми-теориялық мәселелерді тереңінен анықтап, түркі тілдерінің дамуындағы тарихи фактілерді жан-жақты, әрі нақтылай қарапайым тілмен жеткізуі күні бүгінге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Барлық түркі тілдері түгелімен Н.А.Баскаковтың топтау жүйесінде, бір жіпке тізіліп, бүтін бір тілдің, тарихи негізде дәлелденген, оған қоса әрқашан даму үдерісіндегі тілдер қатарында болғандығы кеңірек сөз етілген. Сондықтан болса керек Н.А.Баскаковтың түркі тілдері тарихын зерттеуі, оларды тарихи кезеңдерге бөліп және дамып, қалыптасу мәселелері жайлы атқарған істері, сондай-ақ бұл жөнінде сіңірген еңбектері тиісті деңгейде орынды бағаланып келетіні.

Отандық және шетелдік түркітанушылардың пікірі негізінде біз көп ретте, орта ғасырларда (XI-XVI ғғ.) түркі жазба нұсқаларын мынадай төрт топқа бөліп қарастырылатынын кездестіреміз: 1. Қараханидтер дәуіріндегі жазба ескерткіштер. 2. Волга бойы мен Орта Азия түркі тілдерінің жазба мұралары.

3. Көне қыпшақ тіліндегі жазбалар. 4. Шағатай тілінде жазылған жазбалар.

Тарихта белгілі болғандай қазіргі Қазақстанның Шығысы мен Орталық аудандарында VIII-XI ғасырларда қимақтар мен қыпшақтар мекен еткен. Бұл ғасырлар аралығында олар басқа түркі тайпаларына өз биліктерін жүргізе бастаған. Тіпті Сырдария жағалауындағы оғыздар жайлаған аудандарды да өздеріне қаратқан. Содан кейін қыпшақтардың негізгі бөлігі оғыздармен араласа жүріп Батысқа қарай жылжыған. Оғыздардың қалдырған аудандарына кіріп, иеленіп Солтүстік Батыс шекаралары мен жаңа жерлерін жаулап алған.

Өз заманында қыпшақтар сонау Еуропа мен Қырымға дейін, тіпті аспан асты елі Қытай шекарасына дейінгі аймақты өзіне қаратып қана қоймай, онда өркениет пен әдебиет, тіл, мәдениет, сондай-ақ саяси тұрғыда да үлес қоса білген алып мемлекет болғаны белгілі. Мұны тек қана тарихшылар ғана емес, тілшілер, әдебиетшілер, жалпы өркениет пен мәдениетті зерделеп жүрген барша зерттеуші ғалымдар өз жазбаларында дәйектеп келтірген. Сондықтан болса керек осыншама ұлан-ғайыр аумақты мекендеген қыпшақтардың атауы да кумандар, половецтер, мамлюктер, тіпті армян-қыпшақтары деп түрліше атқа ие болуы. Қалай дегенде де, бұл Ұлы қыпшақ даласы – Дешті қыпшақ атауы сонау Еуропаға дейін жайылып кетуі мемлекеттің саяси әрі ірі идеологиялық тұрғыда үстемдік жасағандығының сипаты.

Ал енді мұншалықты аймақта тұрақтаған халықтың тілдік ерекшелігінің де әр алуан болуы заңды болары сөзсіз. Себебі қыпшақтар осындай аумақта саяси әрі идеологиялық үстемдік жасап қана қойған жоқ. Олар салт-дәстүрді, дінді, тілді, мәдениетті дарыта білетін мәдени орталықтар қалыптастыруды да негізге алды. Онда түркілік таным, дүниелік көзқарас, тілдік сана, әдебиет пен қол өнер қарыштап дамыды. Мұндай даму жер аумағының артуымен бірге мәдени кеңістігінің дамуына да жол ашты деуге болады.

Міне осындай кезеңде көне қыпшақ тілінің қолдану аумағы да, қоғамдық қолданысы да, қажеттілігі де біршама артты. Жазба ескерткіштер саны да көбейе түсті. Әрине, көне қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерде сөз құрамы басқа түркі тілдеріндегідей жүзеге асты. Яғни түбірден және бір немесе бірнеше лексикалық, грамматикалық қосымшалардан құралды. Айталық, түбір мен туынды түбір сөздің негізі болып саналған. Мысалы; түбір сөздер: ет (ет), сүт

(сүт), бол (бол), оши (ас), ун (ұн), йағ (май), үкі (үкі), йун (жүн), уйа (ұя), тун (түн) т.б.

Жалпы, көне қыпшақ ескерткіштеріндегі сөздер өздерінің құрамына қарай дара және күрделі сөздер болып келеді. Мысалы: йар (жар), керван сара (керуен сарай), Темүрқазуқ (Темірқазық жұлдыз аты) т.б. Н.А. Кононов өзінің «Грамматика современного узбекского языка» деген еңбегінде көне қыпшақ тіліндегі сөздердің он сөз табына жіктелетіндігін атап көрсетеді. Олар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, жалғаулықтар, жұрнақ, одағай [2].

Барлық түркі тілдеріндегідей, көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілінде де қосымшалар арқылы сөз жасаудың жолдары қалыптасқан. Олар: есімдерден зат есім жасау; етістіктерден және басқа сөз таптарынан зат есімдер жасау.

Бұлардан басқа көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілінде әртүрлі есім сөздер категориясын, етістіктер және басқа да сөз таптарын жасау барысында қолданылатын сөз түрлендіруші қосымшалар барлығын да атау керек. Алғашқы категорияның қосымшалары, әдетте сөз тудырушы, ал екіншілері – сөз түрлендіруші қосымшалар. Бұл екеуі де грамматиканың бір саласы синтаксиспен өте тығыз байланыста қарастырылады.

Көне түркі тілдерде де, қазіргі түркі тілдеріндегі зат есімдер лексикалық, морфологиялық синтаксистік тәсілдер арқылы жасала беретінін көрсетеді. Мысалы, мына жұрнақтар сөз жасауға бейім деуге болады: *-чақ, -чық, -лық, -лік, -дық, -дам, -дем, -ув, -лук, -сук, -ған*. Балчық-болшық (лай), есенлік-есендік (амандық, саулық), чузув және йазмақ-жазу-сызу, ашлық-астық, бурундық-мұрындық (түйенің мұрындығы) т.б.

Қыпшақ тілінде жазылып күні бүгінге дейін жеткен есімдердің ішінде кісі аттары мен ел, жер, аспан әлеміне қатысты атаулар көптеп кездеседі. Мысалы, «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде әулиелер мен пайғамбарлар аттары жиі кездессе, ал половец құжаттарында кәдімгі кісі аттары көп. Сондай-ақ екеуінде де кездесетін есімдер бар. Алайда олар көп ретте дінмен байланысты. Мысалы: «Кодекс Куманикусте» жазбасында Аарон – ең жоғарғы дәрежелі священник болса, Адам – адам ата, Амбранус – әуленің аты, Дауд – Дәуіт пайғамбар, Елизавет, Емануел, Франас, Габриел (Жабрейіл), Грегор (әулие), хава (Хауа ана), herодес (король Херодес, князь Херодес) т.б.

Қыпшақ тілінде кездесетін кісі есімдері араб жазба авторларында көптеп кездесетінін

аңғаруға болады. Ал қыпшақ тіліне араб тілінен ауысқан сөздер, яғни кісі есімдері өте аз болғандығын ғалымдар да атап көрсетеді. Негізінен алғанда, қыпшақ тіліндегі кісі аттарына байланысты есімдер былайша келеді: лачын-лашын, тоған-сұңқар, қылыч-қылыш, алтун-алтын, күміш-күміс, Есен, Байбарс, Айбарыс, Бектемір, Ақтай, Темірхан, т.б.

Ал екінші, етістік түбірге жалғанатын есім тудыратын жұрнақтар көне қыпшақ тілінде буын үндестігіне бой ұсынғанымен дыбыс үндестігіне бағына бермейді. Қатаң дыбыстан гөрі ұяң дыбыстан басталатын жұрнақтар мол кездеседі. Кейбірі кейде бір, кейде бірнеше фонетикалық нұсқалары болатын түбір мен қосымшаның ара қатынасы айқындалады.

Есім жұрнақтары жасалған етістіктердің әуел бастағы лексикалық мағынасы қаншама көмескіленіп, өзіндік бояу-реңін жойса да, ол жаңадан жасалған сөздің тұлғасынан аңғарылып тұрады. Кейде жаңа сөздер мүлдем басқа мағынаға ауысып кетеді. Мысалы, *алтур-уш-отырыс* – *Бийнің олтурушы менім кісі-бидің отырысы менің отырысым сияқты; ур-уш-ұрыс, уруш удум-ұрыс* қылдым.

Мұндағы -ш қосымшасы жалғанған сөз қимыл процесінің атын білдіретін болса, кейде ол заттық ұғымға да ие болады. Яғни кейде -ш қосымшасы нақты зат атын да береді. Мысалы, *йеніш йедім-жеміс жедім*. Қимыл мен әрекеттің нәтижесін білдіретін жұрнақтар: *-a// -e* йар (ескі түбірі *йарлығ* «жараулы») – *йара-жара, кес-кесе*, (кесек).

Мұнда әр кезеңнің өзіндік тілдік қолданысын да аңғарамыз. Себебі осы келтірген мысалдарда сөз басындағы *й* мен *ж* дыбысының алмасуларын көреміз. Бұл қыпшақ тілдеріндегі фонетикалық өзгешеліктерді ұсынады. Қыпшақ тілдерінде сөз басында *ж* дыбысының орнына, көпшілік жағдайда *й* дыбысы қолданылады [3,210]. Мұндай пікірлерді өзге түркітанушы зерттеушілер де атап көрсетеді.

Жалпы, қимыл иелерінің ара қатынасын көрсететін -ш, -ыш, -іш, -ұш, -үш құрал саймандардың атын жасайтын -қу, -кү, -қы, -кі т.б. тәрізді өте сирек ұшырайтын -қу, -кү: көр – көркү-көрік; -қы, -кі: қаур (Қашқарида: каврул – «қуырыл») – қаурқы-қуырдақтың бір түрі, быч, буч-кес – бычқы-ара, сібұрт (түбірі сіпір – «сыпыр») – сібұрткі-сыпыртқы.

Кейде тіпті бір-ақ түбірдің бойынан кездесетін, етістіктерден есім жасайтын аталғандардан өзге де қосымшалар барлығы айтылады. Мысалы: а) қимыл мен әрекеттің нәтижесін

білдіретін жұрнақтар: *-ав, -ев* (ескі түрі ағу), *оз* (көне тегі озақты-озағу, озу; *-зақ, -қақ*, құрғақ (құрғақшылық); *-ғу, -гу* қорқ-қорғу (қорқыныш), чақ-шағу, шағын ету – чақғучы-шағым етуші. ә) зат атауын білдіретін жұрнақтар: *-ав, -ев*, – бур-бұр – бурав-бұрғы; *-ғыч, -гіч, -ғуч, -гүч, -күч*, ағын (жоғары көтеріл) ағынғыч, ағынғуч, (басқыш, саты), *ач* (еш) – ачкуч (ашқыш кілт). б) іс-әрекетті іске асырудың амалын көрсететін жұрнақтар *-ғы, -гі*, тіргіз (тірілт) – тіргізгінчі (тірілтуші), совүндір (сүйіндір), совүндіргі (сүйіндіруші).

Түркі тілдерінде, соның ішінде қыпшақ тілінде сөз тудыру, сөз жасау жолдары грамматикалық құрылым жүйесінде жүзеге асатынын айтуға болады. Атап айтқанда, көне жазба ескерткіштер тілінде олардың маңызы зор, өйткені ертеде жазылып қалған материалдардың ішінен жаңа сөз жасаудың басқа жолдарын (мысалы, қос сөз) айқындау түбір мен қосымшалардың саралап ажыратып беруден әлдеқайда өнімсіз екендігі көрініс табады. Дегенмен қыпшақ тіліндегі есімдер мен етістіктер мағынасы жағынан өзге түркі тілдері сияқты болып келеді. Тек қана кейбір өзгешеліктері болғаны болмаса.

Көне қыпшақ тілінің негізгі сөздік құрамы мен сөздік қоры ерте заманнан бастау алып, көптеген көне түркі тайпаларының сөздік құрамына сіңісіп үлгергендігін де атау керек. Жазба дәстүр негізінде қыпшақ тілі өзге тілдерге ықпалын тигізсе де сол кездегі түркі тілдері тобына жататын тілдермен фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік құрылымы тұрғысында өзара сабақтастықта болғандығы анық. Оның басты себебі қыпшақтардың сол кезеңдегі Еуропадан Қырым мен сонау Қытай шекарасына дейінгі аймақта мекен еткен қыпшақтардың тілдік қолданысы. Сол себепті көне қыпшақ тілінің сөз жасалуы, сөздік құрамы, фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік құрылымын танытатын көптеген ерекшеліктері мен аздаған фонетикалық өзгешеліктерге ұшыраған, бірақ негізгі тұлғасы мен лексикалық мағыналарын сақтап үлгергендігін жазба ескерткіштер тілі дәйектейтінін ерекше атаған орынды.

Б.Сағындықұлы түркі тілдерінің лексикалық дамуының фонологиялық заңдылықтары жайлы сөз еткен еңбегінде алғашқы түбір сөздердің үш түрлі бағытта дамығандығын атап өтеді. Онда негізінен фонетикалық, семантикалық және грамматикалық тұрғыдағы қатынастарды келтіреді. Соның нәтижесінде олардың нұсқа-



лары бір-бірінен ажыратылатындай түсініледі деп айтады. Алайда түпкі түбірдің ішкі қалыбын сақтап, мағыналық өзгерістерге ұшырағандықтарын да атайды [4,250].

Бұл бір сөзбен айтқанда, қазіргі қазақ тілінің түп-тамыры өзге түркі тілдері сияқты көне дәуірлерге барып тірелетінін алға тартады. Ал сөз еткен көне қыпшақ тілі болса сол көне тамырлардың бір тармағы екенінің дәлелі болмақ.

Сөзімізді түйіндей келгенде, көне қыпшақ тіліндегі кейбір есім сөздер бірнеше ғалымдар тарапынан арнайы зерттеуге алынып, сөздіктер жасалынғанын атап өту керек. Олардың тұлғалық

жағынан негізгі түбірлердің біршама көп кездесетіні, туынды түбірлердің оған қарағанда аздау екендігі аталады. Бірақ грамматикалық әрқилы қосымшалармен тұлғаланып келмейтін сөздердің де сирек екенін айтқымыз келеді.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек жиі қолданылатын есім сөздерге жазба ескерткіштерде кездесетін лексемалар тобы орын алатынын көреміз. Олар қазіргі тілдерде айтылып, қолданылып жүрген сөздер жиынтығын құрайды. Ал сирек қолданылатын есім сөздер тобына көне түркі тілдерінде қолданылғанымен қазіргі түркі тілдерінде қолданылмайтын лексемаларды жатқызуға болады.

#### Әдебиеттер

- 1 Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1962. – 188 б.
- 2 Кононов Н.А. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М.- Л., 1980. – 147 б.
- 3 Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 360 б.
- 4 Сағындыкулы Б. Фонология закономерности развития лексики тюркских языков. – Алматы: «Арыс», 2009. – 308 с.

#### References

- 1 Baskakov N.A. Vvedenie v izuchenie tjurkskih jazykov. – M., 1962. – 188 b.
- 2 Kononov N.A. Grammatika sovremennogo uzbekskogo literaturnogo jazyka. – M.- L., 1980. – 147 b.
- 3 Qajdar Ä., Orazov M. Tjrkitanufa kirispe. – Almaty: «Arys» baspasy, 2004. – 360 b.
- 4 Sagyndykuly B. Fonologija zakonomernosti razvitija leksiki tjurksih jazykov. – Almaty: «Arys», 2009. – 308 s.



---

## СОДЕРЖАНИЕ – МАЗМҰНЫ

### 1-бөлім      Раздел 1 Әдебиеттану      Литературоведение

|                                                                                                                  |    |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>Әбдиманұлы Ө.</i><br>Ата жұрт – «Мәңгілік Ел» идеясының берік тұғыры .....                                    | 4  |
| <i>Ислам Д.А., Ержанова С.Б.</i><br>Қазақ лирикасындағы түрік бірлігінің бейнеленуі .....                        | 14 |
| <i>Мейрамғалиева Р.М.</i><br>Мотив преступления и наказания в творчестве Ивана Бунина .....                      | 22 |
| <i>Sarsekeeva N.K., Iskakova A.T.</i><br>Specifics of romanticism of W. Irving's prose of «Spanish period» ..... | 28 |
| <i>Шортанбаев Ш.А.</i><br>Махамбет өлеңдеріндегі ел арманының көрінісі .....                                     | 32 |

### 2-бөлім      Раздел 2 Тіл білімі      Языкознание

|                                                                                                                                        |    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>Ақымбек С.Ш., Ебелекбаева Ә.Қ., Ахмет А.Н.</i><br>Искер әйелдің тілдік портретін жасауда интонацияның прагматикалық функциясы ..... | 40 |
| <i>Yessimzhanova M.</i><br>The «Hospitality» Concept in Phraseology .....                                                              | 48 |
| <i>Нуршаихова Ж.А.</i><br>Технология создания экспертизы дискурса сайта .....                                                          | 54 |
| <i>Нутпаева Т.Ж., Туманова А.Б.</i><br>Понятие персуазивности в современной лингвистике .....                                          | 60 |
| <i>Салимова С.Р.</i><br>Жан Дени о фонетике турецкого языка .....                                                                      | 66 |
| <i>Салқынбай А.Б., Сайбекова Н.У.</i><br>Жазу – әлемдік өркениет бесігі .....                                                          | 72 |

### 3-бөлім      Раздел 3 Тіл мен әдебиетті      Методика преподавания оқытудың әдістемесі      языка и литературы

|                                                                                                           |    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>Әбдиманұлы Ө.</i><br>Әдебиет оқулықтарын қалыптастырудағы М. Әуезов тағылымы .....                     | 78 |
| <i>Алтынбекова О.Б., Зуева Н.Ю.</i><br>Текст-рассуждение и его виды .....                                 | 82 |
| <i>Бердалиева Р.Ш.</i><br>Обучение иностранцев русскому языку: роль невербальных средств общения .....    | 88 |
| <i>Нурмуханбетова А.А., Исабаева Б.К.</i><br>Текст как мотивационный фактор систематического чтения ..... | 94 |

### 4-бөлім      Раздел 4 Мәдениет      Культура

|                                                                                                          |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Dossybayeva G.K.</i><br>The entrance of Kazakhstan into the world educational field as an equal ..... | 100 |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

---

*Мұқан А.О.*

Бүгінгі қазақ драматургиясы: бағыт-бағдары мен ізденістері ..... 106

**6-бөлім      Раздел 6**  
**Жас ғалымдар      Молодые авторы**

*Борибаева Г.А.*

Қарапайым метатілдік сана: эксперименттік талдау ..... 112

*Егеубаева К.*

Көне қыпшақ тіліндегі есім сөздердің категориялары ..... 118

---

## CONTENTS

### Section 1 Literary Criticism

|                                                                                                                 |    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>Abdimanuly O.</i><br>Homeland – firm pedestal of the idea of «Mangilik El».....                              | 4  |
| <i>Islam D.A., Erzhanova S.B.</i><br>Kazak Siirinde Turk Birlidi.....                                           | 14 |
| <i>Meiramgaliyeva R.M.</i><br>The motif of crime and punishment in the works of Ivan Bunin.....                 | 22 |
| <i>Sarsekeeva N.K., Iskakova A.T.</i><br>Specifics of romanticism of W. Irving's prose of «Spanish period»..... | 28 |
| <i>Shortanbayev Sh.A.</i><br>Dreams of the nation in the Makhambet poems .....                                  | 32 |

### Section 2 Linguistics

|                                                                                                                                                    |    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>Akymbek S.Sh., Yebelekbayeva A.K., Akhmet A.N.</i><br>Pragmatic function of intonation in creating the speech portrait of a business lady ..... | 40 |
| <i>Yessimzhanova M.</i><br>The «Hospitality» Concept in Phraseology .....                                                                          | 48 |
| <i>Nurshaikhova Zh.A.</i><br>Technology expertise of creating a site of discourse .....                                                            | 54 |
| <i>Nutpayeva T.G., Tumanova A.B.</i><br>The concept of persuasiveness in modern linguistics.....                                                   | 60 |
| <i>Salimova S.R.</i><br>Jan Deny about phonetics of the turkish language.....                                                                      | 66 |
| <i>Salkynbay A.B., Saibekova N.U.</i><br>Writing – the cradle of world civilization.....                                                           | 72 |

### Section 3 Methods of teaching language and literature

|                                                                                                                   |    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>Abdimanuly O.</i><br>The Influence of M. A Auezov's doctrines on the formation of textbooks on literature..... | 78 |
| <i>Altynbekova O.B., Zuyeva N.Yu.</i><br>Reasoning text and its types.....                                        | 82 |
| <i>Berdaliyeva R.Sh.</i><br>Teaching Russian to foreigners: the role of non-verbal means of communication.....    | 88 |
| <i>Nurmukhanbetova A.A., Issabayeva B.K.</i><br>Text as a factor of motivation .....                              | 94 |

### Section 5 Culture

|                                                                                                         |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Dossybayeva G.K.</i><br>The entrance of Kazakhstan into the world educational field as an equal..... | 100 |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

---

|                                                                   |     |
|-------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Mukan A.O.</i><br>Modern kazakh drama: ways and searches ..... | 106 |
|-------------------------------------------------------------------|-----|

## Section 6 Young Authors

|                                                                                                 |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Boribayeva G.B.</i><br>Ordinary metalinguistic consciousness: an experimental analysis ..... | 112 |
| <i>Egeubayeva K.</i><br>Categories of name words in Old Kipchak Language .....                  | 118 |